ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ МУЗЕЙІ

МУЗЕЙ ӘЛЕМІ

ғылыми-танымдық журналы



3-2026



Қазақстандағы музей ісі мен осы сала мамандарына арналған «Музей әлемі» журналы оқырман қауымға ұсынылып отыр. Еліміздегі барша музей мамандарына аталған басылым арқылы өз еңбектерін жариялауға мүмкіндік қарастырылған. Осылайша, біз, еліміздің ең ірі музейлерінен бастап, шалғай аудан-ауылдардағы әріптестерімізбен тығыз байланыс орнатуды көздеп отырмыз. Қазақстанның бай тарихи мәдениетін насихаттау арқылы ұлт мәдениетіне қызмет етуді мақсат тұтқан «Музей әлемі» журналы сіздердің таным көкжиегін кеңейтер қызықты мақалаларыңызды жарыққа шығаруға дайын.

Қазақстан Республикасы
ҰЛТТЫҚ МУЗЕЙІ

Бас редактор:
Эльмира Абдукамалова

Жауапты редактор:
Тазагүл Қабыкенқызы

Редакторлар:
Сәуле Оразбай
Аягоз Султанова
Бахытгуль Бейсенбина

Суретші-дизайнер:
Аида Смайлова

Фототілші:
Қанат Мусин

Мұқабада:
«Таңбалы: бабалар коды» көрмесі.
«Тау ешкілер». Қола дәуірі. Кенеп.
Фотобаспа. 2025 ж. ҚР Ұлттық музейі

МУЗЕЙ ӘЛЕМІ №3-2026
ISSN: 3106-4485

Редакцияның мекенжайы:
010000, Астана қаласы
Тәуелсіздік даңғылы, 54,
Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі
6-блок, 6-қабат, 618-бөлме
Байланыс телефондары:
+7(7172) 91 90 35, 335, 663, 664, 641 (ішкі)
e-mail: Qazyna.journal@gmail.com

Журнал жылына 4 рет шығады
Пішімі 205х275 мм. Офсеттік басылым 4+4
Журналға жарияланған авторлық материалдар редакция көзқарасын білдірмейді.

«Астана қаласының жас мүгедектері»
Баспахана мекен-жайы:
Астана қ., Е 489, 6
Тел.: 8 701 251 90 17

МАЗМҰНЫ

Музей тынысы.....4

Музей ісі

Қ. Бейсенбай. Экскурсияны ұйымдастырудың ерекшеліктері және музейлерде қызмет көрсету.....13
М. Рахтаева. Шоқан Уәлиханов мұрасын сақтау мен насихаттаудағы музейдің рөлі.....16
Д. Тауасарова, А. Жарылқасын. «Заман рухы: 1980–1990 жылдардағы интерьер» көрмесі – бұғылы гобелен – ностальгия текстурасы.....18
Yang Hanlin, Li Qian, S. Saibulatova, M. Yensebayev. From multilingual interpretation to multimodal co-creation: how accessibility reconfigures China–Kazakhstan Museum Education.....21

Мәдени мұра

Ж. Аксакалова. Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі қорындағы Исатай Исабаев шығармаларының ұлттық болмыс тұрғысынан көркем көрінісі.....31
И. Джалишева. Тарих пен технологияның тоғысында: музейдің мәдени мұраны сақтау және насихаттаудағы рөлі.....36
Г. Оспанова, Ш. Дидар. Пластическое и смысловое выражение танца в изобразительном искусстве (на основе работ из коллекции Национального музея РК).....41

Тұлға тағылымы

М. Сулеймен. Тары атасы атанған тұлға (Шығанақ Берсиев феномені: ғылым және тәжірибе).....46
Э. Баскараева. «Қайсар рух: искусство, которое сохраняет память (К 35-летию закрытия Семипалатинского ядерного полигона)».....51

Тарих жаңғырығы

С. Хасенов. Көмескі тартқан қару-жарақ атаулары (қазақтың дәстүрлі қару-жарағы негізінде).....56
А. Бердібай. Қазалы өңірінің тарихи-мәдени ескерткіштері.....61
Л. Абдрахманова. «Алжир» лагерінде болған беларусь әйелдері: тергеу материалдары мен архив деректері негізінде.....64

Құнды жәдігер

Д. Тауасарова. Кісе белдік пен шатлен – екі өркениетті тоғыстырған мәдени үндестік.....70

Дәстүр үні

Д. Керімбекова. Қалжа–анаға құрмет, ұрпаққа береке.....72
Л. Диханбаева. Сазды сырлы әлем: QR-код арқылы байланыс.....74

Ұлттық музей Әзірбайжанда өткен Түркі әлемі апталығына қатысты

2026 жылғы 29 маусымда Әзірбайжан Республикасының Баку қаласында Бірінші Түркология құрылтайының 100 жылдығына арналған Түркі әлемі апталығының салтанатты ашылу рәсімі өтті. Аталған халықаралық іс-шараға Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің директоры, тарихшы Берік Әбдіғалиұлы қатысты. Осыдан бір ғасыр бұрын өткен Бірінші Түркология құрылтайы түркітану ғылымының дамуына зор серпін берген тарихи белес болса, бүгінгі мерейтойлық басқосу сол тағылымды дәстүрдің заңды жалғасы ретінде ұйымдастырылды. Түркі халықтарының ортақ тарихын, мәдениеті мен рухани құндылықтарын сақтау және дәріптеуге бағытталған мұндай бастамалар бауырлас елдердің өзара байланысын одан әрі нығайтып, ғылым мен мәдениет саласындағы жаңа халықаралық жобалардың жүзеге асуына мүмкіндік береді.



Салтанатты ашылу рәсімінде Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысушыларға арнаған құттықтау хаты оқылды. Мемлекет басшысы өз құттықтауында түркі халықтарының ортақ тарихи-мәдени мұрасын сақтау, түркітану ғылымын дамыту және бауырлас елдердің рухани байланысын нығайтудың маңыздылығына ерекше тоқталды.

Президенттің атап өтуінше, Түркі әлемі апталығы – түркі халықтарының ғылыми, мәдени әрі гуманитарлық ынтымақтастығын кеңейтуге ықпал ететін маңызды халықаралық алаң. Мұндай кездесулер ортақ тарихи мұраны кеңінен насихаттап, жаңа бірлескен жобаларды жүзеге асыруға жол ашады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Түркі әлемі апталығының жұмысына табыс тілеп, іс-шараны ұйымдастырушыларға ризашылығын білдірді.

«Ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі Қазақстан тарихы» жеті томдығының жұмысы қорытындыланды

Ұлттық музейде «Ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі Қазақстан тарихы» атты жаңа академиялық жеті томдық басылымның Жалпы редакциялық алқасының қорытынды отырысы өтті. Заманауи ғылыми тәсілдер мен талаптарға сай келетін көптомдық академиялық «Қазақстан тарихын» әзірлеу бастамасы Мемлекет басшысының «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласы жарияланғаннан кейін көтерілген болатын. Бұл ауқымды жоба Қазақстан халқын ортақ тарихи тағдырмен біріктіретін Ұлы даланың мыңжылдық тарихын жан-жақты көрсетуге бағытталған.

ҚР Президенті Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары Ерлан Кариннің төрағалығымен өткен отырыста редакциялық алқа құрамындағы жетекші ғалымдардың қатысуымен жетінші томды пысықтау жұмыстарының қорытындылары қаралды. Атқарылған жұмыс нәтижелері жалпы редакциялық алқа тарапынан жоғары бағаланып, академиялық басылымның «Тәуелсіз Қазақстан» атты жетінші томын баспаға ұсыну туралы шешім қабылданды.



Отырыс қорытындысы бойынша Ерлан Карин «Ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі Қазақстан тарихы» атты академиялық жеті томдық басылымды әзірлеу жұмыстарының нәтижесін қорытындылап, редакциялық алқа мүшелеріне Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының даналарын салтанатты түрде табыстады.

Осыдан 100 жыл бұрынғы бас киімдер Алматыдағы Ұлттық музейдің көрмесіне қойылды

ҚР Ұлттық орталық музейінде қазақ халқының материалдық және рухани мұрасын кеңінен насихаттауға арналған «Дәуірлер үні: Қазақтың бас киімдері» атты көрме ұйымдастырылды.

Көрме мақсаты – қазақтың дәстүрлі бас киімдерінің тарихи, мәдени және этнографиялық ерекшеліктерін таныстыру, олардың ұлттық болмыс пен дүниетанымдағы орнын айқындау, сондай-ақ жас ұрпақтың тарихи-мәдени мұраға деген қызығушылығын арттыру.

Көрмені ҚР Ұлттық орталық музейінің Бас ғылыми қызметкері Ғалия Теміртон ашты. Сонымен қатар, іс-шараның ашылу салтанатында Қазақстан Республикасы Ұлттық орталық музейінің Антропология және этнология бөлімінің бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы Рүстембек Нұсқабекұлы Шойбеков сөз сөйлеп, қазақтың ұлттық бас киімдерінің шығу тарихы, семантикалық мәні, әлеуметтік қызметі мен этнографиялық ерекшеліктері жөнінде мазмұнды баяндама жасады.



Көрменің құрметті қонағы, қазақтың бай мәдениеті мен дәстүрін отандық және халықаралық деңгейде дәріптеп жүрген белгілі қолөнер шебері, Қазақстан қолөнершілер одағының мүшесі, ЮНЕСКО-ның сапа белгісінің иегері, «Шеберлер одағының» «Жалын» медалінің иегері, «Ең үздік ұлттық киім дизайнері – 2025» ұлттық сыйлығының лауреаты Тілек Сұлтан ұлттық киім мен бас киім жасаудағы дәстүр сабақтастығы, қолөнердің бүгінгі дамуы және оның мәдени мұраны сақтаудағы маңызы туралы ой-пікірлерімен бөлісті.

Сонымен қатар Қазақстандық этно-дизайнерлер одағының президенті, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты, Дүниежүзілік қолөнершілер кеңесінің Ұлттық ұйым жетекшісі Салтанат Аминқызы Жапарова ұлттық этнодизайнның заманауи бағыттары, қазақтың дәстүрлі бас киімдерін жаңғырту және оларды қазіргі сән индустриясында пайдалану мәселелері жөнінде баяндама жасады.

Көрме экспозициясында қазақтың салтанатты, тұрмыстық және ғұрыптық бас киімдерінің бірегей музейлік үлгілері көпшілік назарына ұсынылды. Олардың қатарында XIX ғасырдың басына жататын, сұлтан Баймұхамед Айшуақовқа тиесілі аса құнды мұрақ ерекше орын алды. Қызғылт күлгін және жасыл барқытпен тысталған, төрт сайдан құралған бұл конус пішінді, биік шошақ төбелі бас киім зертаспамен көмкеріліп, зер жіппен көгеріс өрнегі кестеленген. Мұрақ қазақ қоғамындағы әлеуметтік мәртебені білдіретін әрі салтанатты рәсімдерде киілген ерекше бас киімдердің бірі болып саналады.

Батыс Қазақстан өңіріне тиесілі XIX–XX ғасырлар тоғысындағы сәукеле де көрермен назарына ұсынылды. Қызыл барқытпен тысталған бұл сәукеле ақық, маржан, оқа, үкі және құндыз терісімен әсем безендірілген. Экспонат 1924 жылы сол кездегі Орал губерниясы Ілек уезі Қарашығанақ аймағынан музей қорына қабылданған.

Сондай-ақ көрмеге XX ғасырдың ортасына тән шошақ төбелі далбай тымақ қойылды. Сұр шибарқытпен тысталған, қой терісімен көмкерілген бұл бас киім ұл балаларға арналған қысқы тымақтың өңірлік ерекшелігін танытады. Экспонат 1987 жылы ҚР Ұлттық орталық музейінің этнографиялық экспедициясы барысында Түркіменстанның Красноводск облысы Қошоба ауылынан қор

жинағына қабылданған.

Экспозицияда қыз-келіншектердің сәндік әрі тұрмыстық бұйымдарының бірі – шашқап та ерекше қызығушылық тудырды. Шашқап бұрымды күн көзінен, шаң-тозаңнан қорғауға арналған және шаштың ұзындығы мен жуандығына қарай арнайы тігілген.

Сонымен қатар көрмеде қазақтың дәстүрлі бас киімдерінің басқа да түрлері – қасаба, бөрік, тақия, тымақ, қалпақ, күләпара, кимешек, дулыға және өзге экспонаттар қойылды. Жалпы экспозицияда қазақтың ұлттық бас киімдерінің 30-ға жуық түрі таныстырылып, олардың жасалу технологиясы, көркемдік ерекшелігі, қолданылу аясы мен әлеуметтік мәні жан-жақты түсіндірілді.

Көрме барысында келушілер ұлттық бас киімдердің әрқайсысының өзіндік тарихымен, сәндік-көркемдік ерекшеліктерімен және халқымыздың дүниетанымы мен өмір салтындағы маңызымен танысты.

«Дәуірлер үні: Қазақтың бас киімдері» көрмесі ұлттық мәдени мұраны дәріптеуге, халқымыздың тарихи-этнографиялық құндылықтарын кеңінен насихаттауға және ұлттық құндылықтарды келер ұрпаққа жеткізуге бағытталған.

«Керемет жібек: Қытайдың заманауи жібек өнері» көрмесі

Ұлттық музейде Қытай Жібек музейі, Хучжоу музейі және Тұрпан музейімен бірлесіп ұйымдастырылған «Керемет жібек: Қытайдың заманауи жібек өнері» атты халықаралық көшпелі көрменің салтанатты ашылу рәсімі өтті. Көрме Қытайдың бай жібек мәдени мұрасын, дәстүрлі қолөнердің көркемдік ерекшеліктерін әрі заманауи жібек өнерінің даму бағыттарын таныстырады. Экспозицияға сәндік-қолданбалы өнер шеберлерінің, суретшілер мен сән дизайнерлерінің 100-ге жуық туындысы қойылды. Келушілер дәстүрлі жібек тоқу, кестелеу, бояу әрі көркем баспа жасау өнерінің үздік үлгілерімен қатар, көне қолөнердің заманауи шығармашылық интерпретацияларымен де танысты.



Салтанатты рәсімге Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат вице-министрі Айбек Сыдықов қатысып, ҚР Премьер-министрініңорынбасары–Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның құттықтау хатын оқып берді. Құттықтау хатта мәдениеттің халықтарды жақындастырып, өзара түсіністік пен сенімді нығайтатын, халықаралық ынтымақтастықтың жаңа мүмкіндіктерін ашатын маңызды күш екені атап өтілді.

Меморандум музей ісі саласындағы ұзақмерзімді серіктестікті дамытуға, бірлескен көрме мен ғылыми-зерттеу жобаларын жүзеге асыруға, музей мамандарының тәжірибе алмасуына, бұған қоса мәдени мұраны сақтау, зерттеу және дәріптеу бағытындағы ынтымақтастықты кеңейтуге бағытталды.

Сондай-ақ, іс-шара аясында Қытайдың жібек өнері әрі дәстүрлі қолөнеріне арналған шеберлік сабақтары ұйымдастырылып, дәстүрлі ән мен би орындаушыларының мерекелік бағдарламасы жиылған қауым назарына ұсынылды.

Қазақстан мен Қытай археологтары бірлескен экспедицияға шықты

2026 жылғы 14 шілде – 16 тамыз аралығында ҚР Ұлттық музейі және ҚХР Ұлттық музейі бірлесіп археологиялық экспедиция ұйымдастырды.

2026 жылғы 13 шілде күні Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі мен Қытай Халық Республикасының Ұлттық музейі басшылығы мен мамандары кездесіп, алдағы бірлескен археологиялық экспедиция жұмысын талқылады. Бұл экспедиция бұған дейін қос музей қол қойған өзара түсіністік туралы меморандум аясында өтуде.



Аталған халықаралық экспедицияның мақсаты – Қазақстан аумағындағы қола дәуірінің ескерткіштерін бірлесіп зерттеу әрі ғылыми басылымдар жариялау. Экспедиция барысында ҚР Ұлттық музейі Мәдени мұраны ғылыми зерттеу институтының және ҚХР Ұлттық музейі Археология институтының археологтары Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Имантау ауылының маңындағы қола дәуірінің қонысында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізеді. Зерттеулер нәтижесінде өңірдің ежелгі тұрғындарының тұрмысы, шаруашылығы әрі мәдениетіне қатысты тың деректер және құнды артефактілер анықталып, ғылыми айналымға енгізіледі деп күтілуде.

БАҚ қызметкерлері күніне орай журналистерге баспасөз туры ұйымдастырылды

Ұлттық музейде Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күніне орай арнайы баспасөз туры ұйымдастырылды. Оның аясында журналистер алғаш рет музейдің қор сақтау бөлімі, реставрация және кескіндеме, графика, қағаз бұйымдарын қалпына келтіру шеберханаларының жұмысымен танысты. Іс-шараға «Хабар» агенттігі, 24KZ, «Еуразия» бірінші арнасы, «Qazaqstan» ұлттық телеарнасы, «Егемен Қазақстан» газеті мен өзге де жетекші БАҚ өкілдері қатысты. Бұл күн журналистер үшін ерекше әсерге толы болды. Өйткені олар бұған дейін тек телеэкраннан көріп жүрген музейдің көрмелерімен ғана емес, тарихи мұраны сақтап, қалпына келтіру жолында еңбек етіп жүрген мамандардың күнделікті жұмысымен де жақын танысты.



Іс-шара соңында БАҚ өкілдеріне Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі директорының атынан алғыс хаттар және естелік сыйлықтар табысталып, ақ дастархан жайылды. Журналистер музейдің тыныс-тіршілігімен жақын танысып, тарихи-мәдени мұраны сақтау жолындағы ауқымды жұмыстарға куә болды.

Аталған баспасөз турының негізгі мақсаты – Ұлттық музейдің қызметін кеңінен насихаттау, тарихи-мәдени мұраны дәріптеу мен бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара ынтымақтастықты нығайту.

Бұл бастама мәдени байланыстарды одан әрі нығайтып, бірлескен ақпараттық жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

«Анар бағы» көрмесі

Әбілхан Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық өнер музейі қабырғасында 2026 жылғы 7–17 шілде аралығында суретші Александр Дильбазидің «Анар бағы» атты жеке көрмесі өтті. Бұл – автордың дүниетанымы мен философиялық көзқарасын кескіндеме тілі арқылы танытатын ауқымды халықаралық жоба.



«Анар бағы» – жай ғана көрме емес, жылдар бойы өзгеріп, толығып, жаңа сипатқа ие болып келе жатқан, елдер мен мәдениеттерді, сондай-ақ көрермендерді өзара тоғыстыратын нағыз көркемдік жүйе. Жобаның тарихы 2015 жылы The Ritz-Carlton Moscow қонақүйінде өткен «Анар қашан гүлдейді?» атты топтамадан бастау алды. Сол кезде он бес картинадан тұратын топтама алғаш рет біртұтас көркемдік тұжырым ретінде көпшілік назарына ұсынылды. Өткен он жыл ішінде жоба талай рет түрлі кеңістіктерде таныстырылып, картиналар әлемнің түкпір-түкпірін аралады. Экспозиция үнемі жаңа туындылармен, тың бояулармен, жаңа сюжеттермен және терең философиялық ой-толғамдармен толықтырылып отырды. Әрбір жаңа көрме өзінің негізгі идеялық өзегін сақтай отырып, көрерменмен сұхбат құрудың өзгеше формасына ие болды. Уақыт өте келе жоба дәстүрлі көрме шеңберінен шығып, кескіндеме, кеңістік пен көрермен біртұтас көркем әрекетке айналатын «көрме-қойылым» сипатына ие болды. Осылайша анар ағаштарының бейнесі біртіндеп «Анар бағына» айналды.

2026 жылдың шілде айында Алматы қаласы осы халықаралық көркемдік бағыттың маңызды мәдени орталықтарының біріне айналды. Көрмені ұйымдастырушылар барша өнерсүйер қауымды «Анар бағы» көрмесіне келіп, кескіндеме естелікке, ал естелік уақытпен үндескен жаңды сұхбатқа айналатын ерекше көркем кеңістіктің бір бөлшегі болуға шақырды.

«Жас экскурсовод» үйірмесінің оқушылары археологиялық қазба жұмыстарымен танысты

«Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығы мен Ұлытау аудандық жастар ресурстық орталығының бірлесіп ұйымдастыруымен «Жас экскурсовод» үйірмесінің оқушылары Ұлытау ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай шамамен 2 шақырым жерде орналасқан Бесоба мұртты қорғанында жүргізіліп жатқан археологиялық қазба жұмыстарымен танысты.



Экскурсия барысында археолог, PhD докторы Сырым Есен оқушыларға қазба жұмыстарының мақсаты мен барысы туралы жан-жақты мәлімет беріп, Бесоба мұртты қорғанының тарихи-археологиялық маңызына кеңінен тоқталды. Сонымен қатар жас қатысушылар археологиялық зерттеу әдістерімен танысып, мамандардың тәжірибесін өз көздерімен көрді.

Аталған археологиялық қазба жұмыстары 2026 жылдың маусым айында басталып, оған 30-ға жуық маман жұмылдырылған. Қазіргі таңда зерттеу жұмыстары аяқталуға жақын.

Болашақта Бесоба мұртты қорғанын тарихи-туристік нысан ретінде дамыту жоспарланып отыр. Бұл нысан Ұлытауға келетін туристер үшін өңірдің бай тарихи-мәдени мұрасын танытатын маңызды орындардың біріне айналады деп күтілуде.

«Қысқа ғұмыр» атты тақырыпта танымдық экскурсия ұйымдастырылды

Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейінде 2026 жылғы 31 мамыр күні – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай «Қысқа ғұмыр» атты тағылымы мол танымдық экскурсия ұйымдастырылды.



Іс-шараға М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің «Тарих және қоғамтану» білім беру бағдарламасының 2-курс білімгерлері қатысты.

Экскурсияның мақсаты – XX ғасырдағы саяси қуғын-сүргін мен ашаршылық жылдарының тарихи зардаптарын жас ұрпақ санасына сіңіру, жазықсыз құрбан болған азаматтардың өмірі мен тағдырын таныстыру, сондай-ақ, тарихи жадыны жаңғыртып, отансүйгіштік құндылықтарды дәріптеу.

Экскурсия барысында музей қызметкерлері білімгерлерге сол кезеңге қатысты архивтік құжаттар, фотосуреттер, құнды жәдігерлер мен тарихи деректер туралы жан-жақты мәлімет берді. Сонымен қатар, Алаш зиялыларының өмір жолы мен қоғамдық қызметі, қуғын-сүргінге ұшыраған қайраткерлердің тағдыры жөнінде тағылымды әңгімелер айтылып, арнайы тақырыптық экспозиция таныстырылды. Білімгерлер тарихи деректермен танысып қана қоймай, өткеннен тағылым алып, тәуелсіздік пен бейбіт өмірдің қадірін терең түсінуге мүмкіндік алды. Іс-шара соңында қатысушылар музей ұжымына алғыстарын білдіріп, алған әсерлерімен бөлісті.

Тарихтың үні – домбыра

Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі Ұлттық домбыра күніне орай Президент саябағында өткен «Домбыра – халық мұрасы» мәдени-көпшілік іс-шарасы аясында «Тарихтың үні – домбыра» атты көрмені көпшілік назарына ұсынды. Көрмеде ел тарихы мен руханиятында өзіндік орны бар тұлғалардың жеке домбыралары, сондай-ақ ұлттық музыка өнеріне қатысты құнды музей жәдігерлері қойылды. Келушілер халқымыздың күйшілік дәстүрі мен домбыра өнерінің тарихынан сыр шертетін бірегей экспонаттармен танысты.



Көрменің басты мақсаты – ұлттық мұраны дәріптеу, тарихи тұлғалардың өнерге қосқан үлесін насихаттау және жас ұрпақтың ұлттық құндылықтарға деген құрметін арттыру. Көрме қала тұрғындары мен қонақтарының ерекше қызығушылығын тудырды.

Сарайшық керуені

«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы 30 шілде күні Махамбет ауданында өткен «Тұғыры алтын ауылым!» мәдени-өнер фестивалі аясында көпшілік назарына «Сарайшық керуені» атты көшпелі көрмесін ұсынды.



Көрме барысында келушілер ортағасырлық Сарайшық қаласының бай тарихи-мәдени мұрасымен танысып, археологиялық олжалар туралы танымдық материалдарды тамашалады.

Көшпелі көрме тарихи мұраны насихаттап, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталды.

«Самаурын saz – тарих пен дәстүр үндестігі»



Шығыс Қазақстан тарихи-өлкетану музейінде өткен «Самаурын saz» этно-көрмелік іс-шарасында музей қорында сақталған бірегей самаурындар топтамасы көпшілік назарына ұсынылды.

Көрмеге әр кезеңде қолданыста болған, пішіні мен жасалу ерекшелігі әртүрлі самаурындар қойылып, олардың тарихы, тұрмыстағы орны мен мәдени маңызы туралы кеңінен айтылды. Самаурын – халқымыздың дастарқан мәдениеті мен қонақжайлық дәстүрінің ажырамас белгісі ғана емес, өткен дәуірдің тыныс-тіршілігінен сыр шертетін құнды мұра.

Іс-шара барысында келушілер музей қорындағы сирек жәдігерлермен танысып, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін тағылымды мәліметтерге қанықты.

Тарихты тану – өткенді құрметтеу, ал ұлттық мұраны сақтау – болашаққа қалдырар ең қымбат аманат.

«Абай дара қазақта» әдеби-танымдық кеші өтті

2026 жылғы 10 тамызда «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығында ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен қазақтың ұлы ақыны, кемеңгер ойшыл Абай Құнанбайұлының туған күніне орай, «Абай дара қазақта» атты әдеби-танымдық кеш өтті.



Көрмеге ақынның таңдаулы шығармалары, қара сөздері мен Абай әлемін тереңірек танытатын әдебиеттер қойылды.

Тағылымды жиынға зиялы қауым өкілдері, мәдениет және білім саласының қызметкерлері, кітапханашылар, музей мамандары, дарынды оқушылар мен БАҚ өкілдері қатысты. Кеш шымылдығын «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығының директоры Ерлан Дәкенов ашып, Абайдың қазақ руханиятындағы орны мен ұлт болашағы үшін маңызына тоқталды. Сондай-ақ Түркістан қаласы әкімдігінің «Мәдениет, тілдерді дамыту, дене

шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы Қадырболат Мұсағалиев сөз сөйлеп, тағылымды шараның маңыздылығын атап өтіп, музей-қорық ұжымына алғысын білдірді.

«Отырар алқабының қалалық мәдениеті» көрмесі ашылды

2026 жылғы 15 тамызда «Отырар» мемлекеттік археологиялық музей-қорығының Сапар орталығында «Отырар алқабының қалалық мәдениеті» көрмесінің ашылу салтанаты өтті.



Көрменің мақсаты – Отырар өңірінің археологиялық мұрасын насихаттап, ортағасырлық қала мәдениетінің ерекшеліктерін таныстыру.

Экспозициядан археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған ортағасырлық құмыралар, кеселер, саптыаяқтар, майшамдар және Отырар теңгелерін көруге болады. Жәдігерлер арқылы ортағасырлық Отырар тұрғындарының тұрмыс-тіршілігі, қолөнері мен сауда мәдениеті таныстырылады.

Іс-шара барысында келушілерге арнайы экскурсия ұйымдастырылып, жәдігерлердің тарихы мен ерекшеліктері таныстырылды.

Көрме – тарихи-археологиялық мұраны дәріптеуге, ұлттық құндылықтарды насихаттауға және жас ұрпақтың тарихқа қызығушылығын арттыруға бағытталған маңызды мәдени-ағартушылық бастама.

Шымкенттің теңгелерін енді нумизмат ғалымдар зерттейді

«Шымкент қалалық музейлер бірлестігі» МКҚК-да 2026 жылғы 04 қыркүйекте арнайы іссапармен тарих ғылымдарының кандидаты, нумизмат-ғалым П.Н. Петров болды.

Қазіргі таңда елімізде нумизматика саласының кәсіби мамандарына деген қажеттілік жоғары. Ал ТМД кеңістігінде, соның ішінде Орталық Азия нумизматикасының дамуына П.Н. Петровтың ғылыми еңбектері мен зерттеулері елеулі үлес қосып келеді.

Іссапар барысында П.Н. Петров «Шымкент қалалық музейлер бірлестігінің» музей қорында сақталған монеталар кешенімен танысып, осы уақытқа дейін толық ғылыми зерттеуден өтпеген теңгелерге ерекше назар аударды.

Алдағы уақытта аталған монеталар кешені жан-жақты зерттеліп, олардың мерзімдемесі нақтыланып, ғылыми айналымға енгізіледі. Зерттеу нәтижелері негізінде құнды жәдігерлер музей экспозициялары мен ғылыми-көпшілік жобалар арқылы көпшілік назарына ұсынылмақ.

Айта кетсек, қазіргі таңда «Шымкент қалалық музейлер бірлестігінің» музей қорларында 500-ден астам монета мен монеталар кешені сақталған.



Олардың хронологиялық ауқымы еліміздің тарихында маңызды орын алатын VII–VIII ғасырлардағы Түркі және Түргеш дәуірлерінен бастап, XIX ғасырдағы Қоқан хандығы мен Ресей империясы кезеңіне дейінгі аралықты қамтиды. Сонымен қатар бұл жәдігерлер Ұлы Жібек жолы бойындағы сауда-экономикалық байланыстар арқылы Қытай, Иран, Орталық Азия және Еуропа елдерінің тарихымен сабақтасып жатыр.

Ағашқа қашалған аманат

2026 жылғы 19 тамызда Семей қаласының облыстық тарихи-өлкетану музейінде Семей ядролық сынақ полигонының жабылғанына 35 жыл толуына арналған іс-шаралар аясында суретші-мүсінші, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Құрман Аймұханбетовпен «Ағашқа қашалған аманат» атты кездесу кеші өтті.



Тағылымды шараның алғашқы сөзі Абай облысы мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы басшысының орынбасары Олжас Амангелдіұлына беріліп, ол басқарма басшысының құттықтауын жеткізіп, Құрман Әбділдәбекұлына арнайы сыйлық табыстады. Кездесу барысында Құрман Аймұханбетов мүше болған «Полигон 21 комитеті» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Марат Серікжанұлы, Абай облыстық Суретшілер одағының төрағасы Рахат Рахметоллаұлы және арнайы келген қонақтар сөз сөйлеп, өздерінің ыстық ықыластары мен ізгі тілектерін білдірді.

Құрман Әбділдәбекұлының шығармашылығы мен азаматтық ұстанымына тоқталып, естелік сыйлықтарын табыстады. Кеш барысында Семей ядролық полигоны тарихына қатысты тағылымды әңгімелер айтылып, өткен күндердің ыстық естеліктері мен ел жадында сақталған маңызды оқиғалар кеңінен сөз болды. Өнер иесінің ағашқа қашалған туындылары арқылы халықтың мұң-мұқтажы, ел тарихы мен ұрпаққа аманат болған рухани құндылықтар туралы ой қозғалды.

Шараның мазмұнын күйші, ұстаз Ернап Сағындықтың музыкалық бағдарламасы толықтырды. Ол өзінің авторлық «Невада-Семей қосбасары» күйін орындап, «Қайран жерім» ән-толғауын тарту етті. Кездесу кеші өнер мен тарихты сабақтастырып, Семей полигонының қасіретті кезеңдерін ұмытпай, бейбітшілік пен ел бірлігінің қадірін кейінгі ұрпаққа жеткізудің маңызын айқындаған тағылымды шара болды.

Ғасырлар үнін сақтаған мұра



Түркістан облыстық тарихи-өлкетану музейі «Мәдени көпір: Түркістан мұралары» жобасы аясында Шымкент қалалалық музейлер бірлестігінің «Шым қала» тарихи-мәдени кешенінің Цитаделінде «Ғасырлар үнін сақтаған мұра» атты этнографиялық көшпелі көрмесін өткізді.

Көрменің басты мақсаты – халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан материалдық және рухани мәдени мұрасын кеңінен насихаттау, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және музей қорындағы бірегей жәдігерлерді көпшілік назарына ұсыну.

Экспозицияда қазақ халқының дәстүрлі өмір салты мен қолөнер мәдениетін айшықтайтын киіз үй жабдықтары, зергерлік бұйымдар, ұлттық киім үлгілері, тұрмыстық заттар, сондай-ақ белгілі гобеленші Батырбек Өтептің ұлттық нақыштағы көркем гобелен туындылары қойылды.

«Ғасырлар үнін сақтаған мұра» көрмесі – өткен мен бүгінді жалғайтын, ата-баба аманатын ұлықтап, ұлттық мәдениетіміздің терең тамырын танытатын тағылымды мәдени шара.

МУЗЕЙ ІСІ

ЭКСКУРСИЯНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ МУЗЕЙЛЕРДЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Қуаныш БЕЙСЕНБАЙ,
«Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени қорық-музейінің экскурсия жүргізушісі

Кез келген экскурсия жүргізуші өткізетін экскурсияның тиімділігі, ең алдымен, оны жүргізу әдістемесіне, сондай-ақ әдістеме мен қолданылатын тәсілдердің өзара үйлесімділігіне байланысты.

Экскурсия жүргізушісінің экскурсияны өткізу әдістемесіне қойылатын бірқатар талаптар бар. Оларға экскурсиялық топтың ерекшеліктерін ескеру, қатысушыларды нысан маңына дұрыс орналастыру, олардың назарын қажетті объектіге шоғырландыру және қажет болған жағдайда басқа нысанға бағыттау, микрофонды тиімді пайдалану, экскурсияға және оның жекелеген тақырыптарына бөлінген уақытты сақтау, сондай-ақ қатысушылардың сұрақтарына толық әрі сауатты жауап беру жатады. Аталған талаптардың барлығы экскурсия жүргізушісінің кәсіби шеберлігіне тікелей байланысты. Бір сөзбен айтқанда, экскурсия жүргізушісі алғашқы сөзінен-ақ тыңдаушылардың назарын өзіне аудара білуі тиіс.

Экскурсиялық шеберлік – кәсіби шеберліктің ерекше түрі. Оның құрамына педагогикалық, дәрістік және коммуникативтік шеберлік сияқты басқа да кәсіби дағдылардың элементтері енеді. Бұл шеберлік экскурсиялық материалды жоғары деңгейде ұсынуға және әдістемелік талаптарды тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Экскурсия жүргізушісінің кәсіби шеберлігі – өнердің ерекше түрі. Оның негізін көрсету мен баяндауды ұтымды ұштастыру, экскурсия жүргізуші, экскурсияға қатысушылар және экскурсия нысаны арасындағы өзара байланысты тиімді ұйымдастыру, экскурсия жүргізудің әдістемелік тәсілдерін орынды қолдану, сондай-ақ осы мамандыққа тән кәсіби білім мен практикалық дағдыларды меңгеру құрайды. Мұндай шеберлік тәжірибелік қызмет барысында қалыптасып, тәжірибелі мамандардың іс-тәжірибесін меңгеру және кәсіби өзін-өзі жетілдіру арқылы дамиды.

Бастапқы сәттен бастап экскурсия жетекшісі топпен қарым-қатынас жасауда белгіленген ережелерді сақтауын қамтамасыз етуі маңызды, ең бастысы экскурсияны жеткізбес бұрын әрине өзін таныстырады.

Экскурсияның алғашқы сәтінен бастап экскурсия жүргізушісі топпен қарым-қатынас жасаудың белгіленген ережелерін сақтауды қамтамасыз етуі маңызды. Ең алдымен, ол өзін таныстырып, экскурсияның мақсаты мен бағдарламасы туралы қысқаша ақпарат береді.

Экскурсияның негізгі ерекшелігі – оның мазмұнын айқындайтын және өзара байланысқан экскурсиялық нысандар жүйесіне негізделуінде. Бұл нысандардың басым бөлігі табиғи және мәдени-тарихи мұра объектілері болып табылады. Олар аутенттілігімен, мәдени құндылығымен, көркемдік ерекшелігімен сипатталатын ландшафттардан бастап жекелеген тарихи ескерткіштерге дейінгі кең ауқымды қамтиды. Бүгінгі таңда цифрландыру мен электрондық ақпараттың қарқынды дамуы жағдайында экскурсия жүргізушінің сүйемелдеуімен өткізілетін экскурсиялардың маңызы арта түсуде. Өйткені мұндай экскурсиялар қатысушыларға мәдени мұра нысандарымен тікелей танысып, практикалық тәжірибе алуға мүмкіндік береді. Сондықтан көрсету мен баяндау кез келген экскурсияның өзара тығыз байланысқан негізгі элементтері болып саналады.

Экскурсия әдістемесінде көрсету жетекші орын алады, өйткені ол мазмұнының ауқымы мен оны даярлау және жүзеге асыру күрделілігі жағынан басым элемент болып саналады. Ал баяндау көрсету үдерісін толықтыратын және соған бағынышты қызмет атқарады. Себебі экскурсия барысында экскурсия жүргізушісі көрсетілетін нысандардың тарихи, мәдени және танымдық ерекшеліктерін баяндау арқылы түсіндіріп, оларға ғылыми сипаттама береді әрі экскурсияға қатысушылардың сол нысандар туралы білімін қалыптастырады.

Экскурсия барысында қатысушылардың экскурсиялық нысандарды қабылдауының көпқырлы танымдық үдерісі жүзеге асады. Бұл үдеріс экскурсиялық әдіске негізделеді. Экскурсиялық әдіс – қоршаған ортаны танудың тиімді тәсілдерінің бірі. Оның басты ерекшелігі – тарихи-мәдени және табиғи нысандарды олардың орналасқан орнында,

яғни табиғи немесе қалалық ортада, сондай-ақ музей кеңістігінде тікелей көріп, қабылдауға негізделуінде. Экскурсиялық әдіс сезімдік қабылдауды ғылыми таныммен ұштастырады: нысанды көзбен көріп қабылдау неғұрлым әсерлі болса, ол туралы білім де соғұрлым терең әрі ұзақ уақыт есте сақталады. Танымдық үдеріс экскурсия жүргізушісінің нысандар туралы ғылыми негізделген мәліметтерді түсіндіріп, оларды қатысушыларға жүйелі түрде жеткізуі арқылы жүзеге асады.

Экскурсия барысында берілетін ақпарат екі негізгі құрамдас бөліктен тұрады: визуалды және ауызша. Визуалды құрамдас бөлікке экскурсиялық нысандарды көру арқылы алынатын әсерлер мен бейнелер жатса, ауызша құрамдас бөлік экскурсия жүргізушісінің түсіндірмелері мен ақпараттық баяндауын қамтиды. Сонымен қатар, қабылдау үдерісі есту, сипап сезу және иіс сезу сияқты басқа да сезім мүшелері арқылы толықтырылып, экскурсияның танымдық әсерін күшейтеді.

Осы орайда экскурсия жүргізушілерінің ауқымды қызметін Түркістан қаласындағы «Әзірет Сұлтан» ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығының қызметінен айқын көруге болады. Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне келушілерді шартты түрде екі топқа бөлуге болады. Бірінші топқа кесенеге қасиетті діни орын ретінде зиярат етушілер жатса, екінші топқа тарихи-мәдени ескерткішпен танысу мақсатында келетін келушілер кіреді. Соңғы топтың басым бөлігін шетелдік туристер құрайды. Олар Қожа Ахмет Ясауи кесенесін XII–XIV ғасырлардағы сәулет өнерінің бірегей ескерткіші ретінде тамашалап, оның тарихы мен мәдени құндылығы туралы жан-жақты мәлімет алуға келеді.

Екі санаттағы келушілер де экскурсияға қатысып, экскурсия жүргізушісінің түсіндірмесін тыңдайды. Белгілі бір діни орталықтар мен қасиетті орындарға бару, ең алдымен, зияратшылардың рухани танымы мен діни сеніміне негізделеді. Әрбір келушінің келу мақсаты әртүрлі: бірі зиярат жасап, рухани тыныштық табуды көздесе, енді бірі тарихи-мәдени ескерткіштер мен құнды жәдігерлерді тамашалауға, ал кейбірі денсаулық пен амандық тілеу мақсатында келеді. Сонымен қатар, Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне шетелден тарихи-мәдени туризм аясында келетін туристердің де саны көп. Сондықтан кесенені тек діни нысан ретінде ғана емес, сонымен қатар әлемдік маңызы бар сәулет өнерінің бірегей ескерткіші ретінде таныту маңызды. Бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді [1, 42].

Тарихи ескерткіштерде өткізілетін экскурсияларда тарихи тұлғалардың өмірі, әулиелердің қызметі, мешіттердің тарихы және олардың ел тарихымен байланысы жан-жақты баяндалуы тиіс. Мысалы, экскурсия барысында Қожа Ахмет Ясауидің өмір жолы мен рухани мұрасы, оның дүниеден өткенінен кейін екі ғасыр өткен соң Әмір Темірдің Қожа Ахмет Ясауи кесенесін салдыруы, сондай-ақ Түркістанның Қазақ хандығының астанасы ретіндегі тарихи рөлі туралы мәліметтер беріледі. Сонымен қатар кесене мен оның аумағына қазақтың хандары, сұлтандары, билері, батырлары және басқа да көрнекті тұлғаларының жерленгені таныстырылады. Экскурсиялық нысандарды осындай жүйелілікпен таныстыру ел тарихы, кесене тарихы және ұлттық салт-дәстүрлердің өзара сабақтастығын келушілерге тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Б.В. Емельянов экскурсия мәселесіне арналған еңбегінде: «Тәжірибе көрсеткендей, экскурсияның алғашқы минуттарында қатысушылардың назары тақырыпқа деген қызығушылық арқылы қалыптасады. Кейіннен олардың зейіні әңгіменің тартымдылығы мен экскурсиялық нысандардың танымалдылығы, бірегейлігі, танымдық құндылығы сияқты ерекшеліктер арқылы сақталады. Сонымен қатар нысандарды көрсетудің дұрыс реттілігі де қатысушылардың назарын тұрақты ұстауға ықпал етеді», – деп жазады [2, 113].

Экскурсиялық нысандарды көрсету әдістері қарапайым емес. Оларды таңдау экскурсиялық топтың қозғалу тәсіліне, қатысушылар құрамына, нысанның танымдық құндылығына және оның сақталу деңгейіне тікелей байланысты. Нысандарды көрсету технологиясы екі негізгі құрамдас бөліктен тұрады. Біріншісі – экскурсиялық нысанның сыртқы ерекшеліктеріне қысқаша ауызша сипаттама беру. Бұл экскурсияға қатысушылардың назарын нысанға аударуға, оны қоршаған ортадан даралап көрсетуге және оның тұтас көрнекі бейнесін қалыптастыруға бағытталады.

Бұл кезең бірнеше элементтен тұрады: біріншіден, қажет болған жағдайда қол қимылын пайдалана отырып, экскурсиялық нысанның орналасқан орнын көрсету; екіншіден, нысанның сыртқы ерекшеліктеріне қысқаша сипаттама беру. Көрсетудің екінші, мазмұндық бөлігі экскурсия жүргізудің әдістемелік тәсілдерін қолдануға негізделеді. Оларға алдын ала шолу жасау, көрнекі қайта жаңғырту, көрнекі монтаж, тарихи оқиғаларды оқшаулап көрсету, көрнекі салыстыру,

көрнекі ұқсастық әдісі, абстракциялау, «экскурсия жүргізушісінің портфолиосындағы» көрнекі материалдарды пайдалану, панорамалық көрсету, нысанға жақындай қозғалу және қатысушылардың назарын бір нысаннан екіншісіне ауыстыру тәсілдері жатады [3, 59].

Баяндау да көрсету сияқты экскурсияның негізгі элементтерінің бірі болып табылады. Оның көмегімен экскурсиялық нысандар туралы ақпарат экскурсияның тақырыбына, мақсаты мен міндеттеріне сәйкес жүйелі түрде ұсынылады. Дегенмен, баяндау көрсету үдерісінен бөлінбейді және соған бағынышты қызмет атқарады.

Экскурсиялық нысандарды талдау өнертанулық ғылыми талдаумен немесе олардың жекелеген бөлшектерін жай ғана сипаттап шығумен шектелмеуі тиіс. Мұндай тәсілдер экскурсияның танымдық және тәрбиелік тиімділігін төмендетіп, әсіресе жас ерекшелігіне байланысты балалардың нысанды тұтас әрі эмоциялық қабылдауына кері әсер етуі мүмкін [4, 3]. Сондықтан бастауыш сынып оқушыларына арналған экскурсияларда экскурсия жүргізушінің сөйлеу мәдениетіне ерекше мән беріледі. Оның сөзі қарапайым, түсінікті, бейнелі және интонациялық жағынан әсерлі болуы қажет.

Қарастырылған әдістемелік тәсілдер экскурсия жүргізудегі негізгі әдістер болғанымен, олармен ғана шектелмейді. Экскурсия барысында көрсету мен баяндаудың әдістемелік тәсілдерінен бөлек, материалдың мазмұнын тереңірек меңгеруге, экскурсияның ғылыми негізділігі мен дәлелділігін арттыруға мүмкіндік беретін қосымша әдістер де қолданылады. Экскурсия жүргізушінің кәсіби тәжірибесі артқан сайын, ол экскурсияның мақсаты мен міндетіне сәйкес әртүрлі әдістемелік тәсілдерді ұтымды үйлестіріп, тиімді пайдаланады.

Экскурсия барысында қолданылатын негізгі әдістемелік тәсілдер мен олардың ерекшеліктері қарастырылды. Дегенмен, экскурсия жүргізушінің кәсіби қызметі тек әдістемелік тәсілдерді қолданумен ғана шектелмейді. Оның сөйлеу мәдениеті, жалпы білім деңгейі, сыртқы келбеті, өзін-өзі ұстауы, ым-ишарасы және эмоциялық тұрақтылығы да экскурсияның сапасы мен тиімділігіне тікелей әсер ететін маңызды кәсіби қасиеттер болып табылады.

Осылайша, қарастырылған әдістемелік тәсілдер экскурсия жүргізудің негізгі құралдары болғанымен, олармен ғана шектелмейді. Экскурсия барысында көрсету мен баяндаудың әдістемелік тәсілдерінен басқа, материалды тереңірек меңгеруге, оның ғылыми негізділігі мен дәлелділігін арттыруға ықпал ететін арнайы әдістер де қолданылады. Экскурсия жүргізушінің кәсіби тәжірибесі мен шеберлігі артқан сайын, ол экскурсияның мақсаты мен мазмұнына сәйкес әртүрлі әдістемелік тәсілдерді тиімді үйлестіріп, оларды орынды қолдана біледі. Бұл экскурсияның танымдық құндылығын арттырып, қатысушылардың материалды толық әрі сапалы қабылдауына мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Добрина Н.А. Экскурсоведение. – М. 2013. С. 207.
2. Емельянов Б.В. Экскурсоведение – М. 2007. С. 59.
3. Ермакова, Ж.А. Основы экскурсионной деятельности в туристской индустрии: учебное пособие. – Оренбург. 2020. С 36.
4. Культурно-исторические экскурсии: – Москва, московские музеи, подмосковные / под общ. ред. Н. А. Гейнике. –Москва: Новая Москва, 1923. С. 7.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются методические основы проведения экскурсий, профессиональное мастерство экскурсовода и основные принципы экскурсионной деятельности. Кроме того, анализируются особенности методов показа и рассказа, а также раскрывается их роль в повышении познавательной эффективности экскурсии.

SUMMARY

The article examines the methodological foundations of conducting guided tours, the professional mastery of a tour guide, and the core principles of excursion activities. Furthermore, it analyzes the specific features of visual and verbal presentation methods while highlighting their role in enhancing the educational effectiveness of a tour.

ШОҚАН УӘЛИХАНОВ МҰРАСЫН САҚТАУ МЕН НАСИХАТТАУДАҒЫ МУЗЕЙДІҢ РӨЛІ

Марал РАХТАЕВА,
Ш. Уәлиханов атындағы «Алтынемел» мемориалды музейінің меңгерушісі

Қазақ халқының тарихында ғылым мен ағартушылықтың шамшырағы болған тұлғалар аз емес. Солардың ішінде Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың орны ерекше. Ол – қазақтың тұңғыш ғалымдарының бірі, көрнекті этнограф, тарихшы, географ, шығыстанушы, саяхатшы әрі ағартушы. Шоқанның ғылыми еңбектері қазақ халқының ғана емес, тұтас Орталық Азия халықтарының тарихы мен мәдениетін зерттеуде маңызды ғылыми дереккөздердің бірі саналады. Оның өмірі мен ғылыми қызметі білімге құштарлықтың, ғылымға адалдықтың және ел мүддесіне қызмет етудің жарқын үлгісі ретінде жоғары бағаланады.

Шоқан Уәлиханов 1835 жылы қазіргі Солтүстік Қазақстан өңірінде дүниеге келген. Болашақ ғалымның балалық шағы қазақтың дәстүрлі ортасында өтті. Ол ерте жастан зеректігімен көзге түсіп, білімге ерекше ынта танытты. Омбы кадет корпусында оқып жүрген жылдары орыс және еуропалық ғылым жетістіктерімен танысып, тарих, география, этнография салаларына қызығушылығы артты. Оның қабілетін сол кездегі белгілі ғалымдар жоғары бағалап, үлкен үміт артты.

Шоқанның ғылыми қызметі Қазақстан, Қырғызстан, Қашғария және Орта Азия халықтарының тарихы мен мәдениетін зерттеумен тығыз байланысты болды. Ол қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін, ауыз әдебиетін, тарихи аңыздарын жинақтап, ғылыми тұрғыдан талдады. Әсіресе, қырғыз халқының ұлы мұрасы «Манас» жыры туралы зерттеулері шығыстану ғылымындағы аса маңызды еңбектердің бірі саналады. Сонымен қатар, Қашғарияға жасаған ғылыми экспедициясының нәтижесінде әлемдік ғылымға бұрын белгісіз болып келген көптеген тарихи-этнографиялық деректерді ғылыми айналымға енгізді.

Шоқан Уәлихановтың еңбектері қазақ халқының мәдени мұрасын әлемге танытуда үлкен рөл атқарды. Ол өз зерттеулерінде қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымын, халықтың рухани өмірін, табиғатын және тарихи даму ерекшеліктерін жан-жақты сипаттады. Сондықтан оның ғылыми еңбектері бүгінгі күні де өзектілігін сақтап, көптеген зерттеулердің маңызды дереккөзі ретінде кеңінен пайдаланылып келеді.



Осындай баға жетпес мұраны сақтау мен кейінгі ұрпаққа жеткізуде музейлердің рөлі ерекше. Музей – халықтың тарихи жады сақталатын рухани орда. Мұнда жәдігерлер жинақталып қана қоймай, ғылыми тұрғыдан зерттеліп, көпшілікке насихатталады. Сондықтан да Шоқан Уәлихановқа арналған музейдің қызметі ұлттық құндылықтарды дәріптеуде маңызды орын алады.

Қазақстандағы Шоқан мұрасын насихаттайтын мәдени орталықтардың бірі – Жетісу облысындағы Шоқан Уәлиханов атындағы «Алтынемел» мемориалды музейі. Музей 1982 жылы құрылып, 1985 жылы ғалымның туғанына 150 жыл толуына орай салтанатты түрде ашылды. Содан бері музей өңірдегі маңызды мәдени-ағартушылық және ғылыми-зерттеу мекемелерінің бірі ретінде жұмыс істеп келеді.

Музей экспозицияларында ғалымның өмірі мен қызметіне қатысты көптеген құнды жәдігерлер сақталған. Олардың қатарында тарихи құжаттар, карталар, ғылыми еңбектердің көшірмелері, фотосуреттер, тұрмыстық бұйымдар және этнографиялық материалдар бар. Бұл жәдігерлер келушілерге XIX ғасырдағы қазақ қоғамының ерекшеліктерін танып-білуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, музей қорында қазақ халқының дәстүрлі мәдениетін бейнелейтін сирек кездесетін ұлттық бұйымдар сақталған.

Музей қызметкерлері жәдігерлерді сақтау және қорғаумен қатар ғылыми-зерттеу, мәдени-ағартушылық жұмыстарды жүйелі түрде жүзеге асырады. Музейде ғылыми конференциялар, дөңгелек үстелдер, көрмелер, танымдық кездесулер мен түрлі мәдени іс-шаралар тұрақты ұйымдастырылады. Бұл шаралар келушілердің тарихи танымын кеңейтіп, ұлттық құндылықтарға деген құрметін қалыптастыруға және тарихи сананы нығайтуға ықпал етеді.

Музей тарихындағы маңызды кезеңдердің бірі – 2023 жылы жүргізілген күрделі жөндеу жұмыстары болды. Жөндеу барысында музей ғимараты толық жаңартылып, инженерлік жүйелері ретке келтірілді, экспозициялық залдар заманауи талаптарға сай жабдықталды. Нәтижесінде келушілерге қолайлы жағдай жасалып, музейдің мәдени-ағартушылық қызметінің сапасы жаңа деңгейге көтерілді. Сонымен қатар, экспозициялар қайта жасақталып, тарихи жәдігерлердің сақталу талаптары күшейтілді.

2023 жылдың қазан айында музей тарихындағы айтулы оқиғалардың бірі орын алды. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев арнайы келіп, музей экспозицияларымен танысты. Мемлекет басшысының музейге келуі – Шоқан Уәлиханов мұрасының ұлттық деңгейдегі маңызын айқындайтын үлкен тарихи оқиға болды. Президент музей қорындағы құнды жәдігерлерді тамашалап, ғалымның өмірі мен шығармашылығына арналған экспозициялармен танысты. Бұл сапар музей ұжымының жұмысына үлкен серпін беріп, қоғамның тарихи мұраларға деген қызығушылығын арттыра түсті.

Музейдің негізгі міндеттерінің бірі – жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеу. Осы мақсатта мектеп оқушылары мен студенттерге арналған экскурсиялар, ашық сабақтар, танымдық бағдарламалар тұрақты өткізіледі.

Тарихи тұлғалардың өмірі мен шығармашылық мұрасын насихаттау арқылы жастардың ғылымға, білімге және ұлттық мәдениетке деген қызығушылығы арта түседі. Әсіресе Шоқан Уәлихановтың ғылымға құштарлығы, білімге ұмтылысы мен ғылыми ізденістері өскелең ұрпақ үшін тағылымы мол өнеге болып табылады.

2025 жыл Қазақстан мәдениеті мен ғылымы үшін ерекше жыл болды. Себебі осы жылы ұлы ғалым Шоқан Уәлихановтың туғанына 190 жыл толды. Атаулы мерейтой аясында музейде республикалық және өңірлік деңгейдегі көптеген мәдени-көпшілік және ғылыми іс-шаралар ұйымдастырылды. Мерейтой аясында көрмелер, ғылыми конференциялар, музейлік сабақтар мен тақырыптық кездесулер ұйымдастырылды. Іс-шараларға еліміздің әр өңірінен келген ғалымдар, музей мамандары, студенттер, оқушылар және туристер белсенді қатысып, Шоқан Уәлихановтың ғылыми мұрасы мен тарихи тұлғасын кеңінен насихаттауға үлес қосты.

Ғалымның 190 жылдық мерейтой аясында музейге келушілер саны едәуір артты. Жыл бойы музейге 5000-ға жуық адам келіп, Шоқан Уәлихановтың өмірі мен ғылыми мұрасымен танысты. Бұл көрсеткіш қоғамның ұлттық тарихқа, мәдени мұраға және көрнекті тарихи тұлғалардың еңбегіне деген қызығушылығының артып келе жатқанын айғақтайды. Сонымен қатар, жастар мен шетелдік қонақтардың музейге келуінің артуы еліміздегі тарихи-мәдени туризмнің даму үрдісін көрсетеді.

Бүгінгі цифрлық дәуірде музей жұмысы жаңа бағытта дамуда. Электронды каталогтар, виртуалды көрмелер және онлайн экскурсиялар арқылы музей қорындағы материалдарды кең

аудиторияға таныстыру мүмкіндігі артып келеді. Бұл өз кезегінде Шоқан Уәлиханов мұрасын халықаралық деңгейде насихаттауға жол ашады. Қазіргі таңда музей қызметкерлері заманауи технологияларды пайдалана отырып, ғылыми-ағартушылық жұмыстарды жетілдіруге күш салуда.

Шоқан Уәлиханов атындағы «Алтынемел» мемориалды музейі – халқымыздың тарихи жадын сақтап, ұлттық құндылықтарды ұлықтайтын маңызды мәдени-рухани орталық. Музей экспозициялары арқылы келушілер ұлы ғалымның өмірі, ғылыми қызметі және мол мұрасы туралы жан-жақты мәлімет алып, тарихи жәдігерлермен танысуға мүмкіндік алады. Осы тұрғыдан алғанда, музейдің ғылыми-ағартушылық және мәдени қызметінің маңызы уақыт өткен сайын арта түсуде.

Алдағы уақытта музей ғылыми-зерттеу және мәдени-ағартушылық қызметін одан әрі жетілдіріп, Шоқан Уәлихановтың ғылыми мұрасын кеңінен насихаттауды жалғастыра береді. Музейдің қызметі Қазақстанның әр өңірінен және шетелден келетін келушілер мен зерттеушілер үшін танымдық маңызын арттырып, тарихи-мәдени туризмнің дамуына өз үлесін қоса түседі. Ұлы ғалымның мол мұрасын сақтау, зерттеу және кейінгі ұрпаққа жеткізу ісінде музейдің атқаратын рөлі ерекше. Сондықтан Шоқан Уәлихановтың ғылыми және рухани мұрасы ұлттық құндылық ретінде өз маңызын сақтап, келешек ұрпаққа қызмет ете беретіні сөзсіз.

РЕЗЮМЕ

В статье говорится об особой роли мемориального музея «Алтынемель» имени Шокана Уалиханова в сохранении и популяризации научного наследия Шокана Уалиханова, а также о его вкладе в развитие историко-культурного туризма.

SUMMARY

The article discusses the special role of the Shokan Ualikhanov "Altynemel" Memorial Museum in the preservation and popularization of Shokan Ualikhanov's scientific legacy, as well as its contribution to the development of historical and cultural tourism.

«ЗАМАН РУХЫ: 1980–1990 ЖЫЛДАРДАҒЫ ИНТЕРЬЕР» КӨРМЕСІ – БҰҒЫЛЫ ГОБЕЛЕН – НОСТАЛЬГИЯ ТЕКСТУРАСЫ

Дилорам ТАУАСАРОВА,
«Ұлы Дала Елі» орталығы қызметкері
Ақниет ЖАРЫЛҚАСЫН,
«Ұлы Дала Елі» орталығы қызметкері

Ұлы Дала Елі орталығында ерекше «Заман рухы: 1980-1990 жылдардағы интерьер» көрмесінің ашылу салтанаты өтті. Көрме келушілерді өткен кезеңнің атмосферасына жетелейді. Көрмеде музей қорында сақталған сол дәуірдің тұрмыстық мәдениеті мен эстетикалық талғамын айшықтайтын бірегей жәдігерлер көпшілік назарына ұсынылды. Экспозиция құрамына өткен ғасырдың 1960-1970 жылдарынан кең қолданыста болған хрусталь ыдыстар,техника, сәндік қабырға кілемдері, тігін машинасы, дәуірге тән маталар мен киім үлгілері, әскери дипломаттар, чемодандар, фотосуреттер мен мерзімді басылымдар енгізілді. Көрме экспозициясы өткен ғасырдың 1980-1990 жылдарындағы кеңестік кезеңге тән тұрғын үйдің бір бөлмесі үлгісінде тұтастай реконструкцияланып, келушілерді уақыт кеңістігі арқылы өткен дәуірге жетелейтін ерекше мәдени портал ретінде жасақталды. Интерьердегі әрбір жиһаз, тұрмыстық бұйым мен сәндік элемент сол кезеңнің шынайы атмосферасын қалпына келтіріп, келушіге өзін бірнеше онжылдық бұрынғы үйдің төрінде отырғандай сезінуге мүмкіндік берді. Көрме үшін арнайы сюжеттік бейне-контент әзірленді. Оның желісі бойынша 1980-1990 жылдарға тән киім үлгісі, шаш сәні мен қолындағы сөмкесіне дейін тарихи дәлдікпен қайта жасалған бейнедегі музей маманы экспозициялық бөлмеге енеді. Ол бөлмені асықпай аралап шығып, өткен өмірдің әрбір бөлшегіне көз тоқтатады. Сюжеттің шарықтау сәтінде кейіпкер қабырғадағы өз фотосының жанына келіп тоқтаған мезетте уақыт кеңістігі өзгереді. Көрініс бүгінгі күнге ауысып, сол кейіпкердің ұрпағы бейнесіндегі музей экскурсоводтары көрмелік





интерьер мазмұнын таныстыруды бастайды. Осылайша көрме өткен мен бүгінді көркемдік шешім арқылы сабақтастырып, тарихи жадының ұрпақтар арасындағы үзілмес байланысын әсерлі түрде паш етеді. Көрменің ерекше құндылығы ретінде келушілер назарын кеңестік кезеңдегі интерьердің ажырамас бөлігіне айналған пүліш гобелендердің бай коллекциясы өзіне аударды. Әрбір экспонат өткен ғасырдың соңғы ширегіндегі тұрмыс мәдениетін, отбасылық құндылықтарды, көркемдік талғам мен қоғамдық өмірдің өзіндік келбетін танытып, келушілерге жақын тарихтың шынайы атмосферасын сезінуге мүмкіндік берді. Бұл – тұтас бір ұрпақтың күнделікті тұрмыс мәдениеті, талғамы мен өмір салты қалыптасқан дәуірдің көрінісі.

Көрменің негізгі тұжырымдамасы – 1980-1990 жылдардағы күнделікті тұрмыс мәдениетін музейлік реконструкциялау арқылы тарихи жадыны жаңғырту, әр буын өкілдерінің өткен кезеңді әртүрлі қабылдау ерекшелігін көрсету. Егде жастағы келушілер үшін экспозиция балалық және жастық шаққа саяхат болса, жас ұрпақ үшін жақын тарихты танудың ерекше музейлік форматына айналды. Дәстүрлі витриналық көрсетілімнен өзгеше, экспозиция келушіні көрермен ғана емес, тарихи кеңістіктің қатысушысына айналдыруды мақсат етті. Экспозициялық кеңістіктің көркемдік әсерін күшейту мақсатында LED экрандарда арнайы дайындалған фотокөрме көрсетіліп, ол кеңестік дәуірдің танымал композиторы Евгений Крылатовтың «Полет» композициясы экспозицияның эмоциялық әсерін күшейту мақсатында музыкалық сүйемелдеу саналы түрде таңдалды. Евгений Крылатовтың «Полет» композициясы көрерменді уақыт ағынымен жетелеп, өткен мен бүгіннің арасындағы нәзік байланысты көркемдік тұрғыдан ашуға қызмет етті. Музыка мен архивтік фотосуреттердің үйлесімі көрменің эмоционалдық әсерін тереңдетіп, өткен кезеңнің рухын әсерлі жеткізді. Интерьерлік шешім келушілерге өткен ғасырдың тұрмыстық әлеміне еніп, сол кезеңнің атмосферасын сезінуге мүмкіндік берді. Жарықтандыру шешімдері де экспозицияның мазмұнын толықтырып, жылы түсті жарық бөлменің шынайы тұрғын үй атмосферасын қалыптастырды. Экспозициядағы көптеген заттар музей қорына өңір тұрғындары тарапынан тапсырылған түпнұсқа жәдігерлер. Сондықтан әрбір бұйым белгілі бір отбасының

өмір тарихымен сабақтасып, көрмеге ерекше деректік құндылық береді. Көрме келушілер арасында ерекше қызығушылық тудырып, көптеген азаматтар экспозициядағы заттарды өз отбасылық естеліктерімен байланыстыра отырып, музей мамандарымен естеліктерін бөлісті. Бұл құбылыс көрменің тарихи танымнен қатар әлеуметтік-коммуникативтік қызметін де айқындай түсті. Көрмені ұйымдастыру барысында дәстүрлі экспозициялық тәсілдермен қатар реконструкция, аудиовизуалды инсталляция, сюжеттік сторителлинг және театрландырылған интерпретация элементтері қолданылды. Мұндай кешенді тәсіл музейлік коммуникацияның заманауи әдістерін тиімді пайдалануға мүмкіндік берді.

1980-90 жылдардағы кеңестік және посткеңестік интерьерді елестетсек, көз алдымызға бірден бірнеше зат келеді: қабырғаға ілінген кілемдер, серванттағы сервиздер, кассеталы магнитофондар, теледидарлар, радио қабылдағыштар, хрусталь бұйымдар, тігін машиналары, аң бейнелі пұлыш гобелен, лакталған жиһаз, қоңыр-сары реңктер мен үй текстилі секілді таныс дүниелер. Солардың ішінде бұғы бейнелі пұлыш гобелен ерекше орын алды.

Әжемнің үйіндегі бұғы суреті салынған пұлыш гобелен, балалық шаққа қайта оралтар көпір сияқты. Бала кезде біз ол бұғыға жай ғана сурет деп қарайтынбыз. Орман ішіндегі қос бұғы. Кейде ертегі сияқты, кейде тым тыныш әлем сияқты көрінетін. Есейе келе, мүмкін қызметімнің әсері де шығар, ол гобелен қалай пайда болды? Авторы кім, қай жылдары танымал болды? Неге дәл бұғы? Неге дәл сондай түстер? Неге ол Қазақстаннан бастап бүкіл Кеңес Одағы кеңістігіндегі мыңдаған үйде ілулі тұрды? деген сұрақтар пайда бола бастады. Әлгі қарапайым бұйымның ар жағында бүтін бір дәуір тұрғанын түсіне бастайсың.

Бұғылар бейнеленген алғашқы гобелендер соғыстан кейін пайда болған екен. Олар пұлышқа ұқсас материалдан тоқылған трофейлік кілемдер еді. Мұндай гобелендер халықтың ерекше ықыласына бөленіп, кеңестік өндірісте жедел түрде жолға қойды. КСРО-дағы осы атақты гобелен өнерінің негізін қалаушы латыш суретшісі Рудольф Хеймратс саналады. 1960 жылдардың басында оның туындылары классикалық шпалера дәстүрін латыштың ұлттық тоқымашылық өнерімен ұштастырды. Бұғылы алғашқы гобелендер Германиядан әкелінген. Олар 1930 жылдары Шварцвальд маңында өндіріле бастаған. Осылайша жеке естелік біртіндеп визуалды зерттеуге ұласты. Бұғылы гобелен туралы ізденіс мені бір ғана бұйымның тарихына емес, тұтас бір дәуірдің эстетикасын, тұрмыстық заттардың эмоционалдық және мәдени мағынасын қарастыруға итермеледі.

1980-90 жылдар интерьері жай ғана үй жабдықтарының жиынтығы емес, ол уақыттың мінезін, адамдардың тұрмысқа деген көзқарасын, тыныштық пен жайлылық туралы түсінігін бейнелейтін кеңістік еді. Осы ойлардан «Заман рухы: 1980-1990 жылдар интерьері» көрмесінің идеясы пайда болды. 1980-1990 жылдар қоғам мен мәдениет саласында үлкен өзгерістер орын алған кезең болды. Сол уақыттағы интерьерде практикалық қолайлылық, жайлылыққа ұмтылыс және отбасы әл-ауқатын көрсету ниеті қатар көрініс тапты. Үйдегі әрбір бұйымның өзіндік маңызы болды және олар ұзақ жылдар бойы пайдаланылды. Жиһаздар ұрпақтан – ұрпаққа мұра болып, мерекелік ыдыстар ерекше күндерге арналып ұқыптылықпен сақталды, ал тұрмыстық техника заманауилық пен отбасы берекесінің белгісіне айналды. «Заман рухы: 1980-1990 жылдардағы интерьер» көрмесі келушілерді өткен кезеңнің атмосферасына жетелейді. Бұл – тұтас бір ұрпақтың күнделікті тұрмыс мәдениеті, талғамы мен өмір салты қалыптасқан дәуірдің көрінісі. Интерьер – өзгерістер кезеңінің, отбасылық құндылықтардың, техникалық прогрестің және үй ішіне тән ерекше жылылықтың айнасы. Көрме заттары таныс дүниелер арқылы 1980-1990 жылдардағы адамдардың күнделікті тұрмыс тарихын баяндайды.

Көрме XX ғасырдың соңындағы күнделікті тұрмыс мәдениетін көрсетуге және тарихи жадыны сақтауға бағытталған. Экспозицияда ұсынылған бұйымдар қазіргі ұрпаққа өткен дәуірдің өмір салтын, эстетикалық талғамын және тұрмыстық мәдениетін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Аға буын үшін көрме жастық шақтың және отбасылық үйдің таныс атмосферасын қайта сезінуге жол ашса, жастар үшін цифрлық технологиялар дәуіріне дейінгі өмірдің қандай болғанын тануға мүмкіндік береді. Экспозиция 1980-1990 жылдардағы интерьерге тән көріністерді қайта жаңғыртады: жиһаз, теледидармен жабдықталған қонақ бөлме, үй текстилі, сәндік бұйымдар, ыдыс-аяқтар мен тұрмыстық техника қойылған ас үй кеңістігі, сондай-ақ күнделікті тұрмыс мәдениеті мен сән элементтері.

Көрмедегі әрбір жәдігер отбасылық мерекелер, кешкі әңгімелер, сүйікті әуендер мен

тұтас бір ұрпақтың өмірі туралы өзіндік тарих сыр шертеді. Көрмеде ұсынылған көптеген жәдігерлер келушілердің бойында сағыныш пен өткенді еске түсіру сезімін оятады. Кейбір заттар жай ғана зат емес. Олар уақыттың иісі, балалықтың дыбысы, ұмыт болған үйдің жылуы. Әжемнің үйіндегі қабырғаға ілінген бұғы бейнелі пұлыш гобелен сондай еді. Оның алдында талай ойын ойналды, талай қонақ, талай қыс өтті. Теледидардың баяу гүілі, қабырға сағатының тықылы, пештің ыстығы бәрі сол гобеленнің фонында қалып қойғандай. Сонда аңғардым: бұл тек интерьер емес. Бұл ұжымдық жады. Өйткені кей заттар адамды өткеніне апаратын көпірге айналады. Бір қарағанда қарапайым қабырғадағы мата – шын мәнінде бірнеше ұрпақтың үнсіз куәгері. Сондықтан 80–90 жылдар интерьеріне арналған көрме – ностальгия ғана емес, ол адамдардың жадының сақталу тетіктері, үйдің тұлғаның дүниетанымын, ішкі әлемін қалыптастырудағы рөлі және қарапайым тұрмыстық заттардың мәдени-тарихи мәні туралы баяндайтын ерекше экспозиция.

Интерьер – заттар арқылы баяндалатын уақыт тарихы. «Заман рухы: 1980-1990 жылдардағы интерьер» көрмесі өткен дәуірдің тұрмыстық заттарын ғана таныстырған жоқ. Ол қарапайым бұйымдардың адам жадындағы орны мен тарихи құндылығын айқындап, музейдің өткен мен бүгінді жалғайтын мәдени көпір ретіндегі миссиясын жаңа қырынан көрсетті. Күнделікті тұрмыстағы қарапайым заттар уақыт өте келе тарихи дерекке, мәдени мұраға және ұжымдық жадының маңызды бөлшегіне айналатынын көрме айқын дәлелдеді.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются особенности интерьерной культуры 1980-1990-х годов и её историко-культурное значение. На примере предметов быта того периода раскрываются образ жизни, эстетические предпочтения общества и отражение исторической памяти эпохи.

SUMMARY

The article examines the characteristics of interior culture in the 1980s and 1990s and its historical and cultural significance. Through the example of everyday objects of that period, it reveals the lifestyle, aesthetic preferences of society, and the reflection of the era's historical memory.

FROM MULTILINGUAL INTERPRETATION TO MULTIMODAL CO-CREATION: HOW ACCESSIBILITY RECONFIGURES CHINA–KAZAKHSTAN MUSEUM EDUCATION

***Yang HANLIN,*[1]**
***Li QIAN,*[2]**
***Samal SAIBULATOVA,*[3]**
***Meirambek YENSEBAYEV*[4]**
China National Silk Museum, Hangzhou, China[1]
Changsha Museum, Changsha, China[2]
National Museum of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan[3,4]

INTRODUCTION

The right to participate in cultural life involves access to cultural buildings and opportunities to develop creative, artistic and intellectual potential. Article 30 of the Convention on the Rights of Persons with Disabilities links these opportunities to accessible cultural materials and venues[1]. The 2022 ICOM museum definition includes accessibility, inclusion, community participation and varied experiences among the institution's core purposes[2]. Both documents concern the people with different bodies, communication practices and support needs and demonstrates that space provision alone does not settle that issue.

Museum accessibility research has documented the importance of multisensory information, staff behaviour, environmental predictability and direct consultation with disabled visitors[3][4]. For autistic children and their families, preparation, sensory

conditions, family strategies and each visitor's own definition of participation shape a successful museum visit that doesn't depend on a uniform completion standard[5][6]. Universal Design for Learning makes a related pedagogical claim: barriers are reduced when learners have multiple means of engagement, representation, and action and expression[7]. Bilateral museum education seldom brings these areas together in practice, especially when several languages, professional cultures and heritage traditions are involved. International museum programmes often handle multilingual interpretation and accessibility in separate workstreams. Translation moves content between languages, while accessibility may be considered only after the content has been fixed. This division can leave the structure of knowledge unchanged. A lecture can be available in two or three languages and still depend on sustained listening, rapid sequencing and verbal response. Craft activities can create a similar problem when they require fine-motor precision, tolerance of wet or noisy materials, and adherence to a single pace set by adults. The central problem lies in how to redesign the relations among message, material, body, institution and participants.

The paper examines "Warmth at Fingertips", an inclusive China–Kazakhstan co-making programme with silk-and-felt handicraft organized by the China National Silk Museum and the National Museum of the Republic of Kazakhstan, with participant engagement facilitated by the Zamandas Foundation. The study explores how multilingual explanation can be reconfigured as a multimodal task ecology. It also asks which barriers and responsive adjustments become visible when museum staff, community organizations and families are analyzed together, and what model can connect cross-cultural material learning, accessibility and institutional reciprocity without reducing participation to attendance.

2. RESEARCH METHODS AND ETHICAL BOUNDARIES

2.1 Data sources

The primary dataset comprised documentation of the educational programme, including information on the organizing institutions, participant groups, the principal stages of the silk- and felt co-making activities, and children's completed works. Visual records were analyzed to examine the arrangement of workstations, task sequences, adult positioning, hand movements, and transitions between activities. The images served only as records of material and interactional conditions, and they were not used to infer diagnoses, emotions or intentions from appearance.

Publicly available materials on the National Museum of the Republic of Kazakhstan's "Accessible Museum: Cultural Heritage for All" initiative supplied the institutional context for the host museum. Its established accessibility practices include tactile replicas, audio description, sign language resources, Braille signage, and staff training programmes[8]. These sources place the programme within the museum's broader accessibility strategy and show how the activity related to the continuing development of accessible museum practice in Kazakhstan.

2.2 Participants

The interview sample comprised 3 Chinese museum professionals, 3 Kazakh museum professionals, 3 NGO staff members, and 3 parents of children with non-apparent disabilities, aged between 27 and 55 years. The interviewees brought professional and experiential perspectives from international project coordination, museum education, exhibition interpretation, communication support, social work, and family caregiving.

Each interviewee completed a semi-structured interview based on the same survey. The survey asked them to identify the first accessibility barriers they observed, describe the adjustments they adopted or recommended, assess whether programme participants could exercise meaningful choice during the activity, explain how they interpreted participants' understanding of silk and felt, and reflect on how the programme shaped their understanding of China–Kazakhstan cultural relations. Interviewees also rated six dimensions of the programme: task clarity, sensory safety, participant autonomy, cultural learning, reciprocity, and inter-institutional coordination, using a 1–5 scale. Each interviewee then identified three principal barriers and proposed three corresponding accessibility adaptations for subsequent thematic analysis.

2.3 Analytical procedure

The analysis combined multimodal task analysis, barrier and adjustment coding, and descriptive statistics. Multimodal task analysis examined what each activity asked participants to see, touch, hear, move, choose and share[9]. Barrier and adjustment coding linked disabling conditions with practical options without locating difficulty within the child. Descriptive statistics summarized interviewees' ratings of six dimensions of the programme.

As initiator and coordinator, the author had close access to the educational process and institutional

Interviewees		Age range	Illustrative roles	Primary knowledge contribution
Chinese museum staff		3 1–45	Coordinator; curator; accessibility adviser	Programme intent, task design, outbound-project constraints
Kazakh museum staff		2 9–48	Educator; interpreter; pedagogy department leader	Local language, museum pedagogy, host-institution workflow
NGO staff		2 7–42	Facilitator; communication specialist; social worker	Support needs, family communication, consent and pacing
Parents		3 3–55	Parents of children aged 8-14	Sensory regulation, autonomy, non-verbal evidence of learning

Table 1. Composition of the 12 interviewees

context. Observational records, interview responses and rating data were carefully triangulated, and the findings were tied to documented evidence (Table 1). The account of implementation reports both challenges and effective practices.

3. CASE SETTING: A ONE-DAY ACCESSIBLE CO-MAKING PROGRAMME

The programme took place on 3 July 2026 at the National Museum of the Republic of Kazakhstan in Astana, one day after the opening of the "Splendid Silk" exhibition. The exhibition provided the institutional context and silk-related educational resources but is not itself the object of analysis[10]. The China National Silk Museum initiated the programme and organized it jointly with the host museum, while the Zamandas Foundation facilitated participation and communication with families. This arrangement combined international project coordination, local museum pedagogy and community-based knowledge of support needs.

The stations included gold-rubbing fans, silk-pattern colouring, a silkworm puzzle, winged-horse paper-cutting, small-loom weaving and Kazakh felt-making[11]. At the loom, participants could see warp and weft crossing. Felt-making involved laying, smoothing and pressing wool fibres, while colouring, cutting and puzzle tasks offered different sensory and motor demands. Analysis of the interviews and project documentation focused on movement between stations, assistance, pauses, re-entry and choice.



Figure 1. Materially distinct routes to participation: (a) small-loom weaving; (b) felt-making through handling and pressing wool.

Task	Material process	Dominant modes	Responsive options	Cultural proposition
Small loom	Thread crossing and tension	Visual; tactile; kinaesthetic	Pre-threaded loom; thicker yarn; one-step cards	The task presents silk through ordered interlacing and connects the finished artwork to its making process.
Felt-making	Laying, smoothing and pressing wool	Tactile; proprioceptive; visual	Dry sample; alternative pressing tool; opt-out	Felt is formed by fibre entanglement and pressure, not by weaving.
Patter n colouring / paper-cutting	Selecting, tracing, cutting and composing	Visual; fine-motor; symbolic	Pre-cut shapes; large handles; free colour choice	Patterns travel and change, but individual choices remain visible.
Silkw orm puzzle	Sequencin g and object recognition	Visual; cognitive; social	Fewer pieces; model image; paired participation	Silk knowledge can be entered through life cycle and material origin.
Gold-rubbing fan	Pressure, transfer and surface reveal	Tactile; visual; kinaesthetic	Stable template; guided pressure; partial completion	A repeated gesture can reveal motif and process.

Table 2. Multimodal task matrix

4. RESULTS OF THE DOCUMENTARY AND INTERVIEW ANALYSIS

4.1 Multilingual explanation within a multimodal task

Chinese–Kazakh bilingual hosting introduced the programme, with interpretation from Chinese into Kazakh and Russian. During the co-making, language became one resource among others. In addition, a model, gesture, pattern card, tactile sample or the visible result of an action could reinforce an instruction. Participants could respond by pointing, selecting a colour, repeating a movement, placing materials together, completing part of a sequence or displaying an object. Meaning was distributed across linguistic, visual, tactile, kinaesthetic, material and social modes[9].

Non-verbal modes also carried educational value when they constructed a concept. Crossing threads made interlacing perceptible, when laying and pressing wool showed how felt forms through entanglement in order to vividly illustrate this process distinct from weaving. This interpretation is consistent with multisensory museum education and contextual accounts of learning, where meaning emerges through relations among people, objects, prior experience and setting[12][13]. Comparisons between silk and felt could then focus on transformation, structure, pressure, tension and pattern without obscuring their technical and historical differences.

4.2 Barriers emerged in time, sequencing and support relations

The 12 interviews produced 36 barrier problems because each interviewee identified three principal barriers. Sequential overload, sensory load, fine-motor demand and adult over-assistance were most frequent (four mentions each); translation lag and visual clutter followed (three each). In general, barriers arose from several instructions such as being delivered at once, noisy transitions, dense table layouts, tools requiring precision, and adults taking control to protect time, neatness or safety.

Some interviewees also described the barriers such as watching before touching, temporary withdrawal from noisy tables, reluctance to handle wet wool



Figure 2. Interview-derived relationships between recurrent barriers and responsive adjustments

and participation through partial completion. The analysis classified these responses as forms of self-regulation and not being coded as non-compliance. Adult support reduced confusion when it replaced a participant's decision. It facilitates participants by clarifying options, stabilising a tool or allowing additional processing time and accessible practice consequently centred authorship while allowing varied forms of completion[14].

4.3 Responsive adjustments and available options

The most frequently proposed adjustments were staggered transitions, a quiet break space and coaching for support persons (four mentions each), followed by reduced table materials and one-step picture cards (three each). Interviewees also suggested the adjustments like providing bilingual keyword cards, pre-threaded looms, thicker yarn, adapted handles, dry wool samples, gloves, parallel demonstration, flexible completion criteria and permission to opt out and return.

Figure 2 links individual adjustments to the barriers. A quiet space reduced sensory load and transition pressure. One-step cards reduced sequential and linguistic density, while coaching for support persons addressed over-assistance and role ambiguity. Together, these measures offered temporal, communicative, material and relational options without requiring diagnostic disclosure. Similar museum co-design practice likewise treats accessibility as a shared, iterative responsibility[15].

4.4 Material and relational learning through action

Interviewees assessed learning through observable choices and comparisons alongside verbal recall. Repeated distinctions between weaving and pressing, thread and wool, and interlacing and entanglement indicated that the material processes supported understanding. Meaning-making was also visible in colour, pattern and tool selection, the placement of silk and felt-related elements side by side, and the presentation of completed or partial work.

Besides, interviewees also identified cultural learning when participants distinguished materials, made comparisons in speech or action, asked about the other tradition, or related an object to a new context. Reciprocal learning appeared in action. The two traditions shared skilled transformation, while their historical and technical differences remained visible.

4.5 Interviewee ratings across programme dimensions

Among the 12 interviewees, autonomy and



Figure 3. Mean ratings of six dimensions across the 12 interviewees (1–5).

reciprocity received the highest mean ratings (4.50 each), followed by cultural learning (4.42), task clarity and inter-institutional coordination (4.08 each), and sensory safety (3.75) (Figure 3). The lower rating for sensory safety suggests that a culturally rich and warmly received programme may still create noise, tactile aversion, crowding or waiting.

The group surveys revealed different areas of perspectives. Chinese museum staff rated cultural learning most highly (5.00), whereas NGO staff gave the highest rating to autonomy (5.00). Parents rated clarity and coordination lower than the professional groups (3.67 each), suggesting that institutional intentions were not always fully visible to families. Kazakh museum staff rated reciprocity (4.67) and coordination (4.33) relatively strongly and asked for clearer language and role protocols. Museum staff understood content and workflow; community organizations understood communication and support conditions; families understood regulation, refusal and non-verbal evidence of engagement.

5. THE DUAL TRANSLATION–TRIADIC

Group	Clarity	Sensory safety	Autonomy	Cultural learning	Reciprocity	Coordination	Overall
Chinese museum staff	4.33	3.67	4.33	5.00	4.33	4.00	4.67
Kazakh museum staff	4.00	3.67	4.00	4.33	4.67	4.33	4.33
NGO staff	4.33	4.00	5.00	4.33	4.67	4.33	5.00
Parents	3.67	3.67	4.67	4.00	4.33	3.67	4.33

Table 3. Mean programme ratings by interviewee group (1–5)

COLLABORATION–PARTICIPATORY MEANING-MAKING MODEL

5.1 Dual translation

Dual translation has two forms. Linguistic-to-multimodal translation reduces dependence on continuous speech by distributing a proposition across concise words, images, samples, gestures, touch and action. Cultural-to-material translation makes an abstract relationship investigable: weaving reveals interlacing, felt-making involves entanglement and pressure, and pattern work embodies selection and variation. The two processes broaden what can count as evidence of understanding. When a material task carries a concept that participants can investigate and express, multimodality becomes part of the educational structure.

5.2 Triadic collaboration

Triadic collaboration draws on three knowledge bases. The China National Silk Museum contributed silk expertise, educational resources and international coordination. The National Museum of the Republic of Kazakhstan contributed local pedagogy, language practice, cultural framing and host-institution authority. Zamandas Foundation staff and families shared knowledge of communication, sensory regulation, consent, pacing and participant expression. As their roles differed, each partner brought knowledge that the others have never experienced. And the written pre-event procedure would give this reciprocity an accountable form by covering content approval, language workflow, support needs, image consent, material safety, decision-making and feedback.

5.3 Participatory meaning-making cycle

The third component is a non-hierarchical cycle. It begins with access and anticipation, including entry, advance information, visual schedules and sensory preview. Choice and adaptation apply to the task, material, pace, response mode and level of assistance, including the option to withdraw and return. Making and expression can involve completing, partially completing, observing, comparing, refusing or communicating through speech and non-verbal action. Feedback from families, NGOs and participants informs the next programme. Participation is assessed by whether institutions respond to this experience and redesign the programme[16]. Within the model, public speaking and co-curation do not carry more weight than observation and making. The evidence in this case pays attention to shared production and reciprocal interpretation.

6. DISCUSSION

6.1 Accessibility as interpretive infrastructure

The case study reframes accessibility as interpretive infrastructure. It differs from the conventional view of accessibility as an auxiliary service. The infrastructure comprised language choices, task sequencing, material alternatives, facilitator roles, waiting time, permission to pause and criteria for a successful outcome. These conditions shaped who could take part and what silk, felt and the China–Kazakhstan relationship could mean (Figure 4).

Therefore, the barriers arose from steps, unreadable labels and tasks that required identical tolerance of texture, rapid comprehension of verbal sequences, fine-motor precision or spoken proof

Cycle phase	Minimum design provisions	Evaluation question
Access & anticipation	Advance picture schedule; sensory preview; accessible route; consent options	Can the participant predict what will happen and enter without disclosing more than necessary?
Choice & adaptation	Task menu; material alternatives; adjustable pace; opt-out and re-entry	Did the participant make a consequential choice about task, material, pace or support?
Making & expression	Multiple response modes; partial completion; supported comparison; ownership of work	Is meaning visible in action, placement, selection, gesture, speech or refusal?
Feedback & redesign	Family/NGO debrief; documented changes; shared review of language and images	What changed in the next iteration because participants and partners responded?

Table 4. Operational indicators for the participatory meaning-making cycle



Figure 4. Warmth at Fingertips: Inclusive China-Kazakhstan silk and felt handicraft co-making programme

of learning. Redesign changed those requirements and redistributed knowledge among materials, participants, museum professionals, community workers and families. Accessibility consequently transformed the programme's service provision and its epistemic form.

6.2 Symbolic inclusion and consequential reciprocity

Symbolic visibility could coexist with waiting, withdrawal, over-assistance and tactile discomfort. Observation, refusal, pausing and re-entry could count as legitimate forms of engagement. Necessary support was evaluated by whether it expanded or replaced a participant's choice.

However, reciprocity also depended on preserving material difference. Silk and felt were comparable as fibre traditions involving skilled transformation and aesthetic decision-making, yet they differed in raw material, structure, tools, embodied rhythm and historical use. Kazakh felt knowledge, local terminology, family expertise and participant responses helped shape the design, so the host context helped determine the programme's form. This distribution of authority is consistent with international expectations that museums work with communities and support diverse forms of participation [17].

6.3 Evaluation standard and limitations

The six-dimensional framework keeps operational weaknesses visible when overall reactions are positive. High cultural-learning scores did not offset low sensory safety. A positive bilateral message likewise did not resolve unclear roles or inappropriate image use. Evaluation therefore needs observation, accessible participant response, family and NGO feedback, staff debriefing and evidence of subsequent redesign.

The small purposive sample, retrospective interviews and absence of direct interviews with participating children limit the study. The ratings are descriptive and cannot be generalized beyond this case although interviews, programme records and visual documentation were triangulated to support the analysis. The future iterations should include accessible child assent and participant-led evaluation wherever appropriate.

7. IMPLICATIONS FOR KAZAKHSTAN'S MUSEUM SECTOR

The host museum's Accessible Museum initiative already includes tactile replicas, audio description, sign-language resources, Braille information and staff

training[8]. The co-making programme applies this work to accessible live pedagogy and international partnership. Kazakhstan's Inclusive Policy Concept for 2025-2030 also emphasizes a social and rights-based approach, barrier removal and full participation[18]. The model relates this national direction to the demands of cross-cultural museum education.

Disability and family organizations should be involved before activity sequences are fixed. Programme planning can pair translated language with an object, image, gesture or action and provide predictable transitions, quiet withdrawal and re-entry. Support persons need training that helps them preserve participant authorship, while project records should show how community feedback changes the next programme. Regional museums can begin with selected materials, tactile samples, clear picture cards, local craft practitioners and sustained community partnerships. Sustained investment is needed in shared planning time, staff competence and a feedback mechanism that continues after the event.

8. CONCLUSION

"Warmth at Fingertips" provides a one-day case through which to examine a broader problem in museum education. When accessibility shapes language, materials, timing, roles and evaluation from the outset, it widens attendance and reorganizes museum education from multilingual delivery towards multimodal co-creation.

The Dual Translation–Triadic Collaboration–Participatory Meaning-Making Cycle describes this reorganization. Dual translation connects language, mode, concept and action. Triadic collaboration recognizes the distinct knowledge of the sending museum, host museum and community organization. The participatory cycle links anticipation, choice, expression and redesign without ranking one mode of engagement above another. That thus explains why an international programme becomes reciprocal when local participants can make consequential choices, produce meaning in their own modes and influence what institutions do next.

REFERENCES

1. United Nations. (2006). Convention on the Rights of Persons with Disabilities.

https://www.un.org/disabilities/documents/convention/convoptprot-e.pdf

2. International Council of Museums. (2022). Museum definition. https://icom.museum/en/resources/standards-guidelines/museum-definition

3. Fortuna, J., Harrison, C., Eekhoff, A., Marthaler, C., Seromik, M., Ogren, S., & VanderMolen, J. (2023). Identifying barriers to accessibility for museum visitors who are blind and visually impaired. Visitor Studies, 26(2), 103–124. https://doi.org/10.1080/10645578.2023.2168421

4. Mesquita, S., Caldeira, A., & Carneiro, M. J. (2024). What facilitates or constrains co-creation in museums? The case of people with visual impairments. Disability & Society, 39(6), 1568–1591. https://doi.org/10.1080/09687599.2022.2157704

5. Lussenhop, A., Mesiti, L. A., Cohn, E. S., Orsmond, G. I., Goss, J., Reich, C., Osipow, A., Pirri, K., & Lindgren-Streicher, A. (2016). Social participation of families with children with autism spectrum disorder in a science museum. Museums & Social Issues, 11(2), 122–137. https://doi.org/10.1080/15596893.2016.1214806

6. Lurio, A. (2016). Engaging children with autism at historic sites: Developing an audience-appropriate curriculum. Journal of Museum Education, 41(3), 165–173. https://doi.org/10.1080/10598650.2016.1193315

7. CAST. (2024). CAST Universal Design for Learning Guidelines version 3.0. https://udlguidelines.cast.org/

8. National Museum of the Republic of Kazakhstan. (n.d.). Accessible Museum: Cultural Heritage for All. Retrieved July 28, 2026, from https://nmrk.kz/en/press/accessible-museum/

9. Kress, G. (2010). Multimodality: A social semiotic approach to contemporary communication. Routledge.

10. China National Silk Museum. (2026). Introduction to "Splendid Silk: Contemporary Chinese Silk Art Exhibition"

11. China National Silk Museum. (2026). "Warmth at Fingertips": Accessible China-Kazakhstan silk-and-felt handicraft programme.

12. Cho, H., & Jolley, A. (2016). Museum education for children with disabilities: Development of the Nature Senses Traveling Trunk. Journal of Museum Education, 41(3), 220–229. https://doi.org/10.1080/10598650.2016.1193313

13. Falk, J. H., & Dierking, L. D. (2018). Learning from museums (2nd ed.). Rowman & Littlefield.

14. Sandell, R., Dodd, J., & Garland-Thomson, R. (Eds.). (2010). Re-presenting disability: Activism and agency in the museum. Routledge.

15. Molek, J., Castells Vela, R., Olcese, G., & Siri, A. (2025). Accessibility as a shared cultural responsibility: The Entre Luces project at the Pablo Gargallo Museum. Heritage, 8(11), Article 475. https://doi.org/10.3390/heritage8110475

16. Simon, N. (2010). The participatory museum. Museum 2.0.

17. UNESCO. (2015). Recommendation concerning the protection and promotion of museums and collections, their diversity and their role in society. https://www.unesco.org/en/legal-affairs/recommendation-concerning-protection-and-promotion-museums-and-collections-their-diversity-and-their

18. Government of the Republic of Kazakhstan. (2024, December 30). On approval of the Concept of Inclusive Policy in the Republic of Kazakhstan for 2025–2030 (Resolution No. 1143). Adilet Legal Information System. https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2400001143

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада музейлік ортада мәдени құндылықтарды қалыптастыру үдерісінің қолжетімділігі «Саусақ ұшындағы жылу» атты қытай-қазақстандық инклюзивті бағдарлама мысалында қарастырылады. Қатысушылардың тәжірибесін талдау негізінде қолжетімділіктің негізгі кедергілері айқындалып, оларды еңсеру жолдары ұсынылады. Зерттеу нәтижесінде халықаралық музейлік бағдарламалардың интерпретациялық инфрақұрылымы ретінде қарастырылатын модель ұсынылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается доступность формирования культурных ценностей в музейной среде на примере китайско-казахстанской инклюзивной программы «Тепло на кончиках пальцев». На основе анализа опыта участников выявлены основные барьеры доступности и предложены способы их устранения. В результате предлагается модель, рассматриваемая как интерпретационная инфраструктура международных музейных программ.

МӘДЕНИ МҰРА

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ МУЗЕЙІ ҚОРЫНДАҒЫ ИСАТАЙ ИСАБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БОЛМЫС ТҰРҒЫСЫНАН КӨРКЕМ КӨРІНІСІ

Жазира АКСАКАЛОВА,
ҚР Ұлттық музейі

Қазақ бейнелеу өнері тарихында ұлттық графика мектебінің қалыптасуы мен дамуына елеулі үлес қосқан суретшілердің бірі – Исатай Нұрышұлы Исабаевтың туғанына биыл 90 жыл толып отыр. Бұл мерейтой – суретшінің жеке шығармашылық жолын қайта саралаумен қатар, қазақ графика өнерінің қалыптасуы мен кемелдену кезеңдерін қайта зерделеуге мүмкіндік беретін маңызды мәдени шара. Себебі суретшінің шығармашылық мұрасы қазақ халқының рухани әлемін, тарихи жады мен мәдени болмысын көркем графика тілі арқылы терең танытқан ерекше құбылыс ретінде бағаланады.

Осыған сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінде 5 маусым күні суретшінің шығармашылығына арналған жеке көрмесі мен халықаралық форматтағы дөңгелек үстел өткізілді. Бұл іс-шаралар барысында қазақ графика өнерінің көрнекті өкілі Исатай Исабаевтың шығармашылық мұрасы жан-жақты талқыланып, оның еңбектерінің ұлттық мәдени құндылық ретіндегі маңызы атап өтілді. Дөңгелек үстелге еліміздің белгілі өнертанушы ғалымдары, танымал суретшілері, аймақтық музейлердің ғылыми қызметкерлері мен Литва, Германия, Англия және АҚШ елдерінен суретшілер мен мәдениет саласының өкілдері қатысты. Халықаралық деңгейде өткен бұл басқосу әртүрлі елдердің мамандарын бір арнаға тоғыстырып, И. Исабаевтың шығармашылық мұрасын ғылыми және мәдени тұрғыдан кеңінен талқылауға мүмкіндік берді.

Қатысушылар суретші туындыларының көркемдік ерекшеліктері мен тарихи мәдени мазмұнына тоқталып, мұраны сақтау, зерттеу және кеңінен насихаттау мәселелерін қарастырды. Сондай-ақ, Исатай Исабаев шығармашылығын заманауи форматта таныту бағытталған музейлік және ғылыми бастамаларды дамыту жолдары ұсынылды. Іс-шара қорытындысында суретші мұрасы ұлттың тарихи жады мен рухани құндылықтарын танытатын маңызды мәдени ресурс ретінде жоғары бағаланды.

Дөңгелек үстелде атап өтілгендей, суретшінің шығармашылық мұрасы ұлттық мәдениеттің көркем шежіресі ретінде ерекше құндылыққа ие. Оның күрделі графикалық техникалардағы шеберлігі туындыларының жоғары көркемдік деңгейін айқындап қана қоймай, қазақ бейнелеу өнерінің кәсіби дамуына да елеулі үлес қосты. Суретші шығармаларында қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, батырлық эпостары мен халықтық аңыз-ертегілері көркемдік тұтастықта бейнеленіп, ұлттық дүниетанымның терең қабаттары айқын көрініс табады. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстан Рсепубликасының Ұлттық музейі қорында сақталған суретші еңбектерін ғылыми тұрғыда зерделеу – ұлттық салт-дәстүрдің көркем бейнелену ерекшеліктерін, оның графикалық интерпретациясын және мәдени жадыны сақтау қызметін айқындауға мүмкіндік береді. Суретші туындыларындағы этнографиялық мазмұн мен көркемдік шешімдер қазақ халқының дәстүрлі өмір салтының бейнелі шежіресі ретінде ерекше мәнге ие.

Бүгінгі таңда Қазақстан Ұлттық музей қорында суретші И. Исабаевтың шығармашылық әлемінен сыр шертетін 45 графикалық және 1 кескіндемелік туындысы сақтаулы. Бұл жинақ – шебердің нәзік талғамын, шығармашылық қолтаңбасын және өз дәуірінің тынысын бейнелейтін көркем мұра. Суретшінің еңбектері офорт, линогравюра, түрлі-түсті линогравюра, акватинта, ксилография, акварель, тушь сынды графиканың сан алуан техникасында орындалған. Орындалу мерзімі бойынша негізінен 1970-80 жылдарды қамтитын бұл композициялар сол кезеңнің рухын, уақыттың тынысын, суреткердің ішкі жан дүниесін тереңінен танытады. Ұлттық музей қорына

бұл туындылар «Астана» ұлттық көркемсурет галереясынан тапсырылған. Уақыт бедерімен астасқан бұл шығармалардың сақталу жағдайы да кезеңнің ізін айқын көрсетеді. Жарты ғасырға жуық уақыт өткен қағаз беттері сарғайып, кей тұстары аздап бүлінген, шеттері майысып, сырылған.

Дегенмен, бұл белгілер олардың көркемдік құндылығын төмендетпейді, керісінше өткен уақыт бедерін сақтаған үнсіз куәгер ретінде тарихи және мәдени маңызын айқындай түседі. Графикалық туындыларды ұзақ мерзімге сақтау мақсатында музей қорларында арнайы температуралық және ылғалдылық режимдері қамтамасыз етіледі. Жарықтың тікелей әсері шектеліп, қышқылсыз материалдардан жасалған қорғаныш қаптамалар пайдаланылады. Қажет болған жағдайда туындыларға консервациялық және реставрациялық жұмыстар жүргізіліп, олардың бастапқы қалпын сақтауға ерекше көңіл бөлінеді.

Осындай сақтау жұмыстарының нәтижесінде, бүгінгі күнге дейін жеткен И. Исабаевтың графикалық мұрасы, ұлттық болмыс пен салт-дәстүрді терең бейнелейтін мазмұнымен ерекше құнды. Музей қорындағы суретші туындыларының ішінде «Қазақтың батырлық эпосы» сериясына енетін «Жырау», «Беташар», «Батырдың дүниеге келуі» атты көлемді графикалық шығармаларды атап өтуге болады.

Бұл 1986 жылы суретшінің 50 жылдық мерейтойына орай жасалған топтама. Офорт техникасында орындалған бұл композициялар 1990 жылы «Төрт батыр» атты батырлық жырлар мен ертегілер жинағына енгізілген. Осы серия аясында жасалған «Батырдың дүниеге келуі» туындысы Исатай Исабаев шығармашылығының биік көркемдік жетістіктерінің бірі ретінде айрықша мәнге ие. Туынды атауынан-ақ аңғарылғандай, онда қазақ халқының өмірлік циклiндегі ең маңызды кезеңдердің бірі – болашақ ел қорғанына айналар батырдың дүниеге келуі көркем бейнеленген. Бұл – бір ғана отбасының қуанышы емес, бүкіл ауылдың, рудың, халықтың ортақ мерейі. Суретші киіз



«Батырдың тууы», серия «Қазақ батырлық эпосы» сериясынан. 1986 ж.
Қағаз, офорт, 63 х 100

үй ішіндегі тылсым әлем мен ұлттық салт-дәстүрдің сән-салтанатын әсерлі бейнелей отырып, көрерменді эпикалық жырлар кеңістігіне жетелейді. Композицияның орталығындағы ақсақал мен сәбиін құшағына басқан ана бейнесі ұрпақтар сабақтастығының, ұлттық құндылықтар мен рухани мұраның өміршеңдігін танытатын көркем символ іспеттес.

Қағаз бетіндегі композициядан И. Исабаевтың көпфигуралы құрылымды шеберлікпен қалыптастырғаны айқын аңғарылады. Киіз үйдің ішкі кеңістігі панорамалық сипатта беріліп, көрермен назарын тұтас композицияға шоғырландырады. Композицияның сол бөлігіндегі ана мен сәби бейнесі негізгі мағыналық өзекке айналса, оң жақтан еніп келе жатқан адамдар қозғалыс пен өміршеңдік әсерін күшейтіп, туындының динамикалық сипатын аша түсекендей әсер қалдырады.

Киіз үйдің сүйегі – кереге мен уықтардың ырғақты орналасуы, сондай-ақ, оң жақтан түскен жарық сәулелері туындының композициялық тұтастығы мен көркемдік әсерін күшейтеді. Тік және көлденең сызықтардың үйлесімі кеңістікті бір арнаға жинақтап, көрермен назарын композицияның орталығындағы кейіпкерлерге бағыттайды. Алдыңғы пландағы бесік пен тұрмыстық бұйымдардың егжей-тегжейлі бейнеленуі кеңістік тереңдігін айқындап, шығарманың шынайылығын арттыра түскен.

Жалпы офорт – металл пластинасының бетін қышқылмен өңдеу арқылы орындалатын аса күрделі әрі нәзік графикалық техника. И. Исабаев осы туындысы арқылы аталмыш техниканы жетік меңгерген шебер екенін айқын танытады. Суретші киіздің түгі, киім қатпарлары, ағаш бұйымдардың өрнектері секілді әрбір бөлшекке сан алуан штрихтардың көмегімен ерекше көркемдік сипат дарытқан. Қара мен ақ түстердің әсерлі контрасты үй ішіндегі жарық пен көлеңкенің үйлесімін шебер жеткізсе, офортқа тән жұмсақ реңк ауысулары мен қанық қара дақтар шығармаға монументалдық сипат пен драмалық әсер бере түскен.

Графикалық шығарма болғандықтан, бұл жерде басты көркемдік қызметті ақ пен қара түстердің арақатынасы атқарады. Дегенмен, И. Исабаев графикасының басты ерекшелігі – штрихтық шешімдерінің нақтылығында жатыр. Суретші қара түстің қанықтығы арқылы заттық әлемнің салмағы мен айқындығын сезіндірсе, қағаздың ақ кеңістігі тазалықтың, нұрдың және жаңа туған сәбидің пәктігінің көркем символына айналғандай. Композициялық тұтастығы мен техникалық орындалу шеберлігі бұл графикалық парақтың жоғары көркемдік құндылығын айқындай түседі.

Осы көркемдік-идеялық ізденіс ұлттық дәстүрді бейнелеудегі сабақтастық ретінде келесі шығармада да жалғасын табады. Исатай Исабаевтың «Беташар» туындысы да – қазақ графика өнерінің алтын қорына енген, ұлттық болмыс пен салт-дәстүрді философиялық тереңдікпен бейнелейтін ерекше туынды. Мұнда суретші тұрмыстық салт-дәстүр көрінісі негізінде халықтың рухани тамырын, әлеуметтік сабақтастық пен жаңа өмірдің бастауын көркемдік-философиялық тұрғыда ұсынады.

Композицияның дәл орталығында басына ақ сәукеле киген, ибалы да сымбатты кейіптегі жас келін бейнеленген. Оның төңірегіндегі көпфигуралы көрініс бір ғана отбасының емес, тұтас бір ауылдың, үлкен әулеттің ортақ қуанышын танытатын жинақталған образ ретінде көрініс табады. Композицияда ақ батасын беруге әзір отырған ақсақалдар, ақ жаулықты аналар және рәсімнің сән-салтанатын арттыра түскен беташаршы бейнелері өзара үйлесім тауып, шығарманың мазмұнын аша түскен.

Суретші киіз үй кеңістігін композициялық фон ретінде пайдалана отырып, көрерменді беташар рәсімінің тікелей куәгеріндей әсерге бөлейді. Бұл туындыда офорт техникасының көркемдік мүмкіндіктері жан-жақты ашылған. Қара мен ақ түстердің әсерлі контрасты жарық пен көлеңкенің күрделі үйлесімін қалыптастырып, шығарманың эмоциялық қуатын күшейтеді. Суретші әрбір кейіпкердің бет-әлпетіндегі мінезді, киім қатпарларын және киіз үйдің фактурасын жоғары дәлдікпен бейнелей алған.

Кейіпкерлердің барлығы бір сәтте бейнеленгенімен, туындыдан домбыраның үні, жыршының дауысы мен көпшіліктің әңгіме-дүкені естілгендей әсер қалыптасады. Композициядағы әрбір сызық пен штрих халықтық дәстүрдің өміршеңдігін, ұрпақтар сабақтастығы мен рухани байланысты терең



Беташар. «Қазақ батырлық эпосы» сериясынан. 1986 ж.
Қағаз, офорт, 64 х 92

танытады. И. Исабаев осы туындысы арқылы қазақ графика өнерін жаңа көркемдік деңгейге көтеріп, қарапайым сызықтар мен штрихтардың өзімен-ақ ұлттық дүниетаным мен халық рухын терең бейнелей алған. Суретшінің жоғары кәсіби шеберлігі мен этнографиялық танымы үйлесім тауып, шығарманы ұлттық графика өнерінің классикалық үлгісіне айналдырған.

Исатай Исабаевтың шығармашылығындағы ұлттық болмысты терең танытатын туындылардың бірі – «Жырау» атты графикалық шығарма. Бұл еңбекте қазақ халқының тарихи жады, батырлық эпосы мен жыраулық дәстүрі біртұтас көркемдік жүйеде көрініс тапқан. Композиция көлденең форматта шешіліп, оның сол жақ бөлігінде ат үстіндегі батырлар тобы мен олардың маңына шоғырланған адамдар бейнеленген. Кейіпкерлердің бір бағытқа қарай топтастырылуы композицияға қозғалыс пен ішкі динамика дарытады.

Оң жақ бөлікте киіз үй мен оның маңындағы тұрмыстық көрінісі бейнеленген. Киіз үй жанында отырған әйел мен бесіктегі сәби арқылы қазақ отбасының тыныс-тіршілігі, ұрпақ сабақтастығы мен өмірдің жалғастығы көркем түрде көрініс тапқан. Ал композицияның дәл ортасында орналасқан жырау бейнесі шығарманың идеялық әрі символдық өзегіне айналады. Қолына домбыра ұстаған жырау халықтың алдында рухани көшбасшы ретінде көрініс беріп, оның байыпты қалпы мен кескін-келбеті даналық пен парасаттың белгісін танытады. Осы арқылы суретші жырауды халықтың тарихи жадын сақтаушы, елдік сананы қалыптастырушы әрі ұлттық рухты ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші көркем жинақталған тұлға ретінде суреттейді.

Офорт техникасының мүмкіндіктері бұл туындыда барынша шебер пайдаланылған. Металл пластина бетіне қышқылмен өңдеу арқылы алынған сызықтардың алуан түрлі қалыңдығы мен тереңдігі кеңістік пен жарық-



Жырау. «Қазақ батырлық эпосы» сериясынан. 1987 ж.
Қағаз, офорт. 60 х 100

көлеңке қатынасын нәзік жеткізеді. Айқыш-ұйқыш штрихтар арқылы суретші фактуралық байлыққа қол жеткізеді. Яғни, адамдардың киіміндегі қатпарлар, аттың жалы, киіз үйдің құрылымы сияқты әрбір бөлшек графикалық тілдің бейнелеу мүмкіндігін барынша айшықтап тұр.

Туындыдағы кеңістік шешімі шартты сипатта құрылған. Артқы планда бейнеленген тау сілемдері мен аспан көрінісі терең перспективаны беруден гөрі шығарманың эмоциялық атмосферасын күшейтетін көркемдік фон қызметін атқарады. Табиғат бейнесі кейіпкерлер әрекетінің үнсіз куәгері әрі тарихи уақыттың символдық көрінісі ретінде қабылданады. Тұлғалардың пластикалық шешімі де ерекше назар аудартады. Ер адамдар бейнесінде тік сызықтардың басымдығы олардың ерлігі, қайсарлығы мен беріктігін айқындайды. Найзалардың тік бағытталуы мен дене бітімінің тік қалпы осы идеяны күшейте түседі. Ал әйел мен сәби бейнелерінде жұмсақ әрі иірімді сызықтардың қолданылуы мейірім, өмірдің жалғастығы және ұрпақ сабақтастығы ұғымдарын астарлайды. Осылайша суретші сызықтық ырғақ пен пластикалық шешім арқылы шығарманың мазмұндық контрастын әсерлі түрде жеткізген.

Иллюстрацияның әдеби негізін батырлық жырлар құрайтындықтан, шығармада эпикалық баяндау сипаты айқын байқалады. Мұндағы кейіпкерлер жеке тұлғалар ретінде емес, халықтың рухани болмысы мен тарихи санасын жинақтаған типтік образдар ретінде бейнеленген. Бұл – эпос поэтикасына тән жалпылау мен архетиптік сипаттың көркем көрінісі. Суретші нақты тарихи тұлғалардың портретін жасауды мақсат етпей, ұлттық мінез бен дүниетанымның көркемдік үлгілерін ұсынады. Шығармада уақыт категориясы да символдық тұрғыда шешімін тапқан. Жырау бейнесі халықтың тарихи жадын танытса, ана мен бала өмірдің жалғастығы мен ұрпақ сабақтастығын білдіреді. Осылайша туындыда ұлттық дүниетаным, ерлік пен елдік, рухани мұра және ұрпақтар сабақтастығы идеялары біртұтас көркемдік жүйеде шебер тоғыстырылған.

Қорытындылай келе, И. Исабаевтың музей қорындағы графикалық туындыларын зерделеу

суретші шығармашылығында ұлттық болмыс пен тарихи-мәдени жадыны көркем бейнелеу басты орын алатынын көрсетті. Әсіресе «Қазақтың батырлық эпосы» сериясына енетін «Жырау», «Беташар» және «Батырдың дүниеге келуі» атты офорттарда қазақ халқының салт-дәстүрі, рухани құндылықтары мен эпикалық дүниетанымы тұтас көркемдік жүйеде көрініс тапқан.

Зерттеу барысында суретшінің композициялық құрылымды көпфигуралы жүйе арқылы шебер ұйымдастырып, кеңістікті символдық-мағыналық деңгейде шешетіні анықталды. Халықтық эпос пен аңыздардың мазмұнын тереңірек ашу мақсатында суретші туындыларды ірі форматта орындап, оларға монументалдық сипат берген. Әр шығармада орталық бейне (жырау, келін, ана мен сәби) идеялық өзек ретінде алынып, айналасындағы кейіпкерлер ұлттық өмірдің түрлі қырларын толықтырады.

Осылайша, И. Исабаев жалпылама-эпикалық мазмұндағы көркем образдар жүйесін қалыптастырады. Сонымен қатар, суретші офорт техникасының мүмкіндіктерін тиімді пайдаланып, ақ пен қара түстердің контрастын терең көркемдік мәнде аша білген. Штрихтардың алуан ырғағы, жарық пен көлеңкенің үйлесімі, детальдардың дәлдігі туындылардың мазмұнын байыта түседі. Қара түс тарихи салмақ пен заттық әлемді меңзесе, ақ кеңістік тазалық пен рухани бастау символы ретінде көрінеді. И. Исабаев шығармашылығының басты ерекшелігі – ұлттық этнографиялық мазмұнды графикалық тілмен шебер ұштастыруында. Суретші қазақтың салт-дәстүрін философиялық-мәдени код деңгейінде бейнелейді. Бұл оның туындыларын ұлттық рухтың көркем бейнесі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

РЕЗЮМЕ

В статье анализируются художественные особенности графических произведений Исатая Исабаева и их национальное содержание. Рассматривается мастерство художника в использовании техники офорта, посредством которой он глубоко и выразительно передает духовные ценности казахского народа, а также его историко-культурное наследие.

SUMMARY

The article analyzes the artistic features of Isatay Isabayev's graphic works and their national essence. It explores the artist's mastery of the etching technique, through which he profoundly and expressively conveys the spiritual values of the Kazakh people, as well as their historical and cultural heritage.

ТАРИХ ПЕН ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ТОҒЫСЫНДА: МУЗЕЙДІҢ МӘДЕНИ МҰРАНЫ САҚТАУ ЖӘНЕ НАСИХАТТАУДАҒЫ РӨЛІ

Индира ДЖАЛИШЕВА,
«Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы

XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басында Қазақстан музейлерінің қалыптасуына жергілікті әкімшілік органдары мен өлкетанушылардың жинақтау қызметі елеулі ықпал етті.

Қазақстандағы музейлер ғылыми архивтік комиссиялар мен статистикалық комитеттердің қызметі нәтижесінде қалыптасты. Кейінгі даму кезеңінде олар архивтер мен кітапханалар сияқты дербес әлеуметтік институттарға айналды. Музей бір жағынан – арнайы ақпараттық қор әрі әртүрлі ақпаратты сақтаушы болса, екінші жағынан – жинақтау, сақтау, жүйелеу және музей экспозициялары арқылы мәдени мұраны танытатын ерекше мәдени-коммуникациялық институт болып табылады.

Музейдің адамзат тарихындағы орны ерекше. Қазіргі кезеңде музейлердің басты міндеті – мәдени мұраны болашақ ұрпақ үшін сақтау, тарихи-мәдени құндылықтарды жинақтау, зерттеу, көпшілікке таныстыру және насихаттау болып табылады. Сонымен қатар көне жәдігерлердің жалпыадамзаттық маңызын ашу арқылы келушілердің рухани-адамгершілік тәрбиесіне ықпал етіп,

ағартушылық қызметті жүзеге асырады. Бүгінде музейлер қоғамдық өмірдің маңызды құрамдас бөлігіне айналды. Әлемдік тәжірибе музейлердің мәдени-тарихи құндылықтарды насихаттайтын әрі келушілердің танымдық және мәдени демалысын ұйымдастыратын маңызды мәдени орталық ретінде қызмет атқаратынын көрсетеді.

Музейлердің қалыптасуы ұлттық сананың жаңғыруына, мәдени және қоғамдық-саяси идеялардың кеңінен таралуына ықпал етті. Музей ғылыми, мәдени-ағартушылық мекеме ретінде ғылым мен білімнің дамуына, өскелең ұрпақтың тәрбиесіне және тарихи сананың қалыптасуына маңызды үлес қосады. Музейтану – музей ісінің тарихын, ұйымдастырылуын, қызмет жүйесін және әдістемелік негіздерін зерттейтін ғылым саласы. «Музейтану» термині XIX ғасырдың екінші жартысында ғылыми айналымға енді. Бұл ғылым музей ісінің теориялық, практикалық және ғылыми-әдістемелік негіздерін қалыптастырып, музей саласындағы тарихи-ғылыми және танымдық тәжірибені жинақтап, жүйелейді [1, 150].

Адамзат қоғамының даму тарихын қысқа мерзімді тарихи оқиғалар арқылы емес, ұзақ мерзімді тарихи үдерістер негізінде зерделеуді ұсынған мектеп өкілдерінің әдіснамалық бағыты адамдардың дүниетанымына, жеке тұлға мен қоғамның әлемді қабылдау ерекшеліктеріне, өркениетті зерттеу мәселелеріне, сондай-ақ әлемді тану мен түсіну деңгейіне баса назар аударды. Бұл теорияның басты құндылығы – зерттеушіні қазіргі әлеуметтік түсініктер аясында шектеліп қалмай, қарастырылып отырған мәселені «табиғат – адам – қоғам – мемлекет – мәдениет – өркениет» жүйесі тұрғысынан кешенді түрде талдауға бағыттауында.

Мұндай көзқарас музей ісінің тарихын қоғамның даму тарихымен өзара сабақтастықта қарастырып, оның жетістіктері мен кемшіліктерін, қайшылықтары мен даму ерекшеліктерін өркениеттік тұрғыдан зерделеуге мүмкіндік берді. Өркениеттік әдіснамалық бағыттың негізгі қағидалары

Н. Данилевский, О. Шпенглер және А. Тойнби еңбектерінде кеңінен көрініс тапқан. Аталған ғалымдар адамзат тарихын зерттеудің әдіснамалық негіздерін адамгершілік және рухани құндылықтармен тығыз байланыста қарастырады [2, 15-17].

Музейлердің қалыптасуы мен даму тарихын зерттеуде бұл мәселені отан тарихының құрамдас бөлігі ретінде қарап, қазіргі ғылыми талаптарға сәйкес өркениеттік әдіснамалық ұстанымдар негізінде зерделеу маңызды. Осыған байланысты зерттеу жұмысында өркениеттіліктің негізгі белгілері саналатын ұлттық рух, ұлттық идея, ұлттық сана, ұлттық дәстүр және ұлттық тәрбие қағидаттары басшылыққа алынды. Аталған қағидаттарды зерттеу барысында қолдану әдіснамалық ұстанымдарды дұрыс айқындаумен тығыз байланысты. Тарихшы-ғалым Х. Әбжановтың пікірінше, «ұстаным» – «зерттеу нысаны мен пәнін дәл тануға негіз болатын әрі қолданылатын ғылыми ереже, бастапқы қағида» болып табылады [3, 70–71].

Мақаланы жазу барысында қолданылған әдіснамалық ұстанымдардың бірі – өркениет теориясындағы дәстүр мен сабақтастық қағидатын басшылыққа алу. Өйткені музей қорларында халықтың санғасырлық тарихын айғақтайтын мәдени-тарихи құндылықтар жинақталған. Дәстүр мен сабақтастық – тарихи-мәдени даму үдерісіндегі ескі мен жаңаның арасындағы объективті әрі заңды байланысты білдіреді. Бұл байланыс мәдениеттің тұтастығын сақтап, оның үздіксіз дамуына негіз қалайды. Осыған байланысты зерттеу барысында музей өткен мен бүгінді жалғастыратын, тарихи жады мен мәдени сабақтастықты қамтамасыз ететін маңызды институт рөлін атқарады.

Музей экспозицияларында қойылған әрбір жәдігердің астарында халқымыздың тарихы жатыр. Сондықтан әлем ғалымдары музейді «ұлт тарихының көрмесі» деп бағалайды. Тарихи-мәдени құндылықтар өркениеттің маңызды өлшемдерінің бірі болып табылады. Материалдық және рухани мұралар адамзаттың тарихи дамуын байланыстыратын, сабақтастыратын және жалғастыратын тетік ретінде қарастырылады. Өркениеттік құндылықтар мәдени игіліктер арқылы жинақталып, дәстүр мен жаңашылдықтың өзара сабақтастығы негізінде тұтас мәдени жүйені құрайды.

Сондықтан зерттеу жұмысында адамдардың іс-әрекетінің нәтижесінде дүниеге келіп, музей қорларында сақталған тарихи-мәдени құндылықтар халық игілігінің

өркениеттік негізі ретінде қарастырылады. Олардың қатарында тарихта белгілі тұлғалардың жеке заттары, халқымыздың жаугершілік кезеңдерде пайдаланған қару-жарақтары, қолөнер туындылары мен сәндік әшекей бұйымдары бар. Ата-бабадан мұра болып қалған осы құндылықтарды құрметтеп, сақтау нәтижесінде көптеген бірегей жәдігерлер бүгінгі таңда тәуелсіз Қазақстанның алтын қоры мен ұлттық мәдени мұрасының ажырамас бөлігіне айналып отыр [4].

Музейлердің қалыптасуы мен даму тарихында олардың мақсаты, міндеттері және атқаратын қызметі туралы әртүрлі ғылыми пікірлер қалыптасты. Қазіргі зерттеушілердің көзқарасы бойынша музей – мәдени мекеме әрі әлеуметтік институт. Себебі ол мәдени құндылықтарды жинақтап, сақтап және көпшілікке таныстырып қана қоймай, қоғамның барлық санаттағы өкілдерін біріктіретін мәдени-ағартушылық орталық қызметін атқарады. Музейдің қоғамдық маңызы оның қоғамдағы әлеуметтік, мәдени және ғылыми өзгерістерге бейімделіп, үнемі дамып отыратын «тірі ағза» сипатына ие болуымен айқындалады.

Музейлер қызметінің мұндай сипаты, ең алдымен, мемлекеттік саясатқа, сондай-ақ экономикалық және мәдени факторларға тәуелді болды. Қазақстандағы музейлердің жан-жақты қалыптасуы мен дамуы 1917 жылғы Қазан революциясынан кейін жедел қарқын алды. 1920 жылдардың басында мәдени құрылыс саласындағы мемлекеттік саясат музейлердің қызметі мен қоғамдағы рөлін айқындап, оларды ғылыми-зерттеу жұмыстары нәтижесінде жинақталған жәдігерлерді көпшілікке кеңінен таныстыратын саяси-ағартушылық орталық ретінде қарастырды [5].

Бүгінде музей «шығармашылық зертхана», «қазына сақтайтын орын», «уақыт машинасы», «уақыт пен мәдениеттің үндестігін танытатын кеңістік», «ғылыми-зерттеу және ағартушылық қызметті жүзеге асыратын мекеме», «мәдениет театры» сияқты сан қырынан сипатталады. Мұндай көзқарас музейдің тек тарихи-мәдени құндылықтарды сақтаушы ғана емес, сонымен қатар ғылым, білім және мәдениетті ұштастыратын көпқырлы институт екенін көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда музейтанушы ғалым З. Странскийдің «музей» ұғымына берген ғылыми анықтамасы назар аударуға тұрарлық. Ол музейге берілген жиырмаға жуық анықтаманы салыстыра отырып, музейді ғылыми және мәдени мақсатта пайдаланылатын, құнды түпнұсқа болып табылатын табиғи және қоғамдық нысандарды іріктеп, жинақтайтын ерекше ғылыми-мәдени мекеме ретінде сипаттайды [6].

Музей ісіндегі ғылыми-зерттеу жұмыстарының маңызды бағыттарының бірі – музей қорын ғылыми тұрғыдан жинақтау. Бұл жұмыс музей қорына қабылданатын әрбір экспонатты тарихи деректер негізінде жан-жақты зерттеп, ғылыми тұрғыдан танудан басталады. Музейге келушілер көне дәуірден бүгінгі күнге дейінгі өлке тарихымен танысып, тарихи кезеңдердің ерекшелігін терең сезінуі үшін экспозициядағы құндылықтардың ғылыми негізде толық зерттелуі қажет.

Осыған байланысты музейге қабылданатын әрбір жәдігер «экспонат» ретінде бас қорға тіркелместен бұрын оның барлық деректері, шығу тегі, тарихи-мәдени құндылығы жан-жақты зерделеніп, ғылыми сипаттамасы қабылдау актісінде толық көрсетіледі. Бұл үдеріс музей қызметкерлерінен жоғары кәсіби біліктілікті, ғылыми даярлықты және ұқыптылықты талап етеді [7].

Әрбір музейдің ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі бағыты оның бейіндік ерекшелігіне және қоғамдық-әлеуметтік институттар жүйесіндегі орнына сәйкес айқындалады. Музейдің алдына қойылған мақсат-міндеттерге орай қор материалдарын іріктеу және жинақтау, тарихи құжаттардағы мәліметтерді талдау мен жүйелеу, сондай-ақ музей қорындағы жәдігерлердің ғылыми каталогтарын әзірлеу ғылыми-зерттеу қызметінің маңызды бағыттары болып табылады [8].

Музейдегі ғылыми-зерттеу жұмыстары өзара тығыз байланыста жүзеге асырылады. Себебі музей экспозициялары мен көрмелерін әзірлеу, ғылыми тұжырымдамаларды дайындау, тақырыптық-экспозициялық жоспарлар жасау, сондай-ақ қор материалдарын сақтау мен өңдеу жұмыстары ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелеріне тікелей негізделеді. Сондықтан музей экспозицияларын, көрмелерді ұйымдастыру, каталогтар,

монографиялар мен альбомдар әзірлеу музей коллекцияларын ғылыми тұрғыдан зерттеу, талдау және жүйелеуден басталады [9].

Музейдің негізгі міндеттерінің бірі – жаңа білімді тарату және жинақталған мәдени мұраны қоғамға қолжетімді түрде жеткізу. Осы мақсатта музей келушілерге тарихи ортаны жан-жақты таныстырып, өткен дәуірдің өмір салтын сезінуге мүмкіндік береді. Мәселен, музей экспозициялары арқылы келушілер ортағасырлық қала тұрғындарының тұрмыс-тіршілігімен танысып, қала тарихы мен одан шыққан көрнекті тұлғалар туралы жан-жақты мәлімет ала алады. Мұндай танымдық жұмыс келушілердің тарихи сана-сезімін қалыптастырып, туған өлкенің тарихына деген қызығушылығын арттырады [10].

Қазіргі уақытта, тіпті үйден де, әлемнің кез келген жерінде орналасқан музейге саяхат жасап, оның коллекцияларын көруге болады. Технологияның арқасында қазір экспонаттың көшірмесін жасап, оны кез келген жерде орналастыруға болады. Музейлер бұл технологияны өз веб-сайттары үшін пайдалана алады, сонымен қатар олар онлайн турларда ұсына алады. Көрменің 3D үлгісін жүктеп алып, 3D принтер арқылы үйде қайта жасауға мүмкіндік бар. Толықтырылған және виртуалды шындық музейдің интерактивті жабдықтармен жабдықтауда өте маңызды және қызықты рөл атқарады.

Адамдар түрлі технологияларға қанық әлемде өмір сүруге дағдыланып келеді. Сондықтан музейге келіп, қабырғада ілулі тұрған дәстүрлі экспонатты көру бұрынғыдай ерекше әсер қалдыра бермейді. Осыған байланысты виртуалды және толықтырылған шындық технологияларының маңызы артып отыр. Бұл технологиялар келушілерге бұрыннан таныс көрмелерді жаңа қырынан қабылдауға мүмкіндік береді. Виртуалды шындық пайдаланушыны толықтай цифрлық ортаға енгізсе, толықтырылған шындық нақты кеңістікті цифрлық элементтермен толықтырып, экспонат туралы ақпаратты көрнекі әрі тартымды түрде ұсынады. Нәтижесінде келушілер экспонаттың мазмұны мен тарихи-мәдени мәнін тереңірек түсіне алады. Сонымен қатар, бұл технологиялар музей экспозицияларын қабылдаудағы түрлі кедергілерді азайтып, көрмелердің қолжетімділігі мен тартымдылығын арттыруға ықпал етеді [11, 61-62].

Техника және көлік музейлерінде келушілер музей қорында ұсынылған техника мен жабдықтарды басқарудың виртуалды оқу курстарынан өте алады. Мұндай формат келушіге техниканы толық меңгермесе де, оның басқару жүйесі мен жұмыс істеу қағидалары туралы бастапқы түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде музейге және ондағы басқа да экспонаттарға деген қызығушылықты арттырады. Осы қағида бойынша темір ұсталығы сияқты өткен дәуірлердің дәстүрлі қолөнер түрлерін таныстыруға арналған виртуалды курстарды да ұйымдастыруға болады. Қазіргі таңда мұндай тәжірибелер негізінен ашық аспан астындағы музейлерде жүзеге асырылып, онда көне қалалардың тұрмыс-тіршілігі мен тарихи ортасы қайта жаңғыртылады. Алайда виртуалды технологиялардың көмегімен бұл үдерісті анағұрлым әсерлі, көрнекі әрі интерактивті түрде іске асыруға мүмкіндік бар [12].

Музей өңірдің дамуына бастамашы институт ретінде маңызды рөл атқарады. Белгілі бір аумақта орналасқан музей тек мәдени мекеме қызметін атқарып қана қоймай, сол өңірге тән бірқатар маңызды міндеттерді де орындайды. Біріншіден, музей өңірдің ғылыми құжаттандыру орталығы болып табылады. Өйткені онда тарихи, мәдени және табиғи мұраны айғақтайтын, ғылыми әрі мәдени құндылығы жоғары түпнұсқа құжаттар мен заттай жәдігерлер музейлік пән ретінде жинақталып, сақталады.

Екіншіден, музей өңірдің ғылыми-зерттеу қызметінің орталығы ретінде экспонаттарды іріктеу, ғылыми сипаттау, зерттеу және ғылыми айналымға енгізу жұмыстарын жүзеге асырады. Бұл үдерістер кешенді ғылыми зерттеулерді талап етеді, ал олардың нәтижелері өңірдің мәдениеті, тарихы мен табиғи мұрасы туралы жаңа ғылыми тұжырымдар мен деректердің қалыптасуына негіз болады.

Үшіншіден, музей – өңірдің мәдени мұрасын сақтап, насихаттайтын мәдени өкілдік. Музейде ұсынылған экспонаттар сол өңірдің тарихи-мәдени құндылықтарын танытады. Ал музей экспозициялары белгілі бір тарихи кезеңдегі қоғамда қалыптасқан

мәдени құндылықтар мен нормаларды бейнелейтін ерекше мәдени кеңістік болып табылады.

Төртіншіден, музейдің құжаттандыру, ғылыми-зерттеу және мәдени-ағартушылық қызметі оны ағартушылық-тәрбиелік орталық ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Осы міндеттерді жүзеге асыруда тарихи-өлкетану музейлері мен тарихи-мәдени және табиғи қорық-музейлердің рөлі ерекше [13].

Музей – мәдени бастамаларды жүзеге асыратын маңызды алаң. Қазақстандағы музей ісінің одан әрі дамуына, ұлттық мәдени мұраны дәріптеуге, сондай-ақ еліміздің халықаралық деңгейдегі танымалдылығын арттырып, оң имиджін қалыптастыруға ықпал ететін негізгі стратегиялық құжаттардың бірі – Қазақстан Республикасының 2014 жылы қабылданған Мәдени саясат тұжырымдамасы.

Тұжырымдамада: «Қазақстан музейлері тарихи-мәдени мұраны кеңінен таныту мақсатында кітапханалармен, мұрағаттармен және ғылыми мекемелермен өзара ынтымақтастықта жұмыс істейтін негізгі тірек орталығы болуы қажет», – деп көрсетілген. Көптеген жетекші елдердің тәжірибесі музейлердің әлеуметтік-экономикалық әлеуетінің жоғары екенін, олардың ағартушылық қызметті дамытуда, елдің имиджі мен туристік тартымдылығын қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын дәлелдейді. Сондықтан музей тек ғылым, білім, коммуникация, мәдени ақпарат пен шығармашылық инновациялар орталығы ғана емес, сонымен қатар мәдени бастамаларды жүзеге асыратын маңызды алаң болуы тиіс.

Технологиялар тоғысында дамып келе жатқан музей ісі қазіргі қоғам үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашуда. Музейлер ғасырлар бойы жинақталған тарихи-мәдени мұраны сақтап қана қоймай, оны заманауи цифрлық технологиялар арқылы кең аудиторияға ұсынудың тиімді тетіктерін де қолдануда. Виртуалды көрмелер, цифрлық архивтер және интерактивті экспозициялар дәстүрлі музей жәдігерлерін жаңа форматта таныстыруға мүмкіндік береді.

Осы арқылы музейлер ұлттық құндылықтарды келер ұрпаққа жеткізетін рухани орталық ретіндегі өз миссиясын сақтай отырып, қоғамдағы ағартушылықтың инновациялық алаңына айналуда. Дәстүрлі мұра мен заманауи технологиялардың үйлесуі музей қызметінің мазмұнын байытып, тарихи жадты сақтау ісінің тиімділігін арттырудың маңызды тетігіне айналып отыр.

Осыған орай, халқымыз жас ұрпақты тәрбиелеуде және оларды өмірге бейімдеуде көрнекілік құралдарын ұтымды пайдалана білген. Қазақтың әр шаңырағында ата-бабадан қалған, ұрпақтан-ұрпаққа аманат ретінде сақталып келе жатқан түрлі бұйымдар кездеседі. Олардың қатарында тарихи тұлғалардың жеке заттары, жаугершілік кезеңдерде қолданылған қару-жарақтар, қолөнер туындылары және басқа да құнды жәдігерлер бар. Сондықтан қазақ халқы ежелден өз шаңырағындағы ең қастерлі орынды бүгінгі түсінікпен айтқанда шағын музей қызметін атқаратын рухани кеңістік ретінде қалыптастырды деуге болады.

Ата-бабадан қалған мұраға деген осындай құрмет пен қастерлеудің нәтижесінде көптеген тарихи құнды жәдігерлер бүгінгі таңда тәуелсіз Қазақстанның алтын қорын толықтырып, ұлттық мәдени қазынамыздың ажырамас бөлігіне әрі халқымыздың мақтанышына айналып отыр.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қартаева Т.Е. Әлемдік музейлер кеңістігі. – Алматы: «Қазақ университеті» 2013. –150 б.

2. Сиволап Т.Е. Музееведение. – Санкт-Петербург: СПбГИКиТ, 2018. –14-18 б.

3. Мұстапаева Д.Ө. Қазақстандағы музей ісінің тарихы. – Түркістан: 2011. –70-72 б.

4. Нұрпейісов Е., Мұхтарова А. Қазақстан музейлері және мұра. – Астана: Фолиант, 2015.

5. Бекмаханов Е., Қазақстан тарихының мәселелері. – Алматы: Санат, 1997

6. Ибраева А.Ғ. Ғылыми бюллетень, 2009. №2. –26-37 б.

7. Ануфриева А.В. Музейное дело и охрана культурных ценностей: учеб.пособие / Ануфриева А.В., Шахеров В.П., Шахерова С.Л. – Иркутск: Изд-во ИГУ, 2013. С. 124-125

8. Третьякова Т.Н. Музееведение: Учебное пособие. – Челябинск: УралГУФК, 2011. С. 19-20

9. Иксанова В.И. Опыт разработки модели регионального музейного объединения // Музееведение. Вопросы теории и методики. –М., 1987. С. 35-42.

10. Сейітова Г.Р. Музей ісінің негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2018.
11. Лунева М. И., Резникова Е. А., Хайдарова М. А. Воронежский областной музей изобразительных искусств: альбом. – Москва: Изобразительное искусство, 1984. С. 216.
12. Златоустова В.И., Каспаринская С.А., Кузина Г.А., Музейное дело в России// Российская музейная энциклопедия. –Москва. 2001. С. 402-403
13. Шляхтина Л.М. Современная методология реализации образовательной функции музеев /Л.М. Шляхтина // Важский край: источниковедение, история, культура: исследования и материалы. –Вельск, 2004. С. 126.

РЕЗЮМЕ

В статье анализируется роль музея в сохранении культурного наследия в контексте взаимодействия истории и технологии. В исследовании рассматриваются особенности традиционного музейного дела и его интеграция с современными технологическими инновациями.

SUMMARY

The article analyzes the role of museums in preserving cultural heritage within the context of the interplay between history and technology. The study examines the characteristics of traditional museology and its integration with modern technological innovations.

ПЛАСТИЧЕСКОЕ И СМЫСЛОВОЕ ВЫРАЖЕНИЕ ТАНЦА В ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОМ ИСКУССТВЕ (НА ОСНОВЕ РАБОТ ИЗ КОЛЛЕКЦИИ НАЦИОНАЛЬНОГО МУЗЕЯ РК)

Гулназ ОСПАНОВА,
Студентка 4-курса
Казахской национальной академии хореографии,
специальность «Искусствоведение»
Шолпан ДИДАР,
Руководитель отдела «Искусствоведения»
Национального музея РК

Танец как форма художественного выражения занимает особое место в области изобразительных искусств. В отличие от сценического танца, разворачивающегося во времени и пространстве, танец в живописи и графике существует в состоянии визуальной остановки. Однако отсутствие реального движения не лишает его выразительной силы. Художник своим мастерством переводит временную природу танца в пластический образ, где жест, поза, ритм линии и композиционное построение становятся основными носителями смысла.

В коллекции Национального музея Республики Казахстан также представлены несколько работ на тему танца.

В статье рассматриваются отдельные уникальные работы и их художественное значение и смысл. Эти произведения отражают богатство пластических и смысловых возможностей танца в живописи и графике.

Одной из первых работ, посвящённых теме «Танец», является одноимённая работа, выполненная в многоцветной линогравюре Исатая Исабаева – мастера графики, члена Союза художников РК и Заслуженного деятеля искусств РК. Созданная в 1973 году, работа входила в серию «Песни казахов». Будучи выпускником Московского полиграфического института, Исабаев относится к яркой плеяде художников-шестидесятников, внёсших значительный вклад в развитие национальной художественной школы



И. Исабаев
Графика. «Танец». Из серии «Песни казахов». 1973 г.
51х54

Казахстана. Широкую известность ему принесли книжные иллюстрации и графические циклы, посвящённые казахскому эпосу и народной культуре. Сюда входит и ранее упомянутая серия «Песни казахов». Подобно всем художникам-шестидесятникам, у художника была свобода мышления и собственной трактовки. Он считал, что современное искусство в свою очередь должно быть в диалоге с традицией. Потому его «Танец» является важным художественным высказыванием о связи времён и национальной памяти. Перед зрителем предстает образ девушки, движущейся под дуэт домбры и сыбызгы. Художник посредством ритма складок платья, чередования орнаментальных узоров и пластики изогнутых рук передаёт само ощущение танца и его внутреннюю динамику. На заднем плане представлены фигуры людей из народной среды, выступающие в роли свидетелей и носителей коллективной памяти. Обращаясь к традиционному мотиву, художник решает не этнографическую, а концептуальную задачу – осмысление прошлого с позиции человека второй половины XX века. Используя выразительные возможности цветной линогравюры, Исатай Исабаев достигает обобщённости образа, в котором движение и ритм становятся символом непрерывности культурного опыта. Мы видим как через четкие, очерченные линии, через игру света и тени художник словно подтверждает значимость танца в казахской культуре, утверждает его коллективную роль в обществе, а потому оно и приобретает ярко выраженное национальное звучание.

Ещё одно произведение принадлежит Валентину Курдову. Художник-иллюстратор детской книги, обращался к теме танца в серии «Целина». Среди них – такие рисунки, как «Танцы» и «Концерт в поле» 1961 года. В фонде музея хранится «Танцы при Луне» 1975 года. Эти работы выполненные карандашом имеют характер зарисовок. Возможно, на него так повлиял опыт жизни в блокадном Ленинграде, ведь в то время большинство художников предпочитало быстрое письмо. Произведение Валентина Курдова словно обращает зрителя к архаическим и ритуальным аспектам танца. Ночное пространство и образ луны задают сакральную атмосферу, в которой танец приобретает характер коллективного действа. Повторяющиеся фигуры и их ритмическое расположение подчёркивают цикличность движения и его связь с природными ритмами. Стоит отметить, что подобное расположение характерно для всех работ Курдова, где изображен процесс танца. Люди собравшись, образовали круг,



В. Курдов
Графика. «Танцы при луне». 1975 г.
30х42

где пускаются в пляс. С первого взгляда кажется, будто они предаются безмятежному веселью, но атмосфера, которую так тонко и графично передаёт художник, невольно отражает всю сакральность происходящего, а пластика тел, подчинённая не индивидуальной экспрессии, а общему ритму, усиливает ощущение коллективного начала.

Когда поднимаются темы образа женщины и живописи, невозможно не упомянуть о выдающейся казахстанской художнице – Гульфайрус Исмаиловой. Творчество Исмаиловой отличается многогранностью: она работала в области станковой живописи, графики и театрально-декорационного искусства. Особое место в её наследии занимает сценография – художница активно сотрудничала с театрами, создавая костюмы и оформление оперных и балетных постановок. Театральная среда оказала значительное влияние на её живописный язык. В станковой живописи Гульфайрус Исмаилова широко обращалась к портрету, особенно к образам деятелей культуры, артистов, представителей художественной интеллигенции. Её портреты отличаются обобщённостью образа, вниманием к внутреннему состоянию модели и декоративно-колористической выразительностью. Так, грацию лебедя демонстрирует портрет первой казахской профессиональной балерины Сары Кушербаевой. Этот портрет был написан кистью Гульфайрус Исмаиловой в 1983 году. На холсте мы наблюдаем сидящую на полу Сары Кушербаевой среди танцующих балерин. Их лиц не видно, лишь обозначены их фигуры стоящие на пуантах и облаченные в танцевальные костюмы. Главная героиня здесь сама Сара, расположенная на переднем плане, согласно композиции классицизма не только живописи, но и сцены. Хоть в этой картине танец лишь обозначено как непосредственное действие, однако он полной мере ощущается в пластике фигуры и внутреннем напряжении образа балерины. Поза, жесты и общий строй композиции передают состояние собранности и скрытой динамики, тем самым выходя за рамки индивидуальной характеристики и превращает образ балерины в символ сценического искусства, где танец осмысляется как форма дисциплины, труда и духовной концентрации.

В работе Ивана Фомича Свитича «Танцплощадка» танец осмысляется как форма одухотворённой повседневности, что соответствует общей художественной направленности автора, для которого характерны лиризм и внимание к внутреннему состоянию человека. Пластика танцующих фигур лишена подчеркнутой экспрессии и сценической эффектности: движения переданы обобщённо, через ритм масс и мягкие, текучие очертания форм. Человеческие фигуры словно утрачивают телесную плотность и воспринимаются как подвижные, растворяющиеся образования, близкие по своей природе к облакам, изменчивым и неустойчивым. Такая метафорическая «размытость» образов усиливает ощущение временности и хрупкости человеческого



Г. Исмаилова
«Портрет С. Кошербаевой». 1983 г.
120х150



И. Свитич
«Танцплощадка». 1990 г.
100х110

присутствия.

Пространство картины при этом приобретает черты условной сцены: освещённый центр композиции напоминает импровизированную площадку, где повседневная среда временно преобразуется в пространство совместного действия. Однако эта сцена лишена театральной условности и иерархии – она не отделена от жизни, а возникает внутри неё. Пластическая сдержанность переводит акцент с внешней динамики на эмоциональное состояние участников действия. Танец здесь не демонстративен, а интонационно тих и сосредоточен, что позволяет воспринимать его как форму внутреннего переживания, а не как зрелище. Высокая культура цвета и тёплая, приглушённая палитра усиливают ощущение камерности и создают эмоционально цельное пространство, в котором движение становится частью общего жизненного ритма. В смысловом отношении танец в произведении Свитича выступает как форма социальной и психологической коммуникации – способ временного единения людей, где человек, подобно облаку, включён в общий поток существования, не теряя при этом своей человеческой значимости.

Произведение Гульнары Тасимовой «Танец», характерное для современного искусства, является пластическим выражением движения, приобретающего предельно обобщённый и абстрагированный характер. Сам танец здесь лишён конкретной сюжетной или жанровой привязки и существует как самостоятельная пластическая структура. Обозначенная фигура растворяется в живописном потоке ярких цветов и линий, таким образом передавая движение не через анатомическую точность, а через ритм мазков, направленность кисти и напряжение цветовых пятен. Пластика танца трансформируется в визуальный эквивалент энергии и импульса, что сближает работу с принципами пластического мышления, характерного для графики второй половины XX – начала XXI века. Отказ от конкретного образа танцовщика переводит внимание зрителя на сам процесс движения, его эмоциональную и экспрессивную сущность. Танец здесь выступает как метафора переживания, не привязанного к определённому времени, месту или культурному контексту.

Рассмотрение произведений из коллекции Национального музея Республики Казахстан



Г. Тасимова
Графика. «Танец». 2004 г.
38х54

позволяет выявить многообразие пластических и смысловых интерпретаций танца в изобразительном искусстве. В анализируемых работах танец выступает не как единый жанровый мотив, а как сложный художественный феномен, в котором форма движения становится носителем культурной памяти, эмоционального состояния и социального опыта.

В графике Исатая Исабаева танец обретает значение национального символа, где чёткая пластика линий и ритмическая организация формы выражают идею преемственности традиции и коллективной идентичности. В произведениях Валентина Курдова танец осмысляется как архаическое и ритуальное действо, подчинённое циклическим ритмам природы и коллективному началу, что подчёркивается повтором фигур и замкнутой композицией. В портрете Сары Кушербаевой, выполненном кистью Гульфайрус Исмаиловой, танец представлен в виде «замершего движения», проявляющегося через пластичность позы и внутреннее напряжение образа, где движение выступает символом сценической дисциплины и духовной сосредоточенности. В работе Ивана Фомича Свитича танец предстает как форма одухотворённой повседневности, где пластическая сдержанность и мягкий ритм движения раскрывают его социально-коммуникативную функцию. В произведении Гульнары Тасимовой танец утрачивает предметную определённость и превращается в абстрагированный ластический образ, в котором движение выражается через цвет, ритм и эмоциональный импульс, не связанный

с конкретным культурным или временным контекстом.

Таким образом, танец в изобразительном искусстве проявляется как универсальный пластический язык, способный передавать как коллективные культурные смыслы, так и субъективные внутренние переживания. Пластическое и смысловое выражение танца в анализируемых произведениях демонстрирует, что движение в живописи и графике не утрачивает своей выразительности, а, напротив, приобретает новые формы осмысления, превращаясь в самостоятельный художественный образ.

РЕЗЮМЕ

Мақалада қазақстандық бейнелеу өнеріндегі би тақырыбының көркемдік-образдық ерекшеліктері қарастырылады. Олардың шығармалары негізінде бидің ұлттық болмысы, тарихи дәстүрі, рухани құндылығы, әлеуметтік қарым-қатынасы және эмоциялық-пластикалық бейне ретіндегі көркемдік қызметі талданады.

SUMMARY

The article examines the artistic and figurative features of the dance theme in Kazakh fine arts. Based on these works, dance is analyzed in terms of its national identity, historical traditions, spiritual values, social relationships, and its artistic role as an emotional and plastic image.

ТҰЛҒА ТАҒЫЛЫМЫ

ТАРЫ АТАСЫ АТАНҒАН ТҰЛҒА (ШЫҒАНАҚ БЕРСИЕВ ФЕНОМЕНІ: ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ)

Майра СУЛЕЙМЕН,
Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің әдіскері

Тарының халық шаруашылығындағы маңызы зор. Ол негізінен сөк өндіру үшін өсіріледі. Тағамдық және дәмдік сапасы жағынан арпа мен сұлы жармасынан жоғары бағаланады. Қазақ халқы тарының қадірін ерте заманнан-ақ білген. «Кеспе көже күн батқанша, бидай көже ел жатқанша, тары көже таң атқанша» деген нақыл сөз соның айғағы. Өнімі мол, еңбекті еселеп қайтаратын бұл дақылдың өсіруге қолайлы өңірлері де аз емес. Соның бірі – Ойыл өңірі. Тиімді агротехникалық тәсілдерді қолдана отырып, бір ғана Ойыл жерінің өнімімен бүкіл республиканы қамтамасыз етуге болады.

Бұл мақала Ойылдың ақ тарысын әлемге танытқан атақты диқан Шығанақ Берсиевтің мол тәжірибесі мен еңбек жолына арналмақ.

Шығанақ егінді күтіп-баптау барысында күн сәулесін, ай жарығын, сондай-ақ, кейде Каспий теңізі жағынан соғатын желдің ерекшеліктерін де ескерген. Осындай танымдық және тәжірибе жүзінде сыналған әдістерін үнемі жетілдірудің арқасында ол жыл сайын өнім көлемін арттыра түсті. Соның нәтижесінде 1943 жылы бұрын-соңды болмаған жетістікке жетіп, әлемдік деңгейдегі рекорд орнатты. Бұл көрсеткіштің кейін қайталануының өзі күмән тудырған болатын.

Шығанақ тұлғасының даралығы – оның қол жеткізген биігіне әлі күнге дейін ешкімнің жете алмауында. Оның тарыдан алған рекордтық көрсеткіші әлі де жаңартылмады. Шығанақ мектепте оқымағанымен, табиғи даналық пен өмірлік тәжірибені, ерекше қажыр-қайрат, төзімділік пен іскерлік қасиеттерді бойына сіңірген ерекше жан еді. Оның даналығы туған жерді қадірлеуге, еңбекті сүюге жетеледі. Еңбекпен ерте есейген шаруа баласы өмір бойы ізденуден жалыққан емес. Тынымсыз еңбегі мен үздіксіз ізденісінің нәтижесінде соғыс жылдарының ауыр кезеңінде де тарыдан рекордтық өнім алып, өз жетістігін екі мәрте жаңартуға қол жеткізді.

Белгілі академиктердің «Шығанақ ғылым болжамынан да озып кетті!» деп таңдануы тегін емес. Шығанақтың даңқы Кеңес Одағының шекарасынан асып, шетелдерге де кеңінен тарап кетті. Американдықтар оны «Тары докторы» деп атады [1, 29 б.].

Диқан өзі өсірген тарының тұқымы мен сапасына ерекше көңіл бөлді. Оның тәжірибесі Ақтөбе облысының табиғи-климаттық жағдайында суармалы егіншілікке бейімделген Ойылдың жергілікті ақ тарысының аса өнімді сорт екенін іс жүзінде дәлелдеді.

Шығанақ Берсиев қуаң дала жағдайындағы егіншілікті жаңа деңгейге көтерген көрнекті тұлға ретінде бағаланады. Ғалымдар мен зерттеушілер оның жетістіктерін кездейсоқ нәтиже емес, көпжылдық тәжірибе мен табиғат заңдылықтарын терең меңгерудің жемісі деп таниды. Ол дәстүрлі егіншілік тәсілдерін жетілдіріп, тарыдан әлемдік деңгейдегі жоғары өнім алуға қол жеткізді. Зерттеу еңбектерінде Шығанақ Берсиев «жердің тілін тапқан диқан», «тәжірибешіл агроном» ретінде сипатталады. Оның еңбек жолы жас ұрпақты еңбекқорлыққа,



1-сурет. Ш. Берсиев (тіркеу номері: ҚҚТ-1325/1).

төзімділікке және жауапкершілікке баулитын тағылымды үлгі ретінде айтылады. Сондықтан Шығанақ Берсиевтің еңбегі ауыл шаруашылығы тарихында ғана емес, ұлттық еңбек мәдениетінің дамуында да ерекше орын алған (тіркеу нөмірі: ҚҚТ-1325/1) (1-сурет).

Шығанақ Берсиев 1881 жылы Ақтөбе облысының Ойыл ауданындағы Ащы Ойыл бойында дүниеге келген. Әкесі Берсе баласын жастайынан еңбекке баулып тәрбиелейді. Ер жеткен соң ол екі жылдай Гурьев өңірінде балық кәсіпшілігінде жұмыс істеп, кейін туған жеріне қайта келеді. Ойыл өңірінде байларға жалданып еңбек етеді, сондай-ақ, Көкжар жәрмеңкесіндегі трактирде жұмыс істейді. Тұрмыстың ауыртпалығын көп көргенімен, білім алуға мүмкіндігі болмайды. Соған қарамастан, ол өмірлік тәжірибесін байытып, кейін егіншілікпен түбегейлі айналысуға бет бұрған.

1920-1922 жылдардағы ашаршылық кезеңінде Қарақалпақстан мен Түрікменстан жерлерінде болады. 1924 жылы өзі шыққан Жұлдыз руының шамамен 500 түтінімен



2-сурет. Звено жетекшілерімен. (тіркеу номері: ҚҚТ-86/2).



3-сурет. Халық ақыны Н. Байганин звено жетекшілері арасында З. Баймолдина, Ш. Берсиев, Б. Ақабаев. (тіркеу номері: ҚҚТ-86/1).

бірге Ащы Ойыл бойында Бекбау суармалы алқабын ұйымдастырып, егіншілік кәсібін дамытуға үлес қосады.

1938 жылы Шығанақ Берсиев тары өсірушілер буынының жетекшісі болып тағайындалады. Алғашқы жылдары ол 32 гектар жерге тары егіп, әр гектарынан 25-70 центнер аралығында өнім алады. 1939 жылы облыстың басқа да озат егіншілерімен бірге Мәскеуде өткен Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы көрмесіне қатысады.

Сол кезеңде қырдың қызыл тарысы Ойыл өңірінің табиғи жағдайына толық бейімделе қоймағандықтан, Шығанақ тұқым сапасын жақсартуға ерекше көңіл бөледі. Ол бірнеше жыл бойы ең толық әрі ірі дәндерді қолмен іріктеп, санап алып, көктемгі егіске тек соларды ғана пайдаланады. Осындай табанды еңбектің нәтижесінде тарының жаңа сорты – Ойылдың атақты «Ақ тарысы» дүниеге келеді [8].

Негізінен тарының құрғақшылыққа төзімді, шашақтары тығыз болып келетін, жергілікті климатқа бейім «Саратов 853» сорты егілді.

Шығанақ дәл осы кезеңде өмір сүріп, еңбек етіп, өзінің, ауылының, қазақ халқының және КСРО мемлекетінің даңқын асқақтатты. Шығанақ – қазақ елінің еңбек символы. Ол өмір сүрген күрделі кезеңнің өзінде ресми түрде құрметке ие болды. Халқына адал қызмет етіп, қандай қиындыққа да мойымаған тұлғаны уақыттың өзі мойындады. Тары егуді бастаған 1938 жылы әр гектардан 37 центнер өнім алса, 1939 жылы бұл көрсеткіш 69 центнерге жетті. Ал 1940 жылы әр гектардан 125 центнер өнім


УКАЗ Копия

Президиума Верховного Совета СССР «О награждении передовиков промышленности, сельского хозяйства. работников науки и искусства Казахской ССР»

В связи с XX-летним юбилеем Казахской Советской Социалистической Республики, за достижения в развитии промышленности, сельского хозяйства, науки искусства наградить:

ОРДЕНОМ ЛЕНИНА

6. БЕРСИЕВА ЧАГАНАКА-звеньевого колхоза «Курман» Уилского района Актюбинской области.

Председатель Президиума Верховного Совета СССР:- М.Калинин
Секретарь Президиума Верховного совета СССР:- А.Горкин

Москва, Кремль, 5 ноября 1940 года
Газета «известия», 6 ноября 1940г.

СОЮЗ СОВЕТСКИХ СОЦИАЛИСТИЧЕСКИХ РЕСПУБЛИК

ОРДЕНСКАЯ КНИЖКА

Имя, отчество и фамилия

Берсиев Шыганак

4-сурет. Ленин ордені кітапшасы.

алып, Одақ көлеміндегі ең үздік нәтижеге қол жеткізді [1, 29 б.].

Алғашқы дүниежүзілік рекордтың нәтижесінде шалғайдағы Ойыл өңірінің атағы әлемге танылды. 1940 жылғы 5 қарашада республика құрылғанының 20 жылдығына орай Шығанақ Берсиев Ленин орденімен марапатталды (4-сурет).

Ұлы Отан соғысы басталған жылдары облыста тары негізгі дақылға айналды. «Тары – жауынгер дақыл» деген қанатты сөз кеңінен тарады. 1941 жылы әр гектардан 150 центнер өнім алынды. 1942 жылдың шілде айында Шығанақ Берсиев қазақстандық майдан делегациясының құрамында қоршаудағы Ленинградқа азық-түлік жеткізу мақсатымен Свирь қаласына барады. Ол қаланы қорғаушы жауынгерлерге 325 пұт астық апарған. Бұл астық жоспарды асыра орындағаны үшін еңбек ақы ретінде берілген болатын.

1942 жылы 40 гектар алқаптың 6 гектарынан әр гектардан 175 центнер өнім алынды. Сол жылы Шығанақ Берсиев «Ауыл шаруашылығының үздігі» белгісімен марапатталып, 30 мың сомдық мемлекеттік облигацияға жазылды (тіркеу нөмірі: НҚТ-3017) (5-сурет).

1943 жыл Шығанақ Берсиев үшін шын мәніндегі еңбек ерлігінің жылы болды. Ол 40 гектар алқаптың 4 гектарынан әр гектардан 201 центнер өнім алып, биология ғылымын таңғалдырған нәтижеге жетті. Оның еңбек табысы мен суармалы егістіктегі әлемдік рекорды бүкіл әлемге әйгілі болды. Ол майдан үшін қолынан келгеннің бәрін жасаған шынайы патриот екенін көрсете білді.

Ұлы Отан соғысы жылдары Шығанақ Берсиевтің атына келген хаттар толассыз еді. Олардың бір бөлігі майдан шебіндегі жауынгерлерден болса, екінші бөлігі агроном-ғалымдардан келген болатын [8].

1943 жылы диқан өзінің соңғы рекордтық өнімін алған кезде Кеңес Одағы Ғылым академиясының академигі, биолог және агроном ғалым, Бүкілодақтық өсімдік шаруашылығы ғылымдары академиясының президенті Т.Д. Лысенко оған арнайы хат жолдады:

«Аса Құрметті Берсиев Шығанақ жолдасқа!

Сіздің телеграммаңызды алғанда нанар-нанбасымды білмей көп сенделдім. Ең білдім деген ғалымдар гектарынан 200-центнерден артық астық алу мүмкін емес дегенге бекіген еді. Бұл жай айтылмаған. Өсімдіктер күн қуатын бойына қанша сіңіре алатындығын есептеп барып айтылған болатын. Сіз осы есептен асып түсіп, егін шығымының мөлшері адамның өз қолында екенін дәлелдеп бердіңіз. Бұрын-соңды дүние көрмеген, орасан егіннің мастері болған сізге кішілікпен бас иемін. Мәртебеңіз өсе берсін. Денсаулығыңызды, ұзақ өмір сүруіңізді тілеймін». [9, 206 б].

... -Телеграмма!..

- Сталиннен!..

- Сталиннен телеграмма!..

«Қазақ Республикасы. Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, «Құрман» колхозы.

Звено бастығы Берсиев Шығанақ жолдасқа!»

Қызыл армияға жасаған қамқорлығыңыз үшін, Берсиев жолдас, сізге

рахмет. Біздің армияны ешбір күш жеңе алмайды.

Көп жасап, жаңа табыстарға жетуіңізге тілектеспін. Сәлемімді қабыл етіңіз.

Сталин» [9, 174-175 б].

Тарлан тарышы Шығанақ Берсиев туралы Мәскеуде шығатын «Новый мир» журналының тілшісі Г.С. Фиш «Болмайтынды болдырған» («Человек, сделавший невозможное») атты очерк жариялады. Бұл очерк 1948 жылы «Огонек» журналында да жарық көрді. Кейін, 1950 жылы Бертольт Брехт «Шығанақ» атты поэма жазды. Поэмада көшпелі халықтың ұрпағы туған жерін қаншалықты сүйсе, жер-ана да оған еселеп өнімін қайтаратыны баяндалады. 1997 жылы Бертольт Брехттің



5-сурет. Ауыл шаруашылығы үздігі куәлігі. (тіркеу номері: НҚТ-3017).

ұрпақтары мен жас ғалымдар атақты тарышының туған жері – Ойыл ауданына арнайы келіп, поэма желісі бойынша опера жазу мақсатында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізген [2, 178-179 б.].

Бертольд Брехтің «Тары» поэмасы Г. Фиштің «Болмайтынды болдырған» деген әңгімесінің желісімен жазылған. Поэманы неміс тілінен аударған Мұхтар Арынов пен Қуандық Шаңғытбаев:

Шығанақ Берсе көшпелі еді,
Қазақтың даласында өскен еді,
Ойылдың жағасында қоныс теуіп
Жусанды дүзге тары еккен еді.
Бұл тары көшпелі елдің дақылы еді
Еккенде шап-шағын-ақ әтіребі,
Төзімді аңызаққа, төзімі мол,-
Диқанға сонысымен мақұл еді.... [7, 39 б.].

Диқанның табысты тәжірибесінен кейін тары егісінің көлемі елдің көптеген аймақтарында шұғыл ұлғайды. Шығанақ Берсиевтің атына майдандағы әскери құрамалардан, жеке жауынгерлерден, Кеңес Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллиннен және басқа да азаматтардан алғыс хаттар үздіксіз ағылып жатты. Сонымен қатар Кеңес Одағының егіншілікпен айналысатын көптеген өңірлерінен тары өсіру мен оны күтіп-баптаудың тиімді әдіс-тәсілдерін сұраған хаттар да аз емес еді. Бұл хаттардың бірқатары қазіргі уақытта Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің қорында сақтаулы тұр.

Сталинге жазған хатында Шығанақ Берсиев үш ұлының қан майданда жүргенін айта отырып, өзінің жеке қорынан 20 мың рубль, сондай-ақ, 100 пұт астықты Қызыл Армия қорына «Колхозник Казахстана» танк колоннасын жасауға аударғанын жазады. Хатта: «Отан алдындағы борышымды бірге өтеу үшін 63 жасыма қарамастан майданға барынша көмектесемін және 1943 жылы әр гектардан 200 центнер тары алуға серт беремін, бұл уәдемді абыроймен ақтап шығамын», – деп көрсетілген. Ғылыми зерттеулерге сәйкес, қарапайым тары дәнінің орташа салмағы 5 грамм болса, Шығанақ өсірген ақ тарының орташа салмағы 7–8 грамм болған [2, 178 б.] (6-сурет).

Ол 1944 жылы әр гектардан 240 центнер өнім алуды армандады. 1944 жылғы 25 мамырда звено басшыларының аудандық мәжілісіне хат жолдады. Бұл хат кейін оның өсиеті ретінде қабылданды. Өмірінің соңғы кезінде ауыр науқасқа шалдығып, 1944 жылғы 28 мамырда қайтыс болды. 29 мамырда өзі туып-өскен, еңбек еткен «Құрман» колхозына жерленді [8.].

Ойыл аудандық «Сталин туы» газетінің 1944 жылғы 31 мамырдағы санында Шығанақ Берсиевтің дүниеден өтерінен үш күн бұрын жазған хаты және суармалы жерде тары өсірумен айналысатын звено жетекшілерінің аудандық кеңесіне қатысушыларға арнаған сәлемі жарияланды. Бұл – диқанның соңғы сөзі, соңғы сәлемі, елге қалдырған ақырғы аманаты еді. Жеңістің жақындағанын сезген ұлы жүректің соңғы дүрсілі іспетті бұл хаттан кейін баспасөзде ТАСС-тың оның қайтыс болғаны туралы хабарламасы жарияланды.

«1944 жылдың қазан айында Ойыл ауданында 65 берсиевші звено құрылып, оларға 1900 гектар тары егістігі бекітіліп берілді», – деп жазылған [6, 18-19 б.].



6-сурет. Ш. Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейінің экспозиясында қойылған тары масағы

Әлемдік рекорд иесі Шығанақ Берсиев өмірінің соңына дейін Қарасу бойындағы қарапайым қараша үйінде тұрды. Елдегі №1 тары өсіруші ретінде атағы шығып, Сталиннің қабылдауына дейін барғанымен, бұл оның қарапайым диқандық болмысын өзгерте алмады. Мүмкіндігі бола тұра, туған жері – «Құрман» колхозындағы шаруашылығын да, кетпенін де басқаға айырбастаған жоқ.

Шығанақ Берсиевтің озық тәжірибесінің нәтижесі диқаншылық өмірінде ғана емес, ауыл шаруашылығы ғылымында да бұрын-соңды кездеспеген ерекше құбылыс болды. Бұл жетістік ғалымдардың назарын аударып, олар оның тәжірибесін жан-жақты зерттеді. Шығанақтың агрономия ғылымына қосқан үлесі жоғары бағаланып, үлкен құрметке ие болды. Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы ғылым академиясы арнайы хатында Ш. Берсиевті халық академиясынан тәлім алған, тары өсіруде көптеген ғалымдардан озық тұрған, тәжірибе академигі деп бағалап, оның еңбегіне жоғары құрмет көрсетті [2, 177 б.].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ажибаев У.И. Қазақстан Республикасының құрғақшылық аймақтарында ауыл шаруашылығы дақылдарын өсірудің озық технологиясы. – Ақтөбе, 2006.

2. Асқар И. Ақтөбе аймағының тарихи тұлғалары. –Ақтөбе, 2015.

3. Асқар И. Шығанақ қазақ елінің еңбек паспорты. –Алматы, 2005.

4. Әкімов Ө. Ойыл энциклопедиясы. – Ақтөбе, 2010.

5. Бақтыгерейұлы С. Ойыл. –Астана, 2009.

6. Байменше С. Тары тарих хаты. –Алматы, 2025.

7. Брехт Б. Тары. –Павлодар, 2006.

8. Досова Р. Ақ тарының атасы, даңқты диқан Ш. Берсиев. –Ақтөбе, 2006.

9. Мұстафин Ғ. Шығанақ. –Алматы, 2006.

10. Тәжибаев М.Қ. Ақтөбе энциклопедиясы. –Ақтөбе, 2001.

11. Ярошенко О.Г. Жумагалиев Н.Н. Ойыл. –Ақтөбе, 2019.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются вклад Шыганака Берсиева в развитие агрономической науки и научное значение его передового опыта. На основе архивных и литературных источников освещается высокая оценка его научной деятельности со стороны научного сообщества.

SUMMARY

The article examines Shyganak Bersiev's contribution to the development of agronomic science and the scientific significance of his pioneering practices. Drawing on archival and literature sources, it highlights the high appreciation of his scientific endeavors by the research community.

ҚАЙСАР РУХ: ИСКУССТВО, КОТОРОЕ СОХРАНЯЕТ ПАМЯТЬ
(К 35-летию закрытия Семипалатинского ядерного полигона)

Эльмира БАСКАРАЕВА,
Руководитель отдела экскурсионно-массовой работы КГКП «Историко-культурный центр Первого Президента» г. Темиртау

«Так велико моё желание запечатлеть свои эмоции…»
К. Куюков

Есть встречи, которые заканчиваются вместе с последним аплодисментами. А есть такие, после которых ещё долго остаёшься наедине со своими мыслями. Встреча с Карипбеком Куюковым стала именно такой.

21 августа 2026 года в Историко-культурном центре Первого Президента состоялась встреча «Қайсар рух», посвящённая 35-летию закрытия Семипалатинского ядерного полигона. Главным гостем стал известный казахстанский художник, общественный деятель и Посол доброй воли Карипбек Куюков.

История полигона – одна из самых

трагических страниц XX века в истории Казахстана. Его строительство началось в 1947 году, а 29 августа 1949 года здесь было проведено первое советское ядерное испытание. За период существования полигона, по данным официальных источников, было проведено 456 ядерных испытаний, в том числе наземных, атмосферных и подземных. Последний взрыв состоялся 19 октября 1989 года, а 29 августа 1991 года Указом Президента Казахской ССР Семипалатинский испытательный ядерный полигон был закрыт [1].

Последствия испытаний затронули здоровье людей и окружающую среду. По данным официальных материалов, радиационному воздействию подверглись более 1,3 миллиона человек [2].

Закрытие полигона стало не только важнейшим событием в истории независимого Казахстана, но и значимым шагом мирового антиядерного движения. Впоследствии по инициативе Казахстана 29 августа было провозглашено Международным днём действий против ядерных испытаний [3].

Именно в этом историческом контексте особенно значимой стала встреча с человеком, чья собственная судьба является частью этой истории. Когда художник вошёл в зал, его встретили продолжительные аплодисменты. В них было многое: уважение к его творчеству, признание его общественной деятельности и, прежде всего, благодарность человеку, который на протяжении многих лет говорит о последствиях ядерных испытаний и выступает за мирное и безъядерное будущее.

На встрече собрались художники клуба «Т-Арт», преподаватели и воспитанники Детской школы искусств имени Г. Жубановой, преподаватели и воспитанники центра детско-юношеского творчества «Әлем», представители этнокультурного объединения «QARMET», военнослужащие воинской части, а также активная молодёжь волонтёрского центра «Шанырақ».

Карипбек Куюков подробно рассказал о своём детстве, семье, родителях, об обстоятельствах своего рождения. Он появился на свет без рук – как одно из последствий трагедии, которая коснулась многих семей, проживавших в районе Семипалатинского полигона. Художник вспоминал, каким потрясением его рождение стало для матери. Однако особое место в его рассказе занимал отец. Именно отец, по словам К. Куюкова, сделал всё для того, чтобы сын не воспринимал свои физические особенности как приговор. Он стремился дать ему образование, научить самостоятельности и открыть перед ним возможности, которые позволили бы жить полноценной жизнью. Карипбек Телтаевич с улыбкой рассказывал о том, как учился тому, что для человека без рук



кажется практически невозможным: кататься на велосипеде, лыжах, коньках, ездить верхом на лошади. Он вспоминал годы учёбы и жизни в интернате, рассказывал о людях, которые встречались на его пути, и о том, как постепенно формировался его характер. В этом рассказе особенно чувствовалось главное – его родители не позволили ему вырасти человеком, который будет постоянно оглядываться на свои ограничения.

Одним из самых эмоциональных моментов встречи стал рассказ К. Куюкова о посещении музея Семипалатинского ядерного полигона. Он вспоминал экспонаты, связанные с детьми, родившимися с тяжёлыми последствиями воздействия радиации. Увиденное произвело на него настолько сильное впечатление, что он задумался: ведь на месте этих детей мог оказаться и он сам. Именно тогда, по словам художника, в нём родилось твёрдое решение сделать всё возможное, чтобы подобная трагедия больше никогда не повторилась. О том, какое впечатление произвела на него эта встреча с последствиями ядерной трагедии, К. Куюков впоследствии написал в своей книге «Жизнь без рук»:

«Вечером, лежа без сна, я мысленно снова и снова возвращался в тот музейный зал. Перед глазами всплывали стеклянные колбы, мерзкая жидкость, детские тела. И внутри все сжималось от повторяющейся фразы: «Я мог бы быть среди них». Я не произносил это вслух, но где-то в душе дал себе клятву. Никаких высоких речей – просто твердое, упрямое решение: я буду бороться с ядерным оружием. Я буду говорить о тех, кого не слышно. Буду показывать людям – через картины, через выступления, через свою судьбу – что за словом «испытания» стоят не абстрактные мегатонны, а вот эти молчащие дети из стеклянных банок, которые не получили того шанса, который есть у меня…» [4].

«Моя миссия на этой земле – добиться того, чтобы я стал одной из последних жертв в истории всех ядерных испытаний», эти слова Карипбек Телтаевич произнес с особым воодушевлением, ведь, по его воспоминаниям, именно с этого момента его личная трагедия постепенно превратилась в цель его жизни. Сегодня имя Карипбека Куюкова связано с международным антиядерным движением, а его картины стали одним из способов говорить о трагедии Семипалатинского полигона с людьми во всём мире. В 1989 году, когда он присоединился к международной деятельности движения «Невада – Семипалатинск» и в его составе побывал в США, Германии, Японии и Турции. Впоследствии география его выступлений и выставок значительно расширилась. Его произведения представлялись в США, Японии, Германии, Турции, Китае, Чехии, Швейцарии, Франции, Бельгии и других странах.

В 2015 году К. Куюков представлял свои работы на выставке в офисе Постоянного представительства Казахстана при ООН, где его картины были представлены Генеральному секретарю ООН. В 2022 году состоялась выставка «Преодоление» в штаб-квартире Совета Европы в Страсбурге. В экспозицию вошли произведения, посвящённые ядерной угрозе, а сам художник говорил о необходимости рассказывать миру о последствиях радиационного воздействия и ядерных испытаний. Позднее его работы были представлены также в Университете Страсбурга, Сенате Франции и Посольстве Казахстана в Париже. В этом же году К. Куюков представил свои работы и в Брюсселе – в рамках антиядерной конференции, организованной Посольством Казахстана. А в 2025 году его картины вновь оказались на площадке ООН в Нью-Йорке, в рамках конференции государств-участников Договора о запрещении ядерного оружия. Как поделился художник, 31 августа пройдет пленарное заседание Генеральной Ассамблеи ООН в Нью-Йорке, посвященное Международному дню действий против ядерных испытаний, куда он приглашен выступить с речью.

Особое место в этой международной истории занимает глобальный социальный арт-проект World Painting («Картина мира»). Его идея возникла во время EXPO-2020 в Дубае. В создании огромного полотна размером 4×1,27 метра приняли участие 2070 человек из почти 200 стран мира. На презентации проекта в Астане К. Куюков создал на общем полотне изображение голубя мира. Позднее этот образ был использован в дизайне коллекционных монет Национального банка Казахстана.

Сам проект был внесён в Книгу рекордов Гиннесса, а копия «Картины мира» побывала на Международной космической станции. Получается удивительная символика: человек, чья жизнь началась с трагедии ядерной эпохи, стал автором одного из наиболее узнаваемых художественных образов мира.

Когда картина становится исповедью

Особую ценность встрече придало непосредственное общение с аудиторией. Участники не просто слушали рассказ известного художника, они задавали вопросы, интересовались его жизнью, образованием, творчеством, общественной деятельностью. Для молодёжи, родившейся уже спустя годы после закрытия полигона, события прошлого могут казаться далёкими. Но встреча с человеком, который сам является частью этой истории, меняет восприятие. История перестаёт быть только датами и документами – она приобретает человеческий голос. Художник рассказал об одной из особенно значимых для него работ, на которой изображён образ его матери, ожидающей рождения ребёнка. В её утробе – будущий Карипбек, уже без рук. Под ногами женщины расходится земля.

Сам художник говорил, что для него это прежде всего образ матери – женщины, которая носит под сердцем своего ещё не родившегося ребёнка и переживает трагедию, последствия которой невозможно предугадать. Но, глядя на эту картину, каждый может увидеть в ней нечто большее. В материнском образе угадывается судьба не одной женщины, а сотен матерей, чьи дети стали жертвами ядерных испытаний. Расходящаяся под ногами земля воспринимается как символ разрушенного мира, судьбы и жизни, которая навсегда изменилась ещё до рождения ребёнка. Именно в этом заключается особая сила картины: личная история художника выходит за пределы одной семьи и становится образом общей трагедии целого поколения.

Участников интересовали и другая сторона жизни художника – его образование. К. Куюков рассказал, что специального художественного образования он не получил. Он пришёл к искусству самостоятельно, а рисование стало для него естественным способом выражения собственных чувств и взглядов.

«Жизнь без рук» – история преодоления

Продолжением встречи стала презентация книги Карипбека Куюкова «Жизнь без рук». Само название книги говорит о многом. Но её содержание значительно шире рассказа о физических ограничениях. Это история человека, который вопреки обстоятельствам получил образование, научился самостоятельности, стал художником, общественным деятелем и человеком, посвятившим значительную часть своей жизни борьбе за мир.



Финальной частью мероприятия стало открытие персональной выставки работ Карипбека Куюкова. После всего услышанного картины воспринимались особенно остро. Теперь за каждым образом стояла конкретная история, а за художественным символом – отличный опыт автора.

Для Центра выставка стала не просто демонстрацией произведений искусства. Она стала продолжением разговора о Семипалатинском полигоне, человеческой памяти и ответственности перед будущими поколениями. В этом и заключается особая сила музейного пространства: соединять документ, историю, личное



К. Куюков с художниками клуба «Т-Арт»

свидетельство и искусство.

35 лет прошло со дня закрытия Семипалатинского ядерного полигона. За это время выросло поколение, которое не слышало звука испытаний и не видело последствий ядерных взрывов своими глазами. Но память о произошедшем не должна исчезнуть вместе с очевидцами. Именно поэтому такие встречи имеют особое значение. Они позволяют не просто рассказать о прошлом, а дать возможность молодому поколению услышать человека, который превратил собственную судьбу в призыв к миру.

Карипбек Куюков пришёл на встречу не только как художник. Он пришёл как свидетель, человек действия и носитель памяти. А его творчество продолжает говорить там, где иногда уже недостаточно слов.

Список литературы:

1. Семипалатинский испытательный ядерный полигон//Министерство иностранных дел Республики Казахстан. – Официальный информационный материал.

2. 29 августа – Международный день действий против ядерных испытаний// Официальный информационный ресурс Республики Казахстан.

3. Краткие тезисы о вкладе Казахстана в ядерное разоружение, нераспространение и мирное использование ядерной энергии// Министерство иностранных дел Республики Казахстан.

4. Куюков К.Т. «Жизнь без рук». – Алматы, 2026. –274 с.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Семей ядролық полигонының жабылғанына 35 жыл толуына орай өткен «Қайсар рух» кездесуі және оның басты қонағы Кәріпбек Күйіковтің өмірі мен антиядролық қызметі баяндалады. Автор суретшінің шығармашылығы арқылы тарихи жадыны сақтаудың және бейбітшілік идеясын кейінгі ұрпаққа жеткізудің маңызын көрсетеді.

SUMMARY

The article highlights the "Qaisar Ruh" ("Indomitable Spirit") meeting held to mark the 35th anniversary of the closure of the Semipalatinsk Nuclear Test Site, as well as the life and anti-nuclear activities of its main guest, artist and public figure Karipbek Kuyukov. The author emphasizes the importance of preserving historical memory and passing the message of peace on to future generations through the artist's work.

ТАРИХ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

КӨМЕСКІ ТАРТҚАН ҚАРУ-ЖАРАҚ АТАУЛАРЫ
(Қазақтың дәстүрлі қару-жарағы негізінде)

Сырым ХАСЕНОВ,
ҚР Ұлттық музейі «Қазақстан тарихы» бөлімінің аға ғылыми қызметкері

Қазақ халқы тарихында сан алуан ауыр кезеңдерді бастан өткерді. Шығысында жоңғар шапқыншылығына қарсы жүргізілген азаттық күрес, солтүстігінде XIX ғасырда Ресей империясының Қазақстанды отарлауы, оңтүстіктегі Қоқан және Хиуа хандықтарының қысымы, сондай-ақ ел ішіндегі хан мен қараша арасындағы саяси-әлеуметтік қайшылықтар халық тағдырына үлкен сынақ болды. Осындай күрделі тарихи жағдайларда әр жүздің, әр рудың, әр тайпаның өз батырлары мен жауынгерлік ұрандарының қалыптасуы заңды құбылыс болды.

Елін, жерін, жұртын қорғау жолында қазақ батырлары қолына сан түрлі (*сойыл, шоқпар, құрық, арқан*) қаруларын алып, ата жауына қарсы күресті. Ел мен жер үшін болған шайқастар негізінен батырлар жыры мен тарихи жырларда кеңінен суреттеліп, халықтың тарихи жадында сақталды. Бұл жырлар – көне дәуірдің рухани мұрасы әрі қазақ халқы тарихының маңызды дереккөздерінің бірі. Сондықтан олардың тілінде қазіргі қолданыстан шығып қалған, мағынасы көмескіленген көне сөздер жиі кездесіп жатады.

Бұл мақаланың мақсаты – батырлар жыры мен тарихи жырлардағы қару-жарақ қа қатысты мағынасы күңгірттенген, көнерген сөздердің семантикасын анықтау.

Ертедегі *әскери қару-жарақтар* жөнінде алғаш құнды мәліметтер ғалым Ш. Уәлихановтың еңбектерінде орын алғаны белгілі. Оның «Вооружение киргиз в древние времена и их доспехи» атты көлемді мақаласында әскери терминдерге тарихи анықтамалар берген [1].

Қ. Ахметжанның «Жараған темір кигендер» (1996), «Қазақтың дәстүрлі қару-жарағының этнографиясы» (2006), Ә. Қайдаровтың «Доспехи и вооружение война-батыра в казахском эпосе и этнолингвистическое обьяснение»,

Қ. Аманжоловтың «Әскери терминдердің орысша-қазақша түсіндірме сөздігі», Е. Жанпейісовтің «Этнокультурная лексика казахского языка» және Р. Сыздықованың «Сөздер сөйлейді», А. Көшкімбаевтің әскери іс мәселелері, А. Жұмаділовтың қару-жарақтың тарихнамасына қатысты еңбектерінде, батырлар жырында, өзге де кейбір эпостық шығармаларда, мақал-мәтелдерде кездесетін әскери мәндегі сөздердің шығу тегі мен мағыналары жан-жақты талданды. Сондай-ақ, Ж. Артықбаевтың әскери істің кейбір мәселелеріне арналған мақаласында кеңінен қарастырылған.

АТАРМАН – қазақтың көне соғыс өнеріндегі қол шоқпардың сойылдың да, оны ұстаушы, яғни сойыл соғар адамның бір атауы [2]. Бұл сөз шоқпардың өзін білдіруі де, сондай-ақ қазіргі кезде атауы ұмыт болған шоқпар түрінің атауы болуы да мүмкін. Махмұт Қашғаридың «Түрік сөздігінде» сойыл мен шоқпарға қатысты болуы мүмкін бір нәрсенің екі нұсқадағы атауы берілген [24].

БҰҚАРЖА – қазіргі тілінде сирек қолданылатын және қолданыстан шығып бара жатқан көнерген сөздердің біріне айналды:

Бұлғары садақ, **бұқаржай,**
Бұлғап тартты Ер Қосай.
«Ер Қосай» (Ақсауыт, 2-т. 48 б.).

Қазақ батырлары кейде жақты Бұқарадан сатып алатын болған. Бұқарада жасалған жақтар Шығыс елдерінде жоғары бағаланатын. Жақсы садақтардың бағасының қымбат болғанын батырлар жырында кездесетін «адырнасын атқа алған», «алты атқа алған адырна», «он атқа алған бұқаржа» сияқты сөз тіркестерінен байқауға болады. Бұқарада жасалған жақтарды қазақтар ***«бұқаржа», «бұқаржай»*** деп атайтын.

Белгілі зерттеуші Қалиолла Ахметжанның айтуынша, ауыз әдебиетінде садақтар жасалған материалына қарай «*қайың садақ*», «*қарағай садақ*», «*үйеңкі садақ*» деп аталған. Қайыңның қабығымен қапталған, сарғайған

түсіне байланысты «*сарыжа*», «*сарсадақ*» деген түрлері де ажыратылады [3].

Алмас қылыш батырлар жырындағы қаружарақ қатысты сөздердің бірі – **саржа**.

Саржаға оғын кереді,
Қозы жауырын көктеме оқ
Ұзындығы кез еді (Ақсауыт, 2 т. 305 б.).

Немесе

Сарсадақ іліп беліме,
Айғайлап жауға тисем, - деп
«Еспембет» (Алмас қылыш, 157 б.)

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде **саржа** сөзіне мынадай анықтама береді: 1. ***Саржа*** – көне. Сүйектен әшекейленген әдемі садақ. 2. ***Саржа*** – астарға пайдаланылатын матаның сусылдақ, жылтыр, мықты түрі [4] .

Әрине, жыр жолдарында сөз ***садақ*** жайында болып тұрғаны белгілі. ***Саржа*** сөзі башқұрт, қырғыз, қарақалпақ, татар тілдерінде де «атыс құралы, садақ» ұғымында кездеседі. С. Аманжолов «Вопросы диалектологии и истории казахского языка» деп аталатын еңбегінде де ***саржа*** сөзінің ***садақ*** мағынасын беретіндігін айтады [5]. Л.З. Будагов пен В.В. Радлов «сүйек бастырғы қосылып, оюөрнектермен әшекейлеп немесе сары бояуға боялған *садақтың* бір түрі» деп ***саржаға*** түсінік береді [6, 7]. Шынында да, соңғы анықтамаларға қарағанда, ***саржаның*** сары түске қатысы бар сияқты. Бұл жөнінде Т. Байжанов та айтқан. Оның пікірінше ***саржа*** термині сары және *жа* немесе *жай* компоненттерінен құралған біріккен сөз [8]. Т. Байжановтың ***сары*** және ***жай*** сөздерден бірігіп жасалуы мүмкін деген пікірмен әбден келісуге болатын сияқты, себебі ***жайдың*** өзі «доға тәрізді иіп жасалған атыс құралы». Ал сары түске қатысты В.В. Радлов, Л.З. Будаговтың пікірлерінде де айтылған. Сонымен ***саржа*** – сырты сары мүйізбен қапталып, екі иіні сүйек бастырғылармен көмкерілген *садақтың* ең көне түрлерінің бірі.

СОЙЫЛ – алып жүруге ыңғайлы ұзынша сидам ағаштан жасалатын қару, ол ұзындығы 2-2,5 м, диаметрі 6-7 см болады және қатты ағаштан дайындалады. Сойыл жасау үшін ағашты бұтақтары тазартылып, қабығы аршылып кептіріледі. Әбден кеуіп, көп ұсталған сойылды «*қақ сойыл*» дейді. Сойылды аң аулауға шыққанда, қасқыр, түлкі соғу үшін де, сондай-ақ жылқышылар қасқыр алу мен барымта кезінде пайдаланған [9]. Сойыл сөзінен «*сойылгер*», «*сойылшы*» сөздері шыққан.

Сойыл (орыс әскери дәстүріндегі «булава») – ұзындығы 50-80 см болатын жұмырбасты соққы қаруы. Неолит заманынан пайда болған. Бұл қару ежелгі Шығыс халықтарына кеңінен тән болғанымен, антикалық Еуропада сирек қолданылған. Мәселен, Римде «клава» деп аталған бұл қару әскер құрамында тек б.з. II ғасырынан бастап пайдаланыла бастады. Орта ғасырларда сойыл мұсылман елдерінде кеңінен қолданылып, XIII ғасырдан бастап еуропалық қару-жарақ жүйесіне де енді.

Орыс дәстүріндегі булаваларға тоқталатын болсақ, мұнда оның *жұмырбасты* және *шестопер* (головка которого была разделена на продольные дольки) деген түрлері болған.

Көптеген жұрттар мен тайпаларда шомақ, ең алдымен, билік пен абырой символы болған. XIX ғасырға дейін осындай функцияға анадолы түрік тайпаларында, поляк және украин гетмандарында ие болған. Жалпы славян казактары арасында оның «насеки» деп аталған түрі станицалық, поселкелік атамандардың белгісі ретінде XX ғасырдың басына дейін қолданылып келген [10].

СҮҢГІ – қазіргі қазақ тілінде сирек қолданылатын, қолданыстан шығып бара жатқан көнерген сөздердің бірі.

Қарына ілген **ақ сүңгі**,
Шаншысаң қанға тоймаған.

немесе осы жырда:

Көк **сүңгіні** саптап, қысқарттым,
Толғатып, зәулім қайыңды [11].

Жырлардан сүңгінің түрлі түстегі, ұшы темірден жасалған соғыс қаруы екенін байқауға болады. ***Сүңгі*** сөзі көне түркі жазуында «түйрейтін қару» ұғымын білдіреді. Татар тілінде сонге, ұйғыр тілінде сунук, түрік тілінде **сонгі**, ноғай тілінде **суьнги** формаларында «шаншитын, түйрейтін қару» мағынасында қолданылады.

Қазақ тілінде **сүңгі** сөзінің мынадай мағыналары бар: 1. Бірнеше қырлы, ұшы үшкір, темірден, болаттан жасалған ағаш сапты қару; 2. ауысп. батыр, ержүрек, қайсар.

Абылай ханға қатысты тарихи жырдағы **зәңгі** сөзінің мағынасы көмескіленген.

Бір жерге кеп тұрып ем, үйме-жүйме,
Сар жарғақ, сары шалбар алтын түйме,
Бір жалғыз қара ала атты тұра салды,
Зәңгі екен қызылтасты тұтқан күйде.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі ***зәңгі*** сөзіне «жергілікті әкімдердің ең кішісі, старшина»

деп түсінік береді. Бұл сөз басқа да түркі тілдерінде кездеседі. Қырғыздарда «ауыл ақсақалы» мағынасында, ұйғыр тілінде **зианги** – унтер офицер, моңғолша ***дзанги*** – лауазымы кіші офицер мағынасында қолданылады. Тарихи жырлардан зәңгінің

Қызылтасты зәңгі, 2. Көктасты зәңгі, 3. Сартасты зәңгі деген түрлерін кездестіруге болады. Бұл жерде тастардың түстері зәңгінің дәрежесін көрсететіндігін байқаймыз. Белгілі бір заттардың лауазым, тектілікті білдіретіндігі жөнінде көрнекті ғалым Н. Уәлиев «Қос сөз сыңарларының сырлары» атты еңбегінде: «Белбеу құр белге буынатын бұйым болумен бірге ертеде лауазым, дәрежені көрсететін белгі де болған. Лауазым, дәреже немесе тектілікті белбеу арқылы ғана емес, өзге де заттар арқылы білдіру салтының болғандығын байырғы мұралардан кездестіріп отырамыз», – дейді [13].

Бұл сөздің қытай тіліне тән екендігін алғаш айтқан Ш. Уәлиханов болды [14]. Т. Байжановтың айтуы бойынша, **зәңгі** қытайдың **цзунь** және **гуань** деген сөздерінен құралған. Қытай тілінде **цзянь** – әскери, **гуань** – офицер, чиновник, атақ, шен ұғымын білдіреді [8]. Қазақ тіліне дыбыстық өзгеріске ұшырап, *зәңгі* болып енген.

Қару-жарақ қатысты ***сардар*** сөзі қазақ тіліне иран тілінен енген және бұл сөз тарихи жырларда жиі кездеседі.

Ханға айтты әмір-сапа **сардарлары,**
Үкімет ықтияры сізге бәрі.

Немесе:

Бұхара шәһіріндегі қазы, ұлама,
Сарқарда, уәзір, **сардар**, әмір жана [12].

Қазақ тіліндегі мағынасы «сарбаздардың басшысы, жасақ басы, қолбасшы. Сонымен бірге бұл сөз қырғыз, ұйғыр т.б. тілдерде де «әскербасы, қолбасшы» мағынасында кездеседі. Қазақ тіліндегі әскери лексикасын толық зерттеген Т. Байжанов бұл сөздің «**сар**» және «**дор**» сөздерінің бірігуінен жасалып, иран тіліндегі **сар** – «бас», және **дор** – «заттың бар екендігін білдіретін осы шақ тұлғасы» деп көрсетеді [8]. **Сар** сөзі иран табындағы тілдерде «бас, бастық, бастау, қақпақ, заттың жоғарға жағы, биік ұшы» мағынасын білдіреді. Парсы тіліндегі **сарах** – «бас», парсы, тәжік тілдерінде сар – «бастау биіктік» мағынасында қолданылады екен. Бас мағынасын білдіретін сөздердің көптеген тілдерде «бастық, басшы» ұғымдарын білдіретіні белгілі. Осы тұрғыдан алғанда, *сардар* сөзі де әскердегі басшылықты білдіретін атау болып тұр.

ҚАЛАБА – бір ұрып жығуға арналған немесе қиратқыш күші жоғары орасан үлкен қолтоқпақ қару:

Менің атым – ***қалаба***,
Сырымды білсең, жолама.
Қазақ ауыз әдебиеті

Өкпеден сауым ***қалаба***
Көп томаға бола ма.
Бозінген [14].

Қолағаш деген аталған тоқпақ та бар [15].

Сота – шоқпардың бір түрі.
Алпамыс жыры

ҚОРАҒАШ – бақан, сойылдың қарапайым түрінің бір атауы. «Сонда үйде отырған алты баласы алты қорағаш алып шықты», – дейді Ер Қосай жырында. Орыс дәстүріндегі палица (ослоп) деп аталған да осы қорағаш. Палица – үш жағы жуандау, ауыр қорағаш, таяқ. Ұратын және лақтыратын қару, палеолит дәуірінен бері белгілі қарулардың бірі саналады. Әуелде ағаштан жасалса, кейін тастан, металдан жасалатын болған. Оның ұратын жағы темірмен қапталады, не болмаса ірі қазақшегелермен қадауланады [16]. Қорағаш – *палицадан сойыл* (булава) мен *шестопер* деген сойыл түрлері бастау алады.

КІРЕУКЕ – сөзі де қазіргі тіліміздегі сирек қолданылатын сөздердің бірі.

Ақ кіреуке, берік сауыт,

Таза жерге тот алмай [11] деген жыр жолдарындағы *кіреуке* сөзінің мағынасына тоқталайық. **Кіреуке** – сауыттың бір түрі. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» бұл сөзге «Батырлардың жаугершілікте, жорықта киетін темір сауыты» деген жалпылама анықтама береді [4].

Ал Л.З. Будагов, В.В. Радловтың сөздіктерінде, «Қазақ Совет энциклопедиясында» бұл сөзге нақты, дәл анықтамалар береді. «Ірі жезді шығыршықтардан тоқылып жасалған, оның сыртында жұмыр темір кесінділері бар немесе шарайнасы бар киім сауыттың бір түрі **кіреуке** деп аталады [17]. Ал «Қазақ совет энциклопедиясында» кіреукеге: «**Кіреуке** – ерте замандардағы соғысқа киетін сауыт. Оның басқа сауыттардан айырмашылығы – кеудесінде, арқасында, білек үстінде темірден немесе көдеден жасалған шарайналары

болған» [18] – деген анықтама беріліп, оның басқа сауыт түрлерінен ерекшелігі нақты көрсетіледі. К.Н. Юдахин бұл сөзге «Жауынгерлік киім-кешек» деп анықтама берген [19]. Сонымен бірге бұл сөздің шығу тегі жөнінде В.И. Абаев «Историко-этимологический словарь осетинского языка» атты еңбегінде арнайы тоқталған [20]. Оның пікірінше, **кіреуке** сөзі түркі тілдері арқылы осетин тіліне ауысқан. Ол тілдегі **кереке** сөзі осетин халқының ұлттық батырлары соғысқа киетін ғажайып сауытты білдіреді. Деректер негізінде бұл сөздің қазақ тіліндегі бірнеше мағынасын атап көрсетуге болады: 1) адамдардың сырт киімі; 2) батырлардың жаугершілікке киетін сауытының бір түрі.

КЕЛДЕК – ағаштан жасалған жуандау қысқа таяқтан жасалған сойыл түріндегі қару:

Баһадүр деп біліңіз,
Жиынды бұзған тентекті.
Кезеніп атар оқ емес,
Қару деп білме ***келдекті***...

«Үш ғасыр жырлайды» [21].

ШОМАҚ – ағаш сойылдың (булава) көне қазақша атауы. Шомақ орыс дәстүріндегі «шестопер», XV-XVI ғасырларда кеңінен қолданылған. Ол бас жағына бекітілген алты металл пластинасы бар жезл (қалақша), булаваның бір түрі. Жазба деректерде ***шестопер*** алғаш рет 1502 жылы орыстар мен орден серілері арасындағы шайқас кезінде кездеседі. Мәскеу Кремлінің Қару-жарақ палатасында алтын-күміспен, асыл тастармен әшекейленген бірнеше шестоперлер сақталған [22]. Ал түркі ортасында шомақты ұстайтын жауынгерді, әскербасыны «*шомақдар*» деп атаған. Бұл, сірә, парсы тілінің ықпалымен пайда болған атау болса керек, өйткені «*шомақ*» сөзі түркі тілдеріне тән болғанымен, оған жалғанған «дар» жұрнағы – парсы тілінен енген. Орыс тіліндегі «Чемодуров» деген тек негізінде де осы «*шомақдар*» сөзі жатуы мүмкін. «Шомақдар» сөзінің екінші мағынасы – «қару тасушы», яғни батырдың қару-жарағын алып жүретін көмекші (оруженосец).

ҚҰЯҚ – төртбұрышты, кейде дөңгеленіп келген темір пластиналарды балықтың қабыршағындай етіп бірінің шетін бірі жауып тұратындай орналастыру арқылы жасалған, жеңі қысқа, етегі ұзындау жауынгерлік киімнің бір түрі. Темір пластиналардың осылайша қабаттаса орналасуы садақ жебесі мен қылыш, найза соққыларынан қорғаған. Сонымен қатар мұндай сауыт шайқас кезінде жауынгердің еркін қимылдауына мүмкіндік беріп, ұрысқа ыңғайлы болған. Орыстарда да кездеседі. Орыс тілінде *куяк – сукна* тәрізді маталардан тігілген киімге темір кесінділерді мықты бекіту арқылы жасаған сауытты айтқан. Ресей аумағында *құяқ* сөзі 1640 жылдан бастап ұшырасады [23].

ҚОРАМСАҚ – жақтың оқтарын салып алып жүруге арналған жабдық. Белгілі зерттеуші Қалиолла Ахметжанның айтуынша, орта ғасырларда көшпелі халықтарда жақ оқтарын сақтап, алып жүруге арналған қылшан қайыңның тозынан жасалған. Ал XIV–XV ғасырларда көшпелі түркі-моңғол халықтарында теріден немесе матадан тігілген, *қорамсақ* деп аталатын жұмсақ оқ қабының жаңа түрі қолданысқа енген. Қазақтарда қорамсақ әскери жабдық ретінде XIX ғасырға дейін қолданылып келді. Бұл әскери жабдықтың атауы қазақ тіліне моңғол тілінен ауысқан «хоромсог» сөзінің өзгерген түрі, ауыз әдебиетінде кейде «қорамса», «қорам» деген нұсқалары да кездеседі. Қазақ қорамсақтары теріден немесе матадан тігіліп, ішіне үш бөліктен (оң жақ қыры, сол жақ қыры және түбі) тұратын ағаш қаңқа орнатылып жасалған. Оқтардың қорамсақ ішінде түзу орналасуы үшін оның аузына кейде қайыстан өрме тоқылып, оқтар сол өрменің тесіктері арқылы өткізілген. Қорамсақ жасауға терінің барлық түрі (былғары, көн, сақтиян, сауыр, орыс юфтасы) пайдаланылған.

Қорамсақтың беті теріге баспалау әдісімен түсірілген бедерлі өрнектермен және металл (алтын, күміс, жез) жапсырмалармен әшекейленген. Матадан тігілген қорамсақтардың сырты түрлі түсті жібек жіптермен кестеленген. Әдетте жақтың қабы мен қорамсақ бірдей материалдан жасалып, бір стильде, біркелкі тәсілмен безендірілген. Оқ салынған қорамсақ жауынгерлік белдікке жақтың қабымен бірге, аузы алға қаратылып, оң жаққа тағылған.

Көшпелі түркі-моңғол халықтарында жоғары биліктің белгісі, мемлекеттік рәміздер мен хандық билік атрибуттарының бірі болған жақ пен оқты алып жүруге арналған жабдықтар да ерекше символдық мәнге ие болған. Мемлекеттік нышандардың қатарында қорамсақ мемлекеттің өзін-өзі қорғау

қабілетін білдірген. Осы жоғары билік белгісі – садақ пен қылшанды алып жүру үшін арнайы «қару ұстаушылар» (курчи) тағайындалып, олар ханның жеке жасағының құрамына енген. Ханның жанында тұрақты қызмет атқарғандықтан, бұл міндетке көбіне ақсүйек әулетінен шыққан адамдар тағайындалған [24].

Жалпы, қазақ тіліндегі қару-жарақ атауларының басым бөлігі көне түркілік сөздерден тұрады. Олардың қатарына *сүңгі, сауыт, жарақ* сияқты атаулар жатады. Сонымен қатар, жоғарыда талданғандай, өзге тілдерден енген қару-жарақ атаулары да аз емес. Мысалы, *самқал, дүрбі, сардар* сияқты сөздер қазақ тіліне тарихи кезеңдерде әртүрлі жолдармен енген. Соғыс кезінде тек жаулаушы елдердің әскерлері ғана емес, халықтары да өзара байланысқа түсіп, мәдени әрі тілдік қарым-қатынас орнатқан. Осындай тарихи байланыстардың нәтижесінде басқа тілдерден енген сөздер қазақ тілінің сөздік қорынан орын алып, тілде өз ізін қалдырған.

Қорыта келгенде, қазақ тілі жауынгерлік қару-жарақ атауларын білдіретін сөздерге, жалпы әскери лексикаға өте бай, әрі олардың қолданылу аясы кең. Мұның себебі мақала басында айтылған тарихи жағдайлармен байланысты.

Әдебиеттер тізімі:

1. Валиханов Ч. Собр. соч. // Вооружение киргиз в древние времени и их доспехи. – Алматы, 1985. Т. 4. С. 35-40.

2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1974. 1-т. –425 б.

3. Ахметжанов Қ. Жараған темір кигендер. –Алматы: Дәуір, 1996. –54 б.

4. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1978. 3-т. –176-177 б.

5. Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. –Алматы, 1959. С. 390.

6. Будагов Л.З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. СПб., 1869. Т.1. С. 686.

7. Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. СПб., 1911. Т.4. С. 319.

8. Байжанов Т. Қазақ әскери лексикасы. АҚД. –Алматы, 1996. 2-т. –64-65 б.

9. ҚСЭ. 10-т. –316 б.

10. БСЭ. –4-102 б.

11. Тарихи жырлар/Кенесары-Наурызбай. –Алматы, 1996. 2-т. –22 б.

12. Тарихи жырлар / Абылай хан. – Алматы, 1995. 1-т. –159, 272 б.

13. Уәлиев Н. Қос сөз сыңарларының сырлары/Қазақ әдебиеті. 1983.
4 ақпан. –10 б.

14. Валиханов Ч. Собрание соч. – Алматы, 1962. Т. 2. С. 61.

15. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1980. 5-т. –364 б.

16. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1982. 6-т. –291 б.

17. БСЭ. 19-т. С. 120.

18. Қазақ Совет Энциклопедиясы. – Алматы, 1975. 6-т. –181 б.

19. Юдахин К.Н. Киргизско-русский словарь. –М., 1965. С. 471.

20. Абаев В.И. историко-этимологический словарь осетинского языка. –М.; Л., 1958. С. 591.

21. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1979. 4-т. –587 б.

22. БСЭ. 29-т. С. 392.

23. Т. Байжанов. С. Нұрымбетова. Ана тілі. № 31. 1998 жылғы 6 тамыз.

24. Ахметжан Қ. Қазақтың дәстүрлі қару-жарағының этнографиясы. –Алматы: Алматыкітап, 2006.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются происхождение, семантические особенности и сфера употребления названий боевого оружия в казахском языке. Также анализируются языковые и исторические факторы, оказавшие влияние на формирование и развитие военной лексики.

SUMMARY

The article explores the origin, semantic features, and usage domain of combat weapon names in the Kazakh language. It also analyzes the linguistic and historical factors that influenced the formation and development of military vocabulary.

ҚАЗАЛЫ ӨҢІРІНІҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

Ақерке БЕРДІБАЙ,
Ғ. Мұратбаевтың мемориалдық музейі филиалының ғылыми қызметкері

Еліміздің тарихында Қазалы өңірінің маңызы зор. Мұнда орналасқан тарихи нысандар тек өткеннің куәсі ғана емес, сонымен бірге қазақ елінің тарихы мен бір бөлігі болып табылады. Бұл аймақта VII-XI ғасырларда әйгілі Дәшті оғыздың астанасы болған ортағасырлық Жанкент қалашығы, жергілікті халық аңыз қылып айтатын ірі шаһар Кескен Күйік қалашығы орналасқан. Қазалы өңірі қаншама тарихи кезеңдерді бастан өткерсе де, саяси-экономикалық маңызын жойған жоқ. Бұл аймақтағы тарихи нысандар мен ескерткіштер бүгінде тек туризм саласын дамытуға мүмкіндік беріп қана қоймай, сонымен қатар, халықтың мәдени идентификациясын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Қазалы қаласында XIX ғасырда салынған ерекше сәулет өнері ескерткіштері сақталған. Бұлар Ғанибай мешіті мен керуен сарайы, Ноғай мешіті, Қожаназар ишан мешіті. Аталған тарихи-мәдени ескерткіштер қазіргі уақытта Қазақстанның қасиетті нысандары тізіміне енген.

Ғанибай мешіті. Қазалы қаласындағы XIX ғасырда салынған бірегей сәулет өнері ескерткіштерінің бірі – Ғанибай мешіті. Ел ішіндегі сақталған деректер бойынша XIX ғасырдың 60-жылдары Қазалы қаласы № 1 форт дәрежесін алғаннан кейін сырттан келушілердің саны көбейген. Солардың ішінде Қазан татарлары Ахмет және Ғани Қалиұлы Хұсайыновтар да келген. Ол кезеңде Ресей империясының құрамына енген өңірде сауда-саттық күшейіп, жергілікті халықтың әлеуметтік жағдайы көтеріле бастаған. Олардың сауда айналымы төрт миллион рубльге жеткен – сол заман үшін бұл орасан зор қаржы еді. Әр көктем сайын олардың өкілдері қазақ даласынан ондаған мың бас мал сатып алатын. Мал Орынбор губерниясына айдалып, күзде сойысқа жіберілетін. Содан кейін ет, май, тері, жүн және басқа да өнімдер Нижний Новгород, Мәскеу, Қазан қалаларының ірі жәрмеңкелеріне, тіпті Батыс Еуропа нарықтарына жөнелтілетін.

Байлыққа кенелген Хусайыновтар тек сауда-саттық пен цифрлар әлемімен шектелген жоқ. Олар қайырымдылықпен айналысып, мешіттер салдырды, білім беру ісіне қолдау көрсетті. Тек Орынбор губерниясының өзінде ағайындылар жүзге жуық ерлер және жиырмадан астам әйелдер мұсылман мектептерін ашып, оларды



Ғанибай мешіті

қамтамасыз етіп отырды [1, С. 8].

Қала маңында егін және мал шаруашылығы өркендеп, тамақ өнеркәсібі дамыған. Ғанибай көпес 1887-1894 жылдары аралығында үйінің жанынан мешіт салдырады [2, 1 б.]. Зерттеліп отырған ғимарат күйдірілген тіктөртбұрышты кірпіштерден салынған сәулет ескерткіші болып табылады. Құрылыстың жоспардағы аумақтық өлшемдері 27×14 м құрайды. Ғимарат жоспары бойынша тіктөртбұрыш пішінді және бір қабатты құрылыс санатына жатады. Нысанның солтүстік бөлігінде биіктігі 21 м болатын минарет орналасқан. Құрылыс материалдарының ерекшелігі мен жоспарлық құрылымы нысанның дәстүрлі сәулет өнері қағидаларына сәйкес тұрғызылғанын көрсетеді.

Ғанибай керуен сарайы. Шамамен XIX ғасырдың 60-жылдары татар көпесі Ғани Хусайынов Бұхара, Хиуа және Қоқаннан Ресейге бағыт алған сауда керуендері жолай Ғанибайдың үйіне тоқтап, тынығатын болған. Саудагерлерге қолайлы жағдай жасалғандықтан, бұл орын халық арасында Ғанибайдың керуен сарайы деген атаумен белгілі болған. «П» әрпі тәріздес жоспармен салынған үйдің солтүстік бетінде арба мен малдың еркін кіруіне арналған кең дарбаза орналасқан. Дарбазаның жоғарғы қабатында қонақтардың тынығуына арналған көлеңкелі алаң қарастырылған. Кірпіштің қалануы, астыңғы және үстіңгі жағындағы өрнектер сәулет өнерінің бірегей үлгісі іспеттес. Осыдан кейін Ғани Құсайыновтың саудасы жүріп, шаруасы нығайып, Ғанибай атанып кетеді.

Керуен сарайға 1937 жылы Ақтөбе облысының Мартөк ауданынан көшіріп әкелінген ауыл шаруашылығы техникумы орналастырылды. Техникум 1971 жылға дейін жұмыс істеді [3, 307 б.]. Қазіргі уақытта керуен сарай қайта қалпына келтірілген. 2017 жылы Қазақстанның өңірлік деңгейдегі қасиетті нысандар тізіміне енді.

Қожаназар ишан мешіті. Қазалы өңіріндегі белгілі сәулет өнері ескерткіштерінің бірі Қожаназар ишан мешіті. Мешіт Қазалы ауданы, Әйтеке би кентінде орналасқан. XIX-XX ғасырларда ел арасында белгілі болған діни қайраткер Қожаназар ишан өз қаржысына салдырған. Тарихи деректерде мешіт құрылысы 1897-1902 жылдары аралығында жүргізіліп, аяқталғаннан кейін ишанның туған інісі Бекназарға тапсырған. Бекназар мешітте 1902-1924 жылдары имамдық қызмет атқарған. Кеңес үкіметі орнағаннан кейін большевиктер мешітті астық сақтайтын арнайы қойма ретінде пайдаланды. 1947 жылы Азамат соғысының ардагері

Р. Сақтағановтың Сталинге жолдаған хатында мешіттің қайтадан халыққа қызмет жасайтын діни орынға айналуы туралы жазады.

Мешіттің құрылымына тоқталсақ, арнайы күйдірілген кірпіштен төзімді етіп салынған. Жалпы аумағы – 22 х 13 м., шатырының биіктігі – 9 м., мұнарасының биіктігі – 19 м. [4, 1 б.]. Жоспарында тікбұрышты болып келген ғимарат екі көлденең қабырғамен үш бөлікке – кіреберіс және екі намаз оқитын залға бөлінген. Кіреберіс бөлік үш бөлмеден тұрады: орталық (дәліз) – үстіне ішінде баспалдағы бр минарет салынған және екі қосалқы бүйірлік бөлмесі бар. Орталықтағы шаршы пішінді бөлме төрт бағытқа ашылатын есік ойықтары арқылы далаға, намаз оқитын залға және екі бүйірлік бөлмеге жалғасып, сәулет өнеріндегі «киоск» үлгісінде жобаланған.

Қожаназар ишан мешіті 2017 жылы Қазақстанның қасиетті нысандары тізіміне енген. Ғимаратты алғаш рет 1979 жылы «Қазжоба қалпына келтіру» институтының экспедициясы зерттеген.

Нұралы мешіті. Нұралы мешіті Қазалы қаласында орналасқан. Тарихи-мәдени ескерткіш болып табылатын нысан XIX ғасырда салынған. Ел ішіндегі деректерде мешітті салдырған Мөрәлі көпес Қазалы өңірінің дәулетті адамдарының қатарына кірген. Мешітті салдыру үшін Өзбекстанның Бұхара және Хиуа қалаларынан арнайы ұсталар мен шеберлермен бірге барлық құрал жабдықтарды алдырып, біраз бөренелерді бір-біріне байланыстырып, оларды жалғап Сырдария өзені арқылы ағызып тасымалдаған. Арнайы жасақтаған адамдар салдың үстінде, дарияның бұрылар тұсына салды жиекке соқтырмай, аман-есен жеткізіп Мөрәліден қажетті ақысын алған. Мешіттің құрылысы 6 жылға созылған. Мешітті салу жұмыстары біршама уақыт тоқтап барып жұмысы қайта жанданған. Сол кезеңде мешіт салу өте қиын болған. Тарихи деректерге сүйенсек, мешіттің ішінде ұстындары арнайы Үндістан елінен әкелінген ағаш екен. Бұхара ұсталары



Нұралы мешіті

ұстындарға арнайы ою-өрнектер салған. Мешіттің сыртқы қабырғасын арнайы сылаған.

Бір ғасырдан астам уақыт өтсе де, әлі сапасын жоймаған. Мешіттің құрылысы аяқталған соң Мөрәлі бай Бұхара қаласынан білімді ғалым Хақназар имамды арнайы алдырған. Мешіт ғимараты күйдірілген кірпіштен салынған. Оның жалпы аумағы 28×15 м, ал мұнарасының биіктігі 26 м. Ғимарат анфиладты жоспар негізінде тұрғызылып, бөлмелері симметриялы орналасқан. Орталық бөлігінде биік мұнара, ал оның екі жағында қосалқы бөлмелер орналасқан. Мешіттің басты сәулеттік ерекшелігі – михрабы бар екі ғибадат залының болуы [5, 211 б.].

Нұралы мешіті 2017 жылы «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы аясында Қызылорда облысының өңірлік қасиетті нысандар тізіміне енген.

Қорыта айтқанда, Қазалы өңірінің тарихи-мәдени ескерткіштері өткеннің материалдық және рухани құндылықтарын сақтаған бірегей мұра болып табылады. Оларды қорғау, ғылыми айналымға кеңінен енгізу және мәдени туризм бағытында тиімді пайдалану өңірдің тарихи-мәдени әлеуетін арттыруға, ұлттық мұраны дәріптеуге және келешек ұрпаққа жеткізуге мүмкіндік береді. Болашақта архивтік құжаттар мен далалық зерттеулерді ұштастыра отырып, Қазалы өңірінің басқа да тарихи нысандарын кешенді түрде зерттеу отандық тарих ғылымының маңызды бағыттарының бірі болмақ.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жакибаева М. Наследия купца Ганибая. «Кызылординские Вести», № 27-28. 21 февраль 2026 года. – С. 8.

2. Талапбаева Ұ. Көненің көзіндей керуен сарайы. qazaly.kz. 2018 жылғы 13 маусым.

3. Әбдіғалиұлы Б. Қазақстанның өңірлік қасиетті нысандары. –Астана. 2017. – 469 б.

4. Табынбаев Е. Қос мешіт Қожаназар ишан. qazaly.kz. 2017 жылғы 16 желтоқсан

5. Қуандықов, Б. Байпақов К., Құрманқұлов Ж. Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштерінің жинағы. – Алматы. 2011. – 504 б.

РЕЗЮМЕ

В статье рассказывается об историко-культурных памятниках XIX-XX веков, расположенных в Казалинском районе Кызылординской области, мечети Ганибая, караван-сарае Ганибая, мечети ишана Кожаназара и мечети Нуралы.

SUMMARY

The article discusses the historical and cultural monuments of the 19th-20th centuries located in the Kazaly District of the Kyzylorda Region, including the Ganibay Mosque, the Ganibay Caravanserai, the Ishan Kozhanazar Mosque, and the Nuraly Mosque.

«АЛЖИР» ЛАГЕРІНДЕ БОЛҒАН БЕЛАРУСЬ ӘЙЕЛДЕРІ: ТЕРГЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН АРХИВ ДЕРЕКТЕРІ НЕГІЗІНДЕ

Лаура АБДРАХМАНОВА,
Астана қаласы әкімдігінің Бірлескен музейлер дирекциясы
Саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының
«АЛЖИР» мемориалды музей кешені
Ғылыми-зерттеумен қамтамасыз ету
бөлімінің жетекші ғылыми қызметкері

2017 жылғы шілде айында саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының «АЛЖИР» мемориалды музей кешенінің қоры 1938-1953 жылдары «Отан сатқындары» әйелдерінің Ақмола лагерінде мерзімін өтеген беларусь әйелдерінің бірегей архивтік құжаттарымен толықтырылды. Осында атылған «халық жауларының әйелдері», «отанын сатқандардың отбасы мүшелері», контрреволюциялық қызметі үшін сотталған және жер аударылған бай шаруалардың отбасы мүшелері, дін қызметшілері мен қарапайым шаруа адамдар тұтқында болған.

«АЛЖИР» тұтқындарына қатысты мыңнан астам архивтік құжаттарды Беларусь Республикасының Президенті А. Лукашенко 2017 жылғы маусым айында Астанаға сапары кезінде табыстады.

Музей ұжымы қысқа мерзім ішінде архивтік құжаттарды зерттеу бойынша ауқымды жұмыс атқарды, материалдардың ішінде тұтқындау туралы анықтамалар, тұтқындау ордерлері, тұтқындау қаулылары, тұтқындардың анкеталары, «АЛЖИР» лагерінде болған тұтқын әйелдер және куәгерлердің жауап алу хаттамалары, айыптау қорытындылары, балалардың аналарына жазған хаттары, тұтқын әйелдердің И.В. Сталинге, Л.П. Берияға, К.Е. Ворошиловқа жазған хаттары, ақталғаны туралы анықтамалар бар.

Аталған материалдар негізінде қабылдау актілері, «АЛЖИР» тұтқындары мен олардың отбасы мүшелерінің өмірбаяндары дайындалды. Сонымен қатар құжаттарды электрондық сандық жүйеге енгізу жұмыстары ұйымдастырылды. Архивтік құжаттарда әйелдердің тұтқындалғанға дейінгі өмірі, қамауда болған кезеңі, лагерьдегі тұрмыс-тіршілігі және бостандыққа шыққаннан кейінгі тағдыры жан-жақты көрініс тапқан. Сондай-ақ материалдар ішінде Беларуссиядан шыққан поляк және латыш ұлтынан шыққан әйелдердің істері туралы мәліметтер бар.

Құжаттарда беларусь әйелдерінің контрреволюциялық және антикеңестік қызметпен айналысқаны, партия басшыларына теріс көзқарас танытқаны, соғысқа қатысты арандатушылық сипаттағы қауесеттер таратқаны, Кеңес өкіметінің күйреуі мен ашаршылық туралы ақпарат таратып, картоп жинау науқанына қарсы үгіт жүргізіп, іріткі салғаны баяндалған.

Құжаттарда олардың Кеңес өкіметі мен коммунистерге жала жапқаны, латыш ұлттық ұйымының тыңшылық қызметіне қасақана қатысқаны, күйеуінің қылмыстары туралы билік органдарына хабарламағаны, террористік, тыңшылық-диверсиялық және зиянкестік ұйымдарға қатысы бар адамдарды жасырғаны үшін айыпталғаны көрсетілген. Сондай-ақ Беларусьті Кеңес Одағы құрамынан күштеп бөліп алуды мақсат еткен антикеңестік террористік ұйымға қатысқаны, тәркіленген мүлікті кулактарға қайтару туралы қауесет таратқаны, сайлауға қарсы контрреволюциялық үгіт жүргізгені үшін айып тағылып, осы негіздер бойынша тұтқындалғаны туралы мәліметтер қамтылған.

Архивтік құжаттарға сәйкес әйелдер «Отанын сатқандардың отбасы мүшелері» ретінде 8 жылға, ал контрреволюциялық қызмет жүргізді деген айыппен 10 жылға бас бостандығынан айырылған. Тұтқындалғаннан кейін олар Минск және Витебск қалаларының түрмелерінде қамауда болды. Құжаттарда олардың бұрын сотталмағаны да көрсетілген.

Зерттеудің негізгі материалдарын «Саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының «АЛЖИР» мемориалды музей кешені қорында сақталған Беларусь Республикасынан алынған архивтік құжаттар құрайды. Зерттеу барысында тұтқындау туралы анықтамалар, тұтқындау ордерлері

мен қаулылары, тұтқын анкеталары, жауап алу хаттамалары, айыптау қорытындылары, тұтқын әйелдердің Сталинге, Берияға, Ворошиловқа жазған хаттары, балалардың аналарына жолдаған хаттары, ақталғаны туралы анықтамалар және тұтқындар мен олардың отбасы мүшелеріне қатысты өмірбаяндық материалдар пайдаланылды.

Архивтік құжаттарды зерттеу барысында тарихи деректерді талдау және жүйелеу әдістері қолданылды. Құжаттардағы мәліметтерді өзара салыстыру арқылы беларусь әйелдерінің тұтқындалу себептері, лагерьге жеткізілу жолдары, жазасын өтеу мерзімі және бостандыққа шыққаннан кейінгі тағдыры зерделенді. Сонымен қатар жекелеген тұтқындардың өмір жолын жан-жақты ашып көрсету мақсатында олардың өмірбаяндық деректеріне талдау жүргізілді.

Зерттеу барысында архивтік құжаттардағы мәліметтерді жинақтау, салыстыру және сипаттау тәсілдері қолданылып, «Отан сатқындары» әйелдерінің Ақмола лагерінде жазасын өтеген беларусь әйелдерінің тағдырына қатысты деректер кешенді түрде қарастырылды.

2003 жылы Астана қаласы мен Ақмола облысының Заңсыз қуғын-сүргін құрбандары қауымдастығы және «Мемориал» халықаралық қоғамы шығарған «АЛЖИР тұтқындары» атты кітапта «АЛЖИР» лагерінде 134 беларусь әйелдің жазасын өтегені көрсетілген. Олардың «кінәсі» – «Отанын сатқандардың» жұбайлары, аналары, әпкелері мен қыздары болуы еді. Әйелдерді тұтқындау кезінде куәгерлер мен ауылдастарының айғақтары маңызды рөл атқарған. Архивтік материалдар олардың өмірінің соңына дейін өздерін де, жұбайларын да кінәлі деп санамағаны байқалады.

Лагерьде болған кезеңде және бостандыққа шыққаннан кейін зардап шеккен әйелдер И.В. Сталинге, Л.П. Берияға және К.Е. Ворошиловқа хаттар жолдаған. Бұл хаттарда олар өз істерін қайта қарауды, тағылған айыптарды алып тастауды, қалыпты өмірге оралуға, еңбек етуге және балаларын тәрбиелеуге мүмкіндік беруді, сондай-ақ өздерінің кінәсіздігін анықтауды сұраған.

Олардың қатарында Беларусь халық ақыны Петрусь Бровканың енесі Елена Григорьевна Рыдзевская, Беларусь Кеңестік Социалистік Республикасының Денсаулық сақтау халық комиссары Павел Павлович Бурачевскийдің жұбайы Ксения Львовна Бурачевская, Беларусь мемлекеттік университеті ректорының уақытша міндетін атқарған Алексей Стефанович Кучинскийдің әйелі Елена Федоровна Кучинская-Старостенко, 1933-1936 жылдары БКСР ағарту халық комиссары болған Александр Аникеевич Чернушевичтің әйелі Мария Лукинична Чернушевич, Беларусь комсомолы орталық комитетінің бірінші хатшысы Александр Викентьевич Августайтистің әйелі Лидия Николаевна Августайтис, БКСР ағарту халық комиссары Ананий Иванович Дьяковтың әйелі Мария Ивановна Дьякова болған. Сонымен қатар лагерьде «Беларусь Есенині» атанған ақын Тодар Кляшторныйдың әйелі Янина Михайловна Германович, беларусь кеңес жазушысы әрі коммунистік партия мүшесі Платон Романович Головачтың әйелі Нина Федоровна Вечар-Головач, прозашы Василий Петрович Сташевскийдің әйелі Лидия Петровна Сташевская, әдебиетші әрі журналист Иосиф Фадеевич Куделькоңың әйелі Владислава Никитовна Алексеева, БКСР жер шаруашылығы халық комиссары орынбасары Александр Ксавельевич Залесскийдің әйелі Мария Андреевна Залесская, Ворошилов аудандық комитеті БК(б)П хатшысы Захар Тихонович Ковалевтың әйелі Антонина Николаевна Ласовская, сондай-ақ Николай Чудотворец шіркеуінің қызметкері Владимир Петрович Зенюктің әйелі Лидия Ивановна Зенюк және басқа да көптеген әйелдер қамауда болған.

Архивтік құжаттар Беларусь әйелдерінің өмірінің соңына дейін өздерін де, жұбайларын да кінәсіз деп санап, осы ұстанымынан айнымағанын көрсетеді. Минск және Витебск қалаларының түрмелерінде жүргізілген тергеу барысында олар күйеулерінің кінәсіз екенін мәлімдеп, өмірінің соңына дейін жұбайларына адалдық танытқан. Сонымен қатар архивтік құжаттар тұтқын әйелдердің әрқайсысының өзіндік қайғылы тағдыры, «тар жол, тайғақ кешкен» кезеңдері мен күрделі өмір жолы болғанын айғақтайды. Бұл жөнінде «АЛЖИР» тұтқындарының жеке істеріндегі құжаттар нақты мәлімет береді.

Тұтқынның қызы Тадиана (Татьяна) Тодоровна Кляшторная – 1931 жылы туған, Беларуь жерінде тұрған және ауылда

мұғалім болған. Екінші қызы 1933 жылы туған Весналина (Валентина) Тодоровна балалар ақыны болған. Соғыс жылдары неміс-фашистік оккупациясында қалып, жүйке жүйесі мен жүрек ақауының функционалдық тұрғыдан бұзылуы дертіне шалдыққан. Қызы Майя Тодоровна Кляшторная 1937 жылы туған (анасы тұтқындалғанда ол небары 6 айлық болды) анасы Янина Германовичпен «АЛЖИР» лагерінде үш жасқа дейін болып, сол жерде сүйек туберкулезіне шалдығады. Үш жасында анасынан айырылып, Қарағанды облысының Осакаровка ауылындағы мамандандырылған балалар үйіне жіберілген. Осакаровкада Тұрар және Азиза Рысқұловтардың қызы Ридамен бірге тәрбиеленген. Бүгінде Майя Кляшторная Минск қаласында тұрады (АЛЖИР ММК қ., СМҒКҚ – 6106; СМҒКҚ – 6110).

Елена Григорьевна Рыдзевская – бастауыш сынып мұғалімі. Күйеуі Михаил Антонович Рыдзевский педагогикалық институттың оқу бөлімінің меңгерушісі болған. 1936 жылы тұтқындалып, бір жылдан кейін атылған. Елена Григорьевна Рыдзевская Ақмола бөлімшесіне 1938 жылы 24 қаңтарда Орши қаласынан жеткізілген. 1945 жылы 20 қарашада босатылған (АЛЖИР ММК қ., СМҒКҚ – 6810; СМҒКҚ – 6814).

Вера Васильевна Латышевская – кулак отбасынан шыққан. 1933 жылы «контрреволюциялық қызметпен айналысты» деген айыппен тұтқындалып, жер аударылған. Қамауға алынғанға дейін таразышы болып жұмыс істеген. Кейін IIXK жанындағы «үштіктің» шешімімен қайтадан контрреволюциялық әрекеттері үшін айыпталып, 10 жыл мерзімге еңбекпен түзеу лагеріне жіберілген. Ол лагерьге 1938 жылғы 11 мамырда жеткізілді. Жазасын өтеп, «АЛЖИР» лагерінен 1948 жылғы 4 ақпанда босатылған.

Анна Афанасьевна Лютько – Беларусь Бүкілодақтық коммунистік жастар одағының мүшесі болған. Мәскеу педагогикалық институтының студенті. 1937 жылғы 20 қазанда ол Жлобин қалалық, аудандық атқару комитетінің төрағасы болған, «Беларусьтегі антикеңестік астыртын ұйымның белсенді мүшесі» әрі «халық жауы» деп танылған адамның жұбайы ретінде қамауға алынған. Тергеу шешімі бойынша 8 жыл мерзімге еңбекпен түзеу лагеріне жіберілген. Жазасын өтегеннен кейін Қарағанды қаласында тұрған.

Тұтқын Серафима Георгиевна Маргелова-Гомонова – Горецк зоотехникалық институтын тәмамдаған. Минск қаласында тұрып, «Красная заря» ашытқы зауытында лаборант қызметін атқарған. Күйеуі қамауға алынғанға дейін Беларусь ғылым академиясы Экономика институтының география секциясын басқарған. С.Г. Маргелова-Гомонова 1937 жылғы 24 қаңтарда «Отанын сатқандардың отбасы мүшесі» санаты бойынша тұтқындалып, 8 жыл мерзімге еңбекпен түзеу лагеріне жіберілген. Тергеу материалдарында оның «контрреволюциялық латыш ұлттық ұйымына қатысы бар» деген айып тағылғаны көрсетілген.

Эмма Гедертовна Ольдберг – ұлты латыш, Витебск қаласындағы №30 латыш мектебінде мұғалім болып қызмет атқарған. Оның күйеуі 1937 жылғы 26 қазанда тұтқындалып, «Латвия барлауының эмиссары» ретінде әшкереленіп, РСФСР Қылмыстық кодексінің 58-бабының 6-тармағы және 67-бабы бойынша жауапқа тартылған. Э.Г. Ольдберг 1938 жылғы 10 қаңтарда «контрреволюциялық латыш ұлттық ұйымының мүшесі» әрі «диверсиялық-тыңшылық әрекетке қатысқан» деген айыппен қамауға алынған. Ол Витебск түрмесінде тергеу қамауында ұсталды. 1938 жылғы

19 қаңтарда 10 жыл мерзімге еңбекпен түзеу лагеріне жіберілген. Жазасын өтегеннен кейін Латвия КСР-інде тұрып, Видриж мектебінде КСРО тарихы мен орыс тілі пәндерінен сабақ берген (АЛЖИР ММК қ., СМҒКҚ – 6655).

Варвара Александровна Мозоляко – Польшада туған, ұлты поляк, КСРО азаматы. «Пролетарий» шыны зауытында еңбек еткен. Күйеуі тұтқындалғанға дейін Беларусь КСР Орман шаруашылығы халық комиссариатында қызмет атқарған. 1937 жылдың шілде айында оның күйеуі қамауға алынып, 1937 жылғы 19 желтоқсанда «контрреволюциялық тыңшылық-диверсиялық ұйымның I санатты мүшесі» деген айыппен ең жоғары жаза – ату жазасына кесілген. Варвара Александровна Мозоляко «Отанын сатқандардың отбасы мүшесі» ретінде 8 жыл мерзімге еңбекпен түзеу лагеріне жіберілді. 1941 жылғы 20 тамызда Сегежлагтан Карлагқа этаппен жеткізілген. Жазасын өтеп, 1946 жылғы 15

ақпанда босатылған (АЛЖИР ММК қ., СМҒКҚ – 6609).

Мария Фоминична Малова – тұтқындалғанға дейін Минск қаласында тұрған. Күйеуі тұтқындалғанға дейін Беларусь КСР Ағарту халық комиссариатында нан-тоқаш бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарған (АЛЖИР ММК қ., СМҒКҚ – 6583).

Ольга Игнатьевна Лободаева – қамауға алынғанға дейін медбике болып жұмыс істеген. Оның күйеуі БК(б)П Орталық комитетінің Арнайы секторын басқарған әрі БК(б)П Орталық комитетінің бірінші хатшысының көмекшісі қызметін атқарған. Тергеу барысында ол «антикеңестік террористік-диверсиялық және зиянкестік ұйымның белсенді мүшесі» деген айыппен кінәлі деп танылған. Ольга Игнатьевна Лободаева Ақмола бөлімшесіне Орша қаласынан 1938 жылғы 24 қаңтарда жеткізілген. Жазасын Карлаг жүйесінде өтеп, 1945 жылғы 27 шілдеде босатылған (АЛЖИР ММК қ., СМҒКҚ – 6553).

Елизавета Константиновна Зинкевич – үй шаруасындағы әйел. Күйеуі тұтқындалғанға дейін 21-әуе бригадасының техникалық шеберханаларын басқарған әрі II дәрежелі әскери маман болған. Ол 1937 жылғы 27 қыркүйекте «поляк барлауының диверсанты» деген айыппен қамауға алынып, сол жылы ату жазасына кесілген. Елизавета Константиновна Зинкевич «Отанын сатқандардың отбасы мүшесі» ретінде 1937 жылғы 7 желтоқсанда 8 жыл мерзімге еңбекпен түзеу лагеріне жіберілген. 1939 жылы Мордовиядағы Ленин теміржолы бойындағы Темлаг лагерінде жазасын өтеген. Кейін Карлаг жүйесінде болып, 1944 жылғы 14 ақпанда босатылған.

Ксения Сергеевна Дзяткова – ветеринарлық дәрігер. Оның күйеуі Беларусь КСР Жер шаруашылығы халық комиссариаты басқармасында ветеринарлық дәрігер қызметін атқарған. 1937 жылғы 13 мамырда «Беларусьтегі антикеңестік астыртын ұйымның мүшесі» деген айыппен тұтқындалып, 1937 жылғы 11 қазанда ату жазасына кесілген. Ксения Сергеевна Дзяткова Ақмола лагеріне 1938 жылғы 29 қаңтарда алты айлық қызы Галинамен бірге жеткізілген. Ал қызы Лариса мен ұлы Сергей балалар үйіне жіберілген. Ол 1945 жылғы 28 қарашада босатылған. Бостандыққа шыққаннан кейін берілген анықтамада оның тұрғылықты мекенжайы ретінде «Ақмола облысы, Ақмола ауданы, Карлагтың 26-нүктесі» көрсетілген. Дзяткова лагерьден босатылған соң сол жерде жалдамалы жұмысшы ретінде қалып, лагерь жабылғаннан кейін де осы өңірде өмір сүрген.

Анна Степановна Беланович – ұлты поляк. Ол «тыңшылық әрекетке қатысы бар» деген күдікпен тұтқындалып, 10 жыл мерзімге еңбекпен түзеу лагеріне сотталған. Тергеу материалдарында оның «ПӘМ» деп аталған контрреволюциялық ұйымның мүшесі ретінде халық арасында антикеңестік үгіт-насихат жүргізгені көрсетілген. Анна Степановна Беланович Карлаг жүйесіне 1938 жылғы 4 сәуірде Минскіден келген топпен жеткізілген. Деректерде оның «АЛЖИР» лагерінен босатылуына қатысты екі түрлі мерзім көрсетіледі: 1943 жылғы 5 шілде және 1948 жылғы 17 қаңтар.

Екатерина Михайловна Кумпицкая – күйеуі әскери қызметкер болған. Ол 1937 жылғы 20 қарашада «антикеңестік астыртын ұйымның белсенді мүшесі» әрі «халық жауы» ретінде Беларусь КСР Қылмыстық кодексінің 24-69, 24-70 және 24-71-баптары бойынша айыпталып, ату жазасына кесілген. Осыған байланысты Екатерина Михайловна «Отанын сатқандардың отбасы мүшесі» ретінде жауапкершілікке тартылған. Ол «АЛЖИР» бөлімшесіне Орша қаласынан 1938 жылғы 24 қаңтарда жеткізілген. Жазасын өтеп, 1945 жылғы 20 қарашада босатылған. Бостандыққа шыққаннан кейін Қарағанды қаласында тұрған.

Ульяна Адамовна Новохресттің – күйеуі 1937 жылғы 15 қыркүйекте ату жазасына кесілген. Ал өзі «Отанын сатқандардың отбасы мүшесі» ретінде 8 жыл мерзімге еңбекпен түзеу лагеріне жіберілген. Ол «АЛЖИР» бөлімшесіне Орша қаласынан 1938 жылғы 24 қаңтарда жеткізілген. Лагерьде 1939 жылғы 25 маусымға дейін болған. Кейін Карлаг жүйесінде жазасын өтеп, 1945 жылғы 21 желтоқсанда босатылған.

Анастасия Адамовна Лебединскаяның – күйеуі Озераны ауылындағы шіркеуде қызмет еткен. 1929 жылы олардың отбасы тәркіленіп, Беларусьтен Солтүстік өлкедегі Котлас қаласына жер аударылған. 1934 жылы Анастасия Адамовна жер аударылған жерден қашып, туған ауылына оралған. Алайда үйінде үш апта болғаннан кейін қайта ұсталып,

кезең-кезеңімен жер аударылған жеріне жөнелтілген.1935 жылы ол қыздарымен бірге айдау орнынан екінші рет қашып шығып, Озераны ауылында тұрған. Біраз уақыттан кейін оған колхозда жұмыс істеуге уақытша рұқсат берілген. 1937 жылғы 23 қазанда «контрреволюциялық үгіт жүргізді» деген айыппен 10 жыл мерзімге еңбекпен түзеу лагеріне жіберілген. Анастасия Адамовна Лебединская 1942 жылғы 17 желтоқсанда Ақмола бөлімшесінде қайтыс болған (АЛЖИР ММК қ., СМҒКҚ – 6525, СМҒКҚ – 6545).

Наталья Константиновна Макеенко – 1930 жылы тәркілеуге ұшырап, қызымен бірге Орал өңіріндегі Кизель қаласына жер аударылған. 1931 жылы айдау орнынан қашып шығып, Суровский ауданына қарасты Ботаника ауылдық кеңесінде тұрған. Тергеу құжаттарында оның антикеңестік үгіт жүргізгені көрсетіледі. 1937 жылы ол ауылдарды аралап, қайыршы кейпінде жүріп, «колхоздар жуық арада тарайды», «Германия және Польшамен соғыс басталады», «билік таяу уақытта өзгереді» деген мазмұндағы сөздер таратты деп айыпталған. Алайда Наталья Константиновна өзіне тағылған айыптарды мойындамаған. Ол Карлаг жүйесіне 1938 жылғы 4 сәуірде Минскіден жеткізілген. «АЛЖИР» лагерінен 1943 жылғы 5 шілдеде босатылған (АЛЖИР ММК қ., СМҒКҚ – 6593, СМҒКҚ – 6603).

Полина Федоровна Еркович – күйеуі Витебск ветеринарлық институтында ассистент болып жұмыс істеп, кейін Қырғыз зооветеринарлық институты клиникасының директоры қызметін атқарған. Ол 1937 жылғы 30 қазанда «контрреволюциялық ісі үшін» 10 жыл мерзімге бас бостандығынан айырылған. Полина Федоровна Еркович «Отанын сатқандардың отбасы мүшесі» ретінде 1937 жылғы 5 желтоқсаннан бастап 8 жыл мерзімге еңбекпен түзеу лагеріне жіберілген. Карлагқа 1941 жылғы 20 тамызда этаппен жеткізіліп, 1945 жылғы 5 желтоқсанда босатылған (АЛЖИР ММК қ., СМҒКҚ – 6217, СМҒКҚ – 6222).

Надежда Ефимовна Горянина – күйеуі қамауға алынғанға дейін Беларусь байланыс басқармасы бөлімінің меңгерушісінің жұбайы болған. Оның күйеуі 1937 жылғы 25 қазанда «антикеңестік террористік ұйымға мүше болды» деген айыппен тұтқындалған. Надежда Ефимовна Карлаг жүйесіне Сегежлагтан 1941 жылғы 20 тамызда жеткізілген. Жазасын өтеп, 1946 жылғы 15 ақпанда босатылған (АЛЖИР ММК қ., СМҒКҚ – 6090, СМҒКҚ – 6099).

«АЛЖИР» лагерінде бір отбасының бірнеше мүшесі бірге қамауда отырған жағдайлар да кездескен. Солардың қатарында туған апалы-сіңлі Христина мен Анна Павлюковскаялар, сондай-ақ, Анна мен Елена Корбовскаялар болған.

Архивтік құжаттарды зерттеу нәтижесінде Ақмола лагерінде жазасын өтеген «Отанын сатқандардың отбасы мүшелері» санатына жатқызылған беларусь әйелдерінің әлеуметтік құрамы мен тағдырына қатысты бірқатар ерекшеліктер анықталды. Құжаттар олардың әртүрлі әлеуметтік ортадан шыққанын көрсетеді. Олардың қатарында мұғалімдер, үй шаруасындағы әйелдер, медицина, ауыл шаруашылығы және өзге де салаларда еңбек еткен азаматтар болған.

Зерттеу барысында беларусь әйелдерінің басым бөлігі өздерінің жеке әрекеттері үшін емес, жұбайларының немесе отбасы мүшелерінің ісіне байланысты жауапкершілікке тартылғаны байқалды. Архив материалдарында олардың «Отан сатқындарының отбасы мүшелері» ретінде немесе контрреволюциялық қызметке қатысы бар деген айыптармен тұтқындалғаны көрсетілген. Сонымен қатар кейбір әйелдердің контрреволюциялық үгіт жүргізу, антикеңестік әрекеттерге қатысу және тыңшылық қызметке байланысы бар деген айыптар бойынша сотталғаны анықталды.

Құжаттарды талдау тұтқындалған әйелдердің алдымен Минск және Витебск қалаларының түрмелерінде болып, кейін еңбекпен түзеу лагерлеріне жіберілгенін көрсетеді. Олардың арасында әртүрлі мерзімге сотталғандар кездеседі. Архивтік материалдарда әйелдердің лагерьдегі өмірі, денсаулық жағдайы, отбасынан айырылуы, балалардың балалар үйлеріне жіберілуі және бостандыққа шыққаннан кейінгі тағдырлары туралы нақты мәліметтер сақталған.

Зерттеу барысында тұтқындардың мемлекеттік билік басшыларына жолдаған хаттарының мазмұны ерекше назар аудартты. Бұл құжаттарда олардың өздерінің және отбасы мүшелерінің кінәсіздігін дәлелдеуге, істерін қайта қарауға, қоғамға қайта оралуға

және балаларымен бірге өмір сүруге мүмкіндік беруді сұрағаны байқалады.

Архивтік құжаттар жекелеген әйелдердің өмір жолын қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Материалдар олардың әрқайсысының өзіндік тағдыры болғанымен, барлығына ортақ белгі – жақындарының тағдырына байланысты қуғын-сүргінге ұшырап, ұзақ уақыт бойы әлеуметтік және рухани қиындықтарды бастан кешіргені екенін көрсетеді. Сонымен қатар құжаттар лагерьде бір отбасының бірнеше мүшесінің бірге болған жағдайларын да анықтауға мүмкіндік береді.

Осылайша, архивтік деректерді талдау «АЛЖИР» лагерінде болған беларусь әйелдерінің тағдыры кеңестік қуғын-сүргін саясатының отбасылық жауапкершілік қағидатына негізделгенін және олардың өмір жолының түрлі кезеңдерін нақты тарихи құжаттар арқылы қалпына келтіруге болатынын көрсетті.

«АЛЖИР» лагеріне қамалған беларусь әйелдерінің тағдыры кеңестік саяси қуғын-сүргіннің адам өміріне әкелген ауыр зардаптарын айқын көрсетеді. Олардың басым бөлігі нақты қылмысы дәлелденбесе де, «халық жауларының» жұбайы немесе туысы болғаны үшін ғана жазаланды. Лагерьдегі ауыр тұрмыс, отбасынан ажырау, балалардың жетім қалуы мен ұзақ жылдарға созылған қуғын олардың өміріне орны толмас қайғы әкелді. Соған қарамастан көптеген әйелдер өмір сүруге деген жігерін жоғалтпай, бостандыққа шыққаннан кейін де тағдыр тауқыметіне төтеп бере білді.

Беларусь Әскери аймағы Әскери трибуналының анықтамасы бойынша беларусь әйелдерін айыптау ісі олардың істерінің қылмыстық құрамының жоқтығына байланысты жабылды.

2007 жылғы 31 мамырда бұрынғы «Отан сатқындары әйелдерінің Ақмола лагерінің» орнында Саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының «АЛЖИР» мемориалды музей кешені ашылды.

«1930-1950 жылдардағы қуғын-сүргін құрбандарына қатысты әділеттілікті қалпына келтіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының қаулысының 1-бабы негізінде беларусь әйелдері мен олардың күйеулері ақталды.

РЕЗЮМЕ

В статье на основе архивных документов, хранящихся в фондах мемориально-музейного комплекса «АЛЖИР», рассказывается о судьбах белорусских женщин, отбывавших наказание в Акмолинском лагере. В ходе исследования рассматриваются причины их ареста, условия жизни в лагере, а также процесс их последующей реабилитации.

SUMMARY

Based on archival documents stored in the collections of the "ALZHIR" Memorial and Museum Complex, the article recounts the fates of Belarusian women who served sentences in the Akmola Camp. The study examines the reasons for their arrests, their living conditions in the camp, and the process of their subsequent rehabilitation.

ҚҰНДЫ ЖӘДІГЕР

КІСЕ БЕЛДІК ПЕН ШАТЛЕН – ЕКІ ӨРКЕНИЕТТІ ТОҒЫСТЫРҒАН МӘДЕНИ ҮНДЕСТІК

Дилорам ТАУАСАРОВА,
«Ұлы Дала Елі» орталығының
ғылыми қызметкері, тарих магистрі

Адамзат тарихындағы киім мен әшекей бұйымдары тек тұрмыстық қажеттілікті өтейтін зат қана емес, белгілі бір халықтың дүниетанымын, эстетикалық талғамын және әлеуметтік болмысын айқындайтын мәдени код болып саналады. Әр дәуір мен әр халықтың тұрмысында қолданылған бұйымдар сол қоғамның өмір салты мен рухани құндылықтарын бейнелейді.

Осы тұрғыдан алғанда, қазақ халқының кісе белдігі мен еуропалық мәдениеттегі шатлен – әртүрлі өркениеттен бастау алғанымен, қызметі мен мағынасы жағынан өзара үндесетін ерекше бұйымдар.

Қазақ қоғамындағы кісе белдік – көшпелі өмір салтының ажырамас бөлігі. Ол ер адамның күнделікті тұрмысында қару-жарақ, пышақ, оқшантай, дәрісауыт, шақпақ секілді қажетті заттарды өзімен бірге алып жүруіне ыңғайлы болған. XIX ғасырда генерал Броневский қазақтардағы белдікке тағылған қалта, оқшантай мен дәрісауыт жайында жазса, Шоқан Уәлиханов кісе белдіктің орыс юфтасынан тігіліп, оның қалтасына оттық, пілте және май секілді қажетті бұйымдар салынатынын атап өткен. Демек, кісе белдік тек сәндік әшекей емес, көшпелі өмірдің практикалық қажеттілігін өтеген әмбебап бұйым болды.

Белге күнделікті қажетті заттарды іліп жүру дәстүрі тек бір халыққа ғана тән емес еді. Мәселен, Қытайда белге кестеленген әмияндар тағылса, Жапонияда нэцке мен түрлі ұсақ бұйымдарды сақтауға арналған шағын қорапшалар белдікке бекітіліп жүрген. Ал Еуропада пайда болған шатлен мүлде басқа ортада қалыптасты.

XVIII-XIX ғасырларда әйелдер киімінде қалта болмағандықтан, күнделікті тұрмысқа қажет ұсақ заттарды алып жүру мәселесі туындады. Осы қажеттіліктен шатлен пайда болды. Ол – бірнеше шынжыр бекітілген сәндік қапсырма немесе белдік. Оның шынжырларына сағат, қайшы, кілт, әмиян, әтір құтысы, қойындәптер секілді бұйымдар ілінген. Кісе белдік пен шатленнің тарихи табиғаты да қызық үндестікке ие. Бірі көшпенділердің кең даладағы тұрмысынан, екіншісі сарай мәдениеті қалыптасқан ортадан бастау алғанымен, екеуі де адамның күнделікті қажеттілігін өтеуге бағытталған ортақ шешімнің көрінісі болды. Бұл мәдениеттер әртүрлі болғанымен, адам қажеттілігі ортақ екенін дәлелдейді. Яғни, кісе белдік пен шатлен адамзат мәдениетінің үндестігін көрсететін екі түрлі нұсқа. Осы екі бұйымның басты ұқсастығы – олардың функционалдық қызметінде. Көшпелі даладағы қазақ ер азаматы мен еуропалық әйелдің өмір салты әртүрлі болғанымен, екеуі де күнделікті қажет заттарды белге тағып алып жүруді ыңғайлы санаған. Бұл – адамзат мәдениеттерінің



Кісе белдік



Шатлен

айырмашылығынан бұрын, ортақ қажеттіліктердің ұқсас шешімдер туғызатынын көрсететін қызықты құбылыс.

Сонымен қатар, кісе белдік пен шатленнің әлеуметтік мағынасы да ерекше. Қазақ қоғамында кісе белдік ер азаматтың айбынын, беделін және жауынгерлік болмысын танытқан. Оның күміспен күптелуі, өрнектелуі иесінің дәулеті мен әлеуметтік орнын аңғартқан. Кей жағдайларда кісе ұрыптық қызмет те атқарған. Адамдар қиындық көргенде немесе Тәңірден тілек тілегенде кісені белінен шешіп, мойнына салған. Тіпті халық арасында інген іш тастамасын деген ырыммен оның мойнына кісе тағу дәстүрі де болған. Ал шатлен еуропалық қоғамда әйел адамның тұрмыстағы рөлін, ұқыптылығы мен әлеуметтік мәртебесін білдіретін белгіге айналды. Әсіресе ақсүйектер арасында алтын мен күмістен жасалып, асыл тастармен безендірілген шатлендер кең тарады. Оның құрамындағы әмиян, медальон және мөр тек тұрмыстық қызмет атқарып қана қоймай, иесінің қоғамдағы орны мен мәртебесін айқындайтын символдық мәнге де ие болды. Осылайша екі бұйым да тек тұрмыстық қажеттілік құралы емес, иесінің әлеуметтік келбетін айқындайтын мәдени нышан қызметін атқарды. Кісе белдік пен шатленнің тағы бір ұқсастығы – олардың сәндік сипаты.

Қазақ шеберлері кісе белдікті күміспен әшекейлеп, ұлттық ою-өрнекпен безендірген. Бұл – көшпелі мәдениеттегі эстетикалық талғамның көрінісі. Ал Еуропада шатлен нәзік өрнекпен көмкеріліп, эмальмен әрленіп, асыл тастармен безендірілді. Яғни, екі мәдениетте де тұрмыстық бұйым өнер туындысына айналған. Бұл адамзатқа ортақ бір құндылықты көрсетеді: пайдалы заттың өзі әсем әрі көркем болуы тиіс.

Шатленнің даму тарихына көз жүгіртсек, уақыт өте келе оның қарапайым тұрмыстық бұйымнан сән әлемінің маңызды аксессуарына айналғанын көреміз. XIX ғасырда шатлен қоғамның барлық тобы арасында кең тарады. Ақсүйектер оны сәндік әшекей ретінде пайдаланса, тігіншілер мен медбикелер тұрмыстық қажеттілік үшін қолданды. Бұл жағынан шатленнің қызмет аясы қазақтың кісе белдігіне ұқсас болды: екеуі де иесінің күнделікті өмірімен тығыз байланысты қызмет атқарды. Дегенмен, уақыт өте келе екі бұйым да бастапқы қызметінен алыстай бастады. Еуропада қалталы көйлектер мен сәнді сөмкелердің пайда болуы шатленнің маңызын әлсіретсе, ал қазақ қоғамында да көшпелі өмір салтының өзгеруімен кісе белдіктің күнделікті қолданысы сиреді. Соған қарамастан, бұл бұйымдар халық жадында тарихи-мәдени мұра ретінде сақталып қалды.

Кісе белдік пен шатлен – географиясы мен мәдени ортасы бөлек болғанымен, мағынасы мен қызметі жағынан өзара үндесетін бұйымдар. Екеуі де тұрмыстық қажеттілікті өтеп қана қоймай, әлеуметтік мәртебені, эстетикалық талғамды және мәдени болмысты танытқан. Сондықтан оларды тек қолөнер туындысы ретінде емес, адамзат өркениетіндегі ортақ тұрмыс мәдениетінің көрінісі ретінде бағалауға болады. Осындай ұқсастықтар арқылы біз мәдениеттердің айырмашылығынан гөрі, олардың өзара байланысы мен рухани үндестігін тереңірек танимыз.

РЕЗЮМЕ

В статье показано, как поясный ремень (кісе белдік) и шатлен отражают общность человеческой культуры. Отмечается, что главное сходство этих двух предметов заключается в их функциональном назначении.

SUMMARY

The article demonstrates how the waist belt (kise beldik) and the chatelaine reflect the commonality of human culture. It notes that the primary similarity between these two objects lies in their functional purpose.

ДӘСТҮР ҮНІ

ҚАЛЖА – АНАҒА ҚҰРМЕТ, ҰРПАҚҚА БЕРЕКЕ

Динара КЕРІМБЕКОВА,
«Ұлы Дала Елі» орталығының қызметкері

Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінде ұлттың өміршеңдігін сақтаған құндылықтардың бірі – ана мен балаға деген ерекше қамқорлық. Соның айқын көрінісі – қалжа беру дәстүрі. Көпшілік қалжаны босанған әйелге сойылатын қой деп қана түсінеді. Алайда этнографиялық тұрғыдан қарағанда, қалжа – жай ғана тағам емес, ол ана денсаулығын қалпына келтіруге, ұрпақтың амандығын қамтамасыз етуге бағытталған әлеуметтік әрі медициналық мәні зор ұлттық дәстүр.

Қазақ халқында әйелдің ана атануы тек отбасының ғана емес, тұтас әулеттің үлкен қуанышы саналған. Сондықтан босанған келіннің құрметіне арнайы мал сойылып, оның еті мен сорпасы жас анаға ұсынылған. Бұл дәстүр ананың еңбегін бағалаудың, оның денсаулығына қамқорлық жасаудың және дүниеге келген нәрестенің аман-сау өсіп, жарқын болашағына деген ізгі тілектің көрінісі болған

Белгілі этнограф Халел Арғынбаев: «Қазақ отбасы мен некелік қатынастарын этнографиялық тұрғыда зерттеудің ғылым үшін де, күнделікті өмір мүддесі үшін де зор маңызы бар», – деп жазады. Бұл пікір қазақ халқының отбасыға қатысты әрбір салт-дәстүрінің кездейсоқ емес, халықтың ғасырлар бойы жинақтаған өмірлік тәжірибесінің жемісі екенін көрсетеді. Қалжа дәстүрі де – сол рухани мұраның ажырамас бөлігі. Ол өз еңбектерінде қазақтың отбасылық салт-дәстүрлерін зерттей отырып, босанған әйелге ерекше күтім жасаудың көшпелі өмір салты жағдайында қалыптасқан өмірлік тәжірибе мен халықтық білімнің нәтижесі екенін атап көрсетеді. Қазақ қоғамында жас ананың алғашқы қырық күндегі күтімі отбасының ғана емес, бүкіл әулеттің ортақ міндеті саналған.

Ғылыми тұрғыдан қарасақ, бұл дәстүрдің астарында терең физиологиялық негіз жатыр. Босанғаннан кейінгі алғашқы алты апта – әйел организмі үшін ең жауапты кезеңдердің бірі болып саналады. Осы уақытта ағзаға жеткілікті ақуыз, темір, дәрумендер мен сұйықтық қажет. Дәстүрлі қалжа асы – жас ет пен құнарлы сорпа – босанған ананың ағзасына қажетті қоректік заттарды қамтамасыз еткен табиғи әрі құнарлы тағам болған. Сондықтан қазақ халқы ғасырлар бойы ғылыми терминдерді білмесе де, тәжірибе арқылы босанған ананың дұрыс тамақтануы оның сауығуына және сәбиін емізуіне тікелей әсер ететінін жақсы түсінген. Демек, халқымыз үшін ана мен балаға қатысты қалыптасқан дәстүрлер тек тұрмыстық қажеттіліктен туындаған емес, ұлттың болашағына жасалған қамқорлықтың көрінісі болған. Сол себепті де босанған әйелге тек қалжа ғана емес, арнайы күтім де ұйымдастырылған. Жас анаға ауыр зат көтеруге, суық суға қолын салуға, ұзақ жол жүруге немесе ауыр жұмыс істеуге рұқсат етілмеген. Үлкендер оның денесінің толық қалпына келуіне жағдай жасап, нәрестеге күтім жасауда ақыл-кеңесін берген. Мұндай қамқорлық ананың денсаулығын сақтап қана қоймай, отбасындағы сыйластық пен өзара жауапкершілікті де нығайтқан.

Этнографтардың пікірінше, қазақ қоғамында босанған әйелге көрсетілген құрмет – әйелдің қоғамдағы жоғары мәртебесінің көрінісі. Анаға қамқорлық жасау арқылы халық болашақ ұрпақтың денсаулығына инвестиция жасаған.

Қалжа дәстүрі тек тағамдық қана емес, тәрбиелік мәнге де ие. Жас ананы ауыр еңбекке тартпай, оның толыққанды тынығуына мүмкіндік беру және тәжірибелі әйелдердің қолдау көрсетуі қазақ қоғамында қалыптасқан әлеуметтік қолдау жүйесінің маңызды үлгісі болған.

Қазіргі ғылыми көзқарас тұрғысынан бұл – босанған әйелдің физикалық және психологиялық оңалуын қамтамасыз етуге бағытталған халықтық тәжірибе. Яғни, жас ананың психологиялық жай-күйіне де ерекше көңіл берілген. Үлкендер жас анаға жылы сөз айтып, өнегелі әңгімелер арқылы оның көңіл-күйін көтеруге, рухани қолдау көрсетуге тырысқан. Қазақ халқы «Ананың көңілі тыныш болса, баланың да тыныштығы артады» деген қағиданы ұстанып, ананың психологиялық жай-күйі нәрестенің өсіп-жетілуіне ықпал етеді деп есептеген.

Бүгінде психологтар босанғаннан кейінгі күйзелістің алдын алуда отбасының қолдауы аса маңызды екенін айтады. Демек, халқымыздың бұл дәстүрі қазіргі психология ғылымымен де үндеседі.

Қазақ арасында: «Анаға қарап қыз өсер, әкеге қарап ұл өсер», «Ананың ақ сүті – баланың бойына дарыған қасиет», «Ана бір қолымен бесікті, бір



қолымен әлемді тербетеді» деген нақылдардың сақталуы да бекер емес. Бұл мақалдар ананың қоғамдағы орнын ғана емес, ұлт болашағының негізі екенін көрсетеді.

Қалжа дәстүріне байланысты халық арасында ерекше таным қалыптасқан. Соның бірі – қойдың мойын омыртқасын жас ана мүжіп болған соң, оны сындырмай керегеге іліп қою дәстүрі. Бұл ырымның астарында «нәрестенің мойны тез қатайып, өмірі ұзақ болсын» деген ізгі тілектер жатқан. Осындай наным-сенімдер мен ырымдар арқылы халқымыз болашақ ұрпақтың амандығына деген сенімін, ақ тілегі мен ізгі ниетін білдірген.

Қазақстанның әр өңірінде қалжаға қатысты өзіндік ерекшеліктер де кездеседі. Кейбір аймақтарда қалжаға міндетті түрде семіз қой сойылса, енді бір өңірлерде малдың жіліктерін арнайы тәртіппен бөліп, жас анаға ең құнарлы мүшелерін ғана ұсынған. Кей өңірлерде қалжа еті тек босанған анаға арналса, енді бір аймақтарда үлкендер бата беріп, оны бірге бөлісіп жеген. Алайда бұл айырмашылықтар дәстүрдің негізгі мәні мен мазмұнын өзгертпеген. Керісінше, олар қазақ халқының өңірлік мәдениетінің байлығы мен этномәдени алуан түрлілігін айқындай түседі.

Қалжа дәстүрі – қазақ халқындағы «қамқор қоғам» қағидасының жарқын мысалы. Себебі бұл рәсімде тек бір адамның емес, бүкіл әулеттің жауапкершілігі көрінеді. Әже – ақылын айтады, ана – күтім жасайды, әке – отбасының қамын ойлайды, туған-туыс қолдау көрсетеді. Осылайша жаңа өмірдің дүниеге келуі бүкіл әулеттің ортақ қуанышына айналады. Бұл – қазақ қоғамындағы отбасы институтының беріктігін айқындайтын маңызды дәстүрлердің бірі.

Қазіргі кезде қалжа беру дәстүрін сақтап жүрген отбасылар бар, бірақ оны ұмытып бара жатқандар да жоқ емес. Уақыт өзгергенімен, бұл

дәстүрдің мағынасы мәнін жоғалтпауы керек деп ойлаймын. Себебі қалжа – жай ғана қой сою рәсімі емес, ол – анаға деген құрметтің, қамқорлық пен жанашырлықтың айқын көрінісі. Босанған ананың жағдайын жасап, оған физикалық әрі рухани қолдау көрсету – қай кезеңде де өзектілігін жоймаған адамгершілік құндылық.

Жаһандану дәуірінде көптеген халықтар өздерінің ұлттық дәстүрлерін қайта жаңғыртуға ерекше көңіл бөліп отыр. Себебі ұлттың ерекшелігін сақтайтын басты құндылық – оның мәдени мұрасы. Қазақ халқы үшін қалжа дәстүрі де осындай рухани қазыналардың бірі. Оны сақтау дегеніміз – өткенді қайталау емес, ата-бабаның өмірлік тәжірибесін бүгінгі қоғам игілігіне жарату. Анаға құрмет көрсету, жас отбасына жан-жақты қолдау білдіру және жаңа өмірдің басталуын қуанышпен қарсы алу – уақыт пен қоғам өзгергенімен, маңызын жоймайтын жалпыадамзаттық құндылықтар.

«Алып – анадан туады» деген халық даналығы ұлттың болашағы ең алдымен ананың амандығы мен саулығына байланысты екенін білдіреді. Сондықтан дені сау ана – дені сау ұрпақтың кепілі, ал дені сау ұрпақ – мемлекеттің ең басты байлығы. Қалжа дәстүрі осы қағиданы ғасырлар бойы сақтап келген халқымыздың өмірлік тәжірибесі мен даналығының көрінісі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, қалжа – тек ұлттық салт-дәстүр ғана емес, анаға деген құрметтің, отбасы бірлігінің және ұлт саулығына деген қамқорлықтың айқын белгісі.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается традиция «қалжа» как важного элемента казахской культуры, направленного на восстановление здоровья матери после родов, обеспечение полноценного питания и сохранение здоровья новорождённого, отражающего многовековой народный опыт и практические знания.

SUMMARY

The article explores the tradition of kalzha as an essential element of Kazakh culture aimed at restoring the mother`s health after childbirth, ensuring proper nutrition, and preserving the newborn`s health-reflecting centuries of folk wisdom and practical knowledge.

САЗДЫ СЫРЛЫ ӘЛЕМ: QR-КОД АРҚЫЛЫ БАЙЛАНЫС

Лаззат ДИХАНБАЕВА,
«Тұңғыш Президенттің тарихи-мәдени орталығы» КМҚК Ғылыми-зерттеу және экспозициялық көрме бөлімінің басшысы, Қарағанды облысы, Теміртау қаласы

Ұлттық құндылықтар – ел рухының тірегі. Әр ұлттың өзіндік болмысы, дүниетанымы мен рухани байлығы болады. Ұлттық құндылық – белгілі бір ұлттың өзіне тән, ғасырлар бойы қалыптасқан әрі ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын рухани, мәдени және тарихи мұралар. Тұңғыш Президенттің тарихи-мәдени орталығында Ұлттық домбыра күніне орай Теміртау қаласының тұрғыны Павлик Роман Александровичтің «Әуендер сыр шертеді» атты жеке коллекциясының көрмесі ашылды.

Бір гитарадан басталған әуестік бүгінде әлем халықтарының 43 ішекті музыкалық аспабынан құралған құнды коллекцияға айналған. Көрмеге қойылған аспаптардың әрқайсысы – өз халқының бірегей үнін, ұлттық қолөнер ерекшелігін және санғасырлық тәжірибесін паш ететін мәдени мұра.

Коллекциядағы ерекше аспаптардың бірі – дөңгелекті лира. Бұл ішекті-ысқылы музыкалық аспапты Роман Александрович өз қолымен құрастырған. Әр аспаптың өзіндік тарихы мен пайда болу сыры бар. Коллекционер олардың барлығын өз қаражатына сатып алған. Кейбір аспаптарды шетелден арнайы тапсырыспен алдырса, енді бірін жеке адамдардан сатып алған. Оның бұл іске деген қызығушылығы мен құлшынысы ерекше әсер қалдырады. Роман жас кезінен гитара ойнаумен айналысқан, ал коллекция жинауды 29 жасында бастаған.

Көрменің басты ерекшелігі – әлем халықтарының ұлттық нақышын көрсететін ішекті аспаптардың молдығы. Төрде қазақ халқының қос ішекті қара домбырасы ілініп, Ұлы Даланың терең тарихы мен санғасырлық шежіресін сыр еткендей



1-сурет. Көрме көрінісі

әсер береді. Қазақтың ұлттық аспаптары негізінен табиғи материалдардан жасалады. Ағаш, тері, сүйек, қыл сияқты табиғи заттарды пайдалану олардың үніне ерекше табиғилық береді. Сонымен қатар, бұл аспаптар жеңіл, ықшам және көшпелі өмір салтына бейімделген. Олар арқылы халық өз тарихын, сезімін және дүниетанымын жеткізген. Күй өнері осы аспаптармен тығыз байланысты, өйткені күй арқылы сөзсіз әңгіме айту дәстүрі қалыптасқан.

Қазақтың ұлттық музыкалық аспаптары ұлттың жан дүниесін, эстетикалық талғамын және мәдени мұрасын бейнелейтін бірегей құндылық болып табылады. Әр аспаптың өзіндік үні, ерекшелігі және тарихы бар. Олар ғасырлар бойы сақталып, бүгінгі күні де ұлттық мәдениеттің ажырамас бөлігі ретінде өмір сүруде.

Сонымен қатар, көрмеден ғасырлық тарихы бар неаполитандық мандолинаны да көруге болады. Айтуынша, атақты сазгер Шәмші Қалдаяқов мандолинада шебер ойнаған. Тіпті көптеген әндерін осы аспаптың сүйемелдеуімен шығарған деген мәліметтер бар.

Мандолина – ішекті-шертпелі шағын музыкалық аспап. Оның ішектері саусақпен емес, арнайы медиатор арқылы шертіледі. Металл



2-сурет. QR-кодтар арқылы әр аспаптың үнін тыңдау




3-сурет. Коллекционердің Орталыққа тартуы

ішектері анық әрі қысқа дыбыс шығарады. Мандолина алғаш рет XVI ғасырда Италияда пайда болған. Кейін бұл аспап әлемнің түкпір-түкпіріне кеңінен тарады.

Мандолинаның ең көп тараған түрі – скрипкаға ұқсас неаполитандық мандолина. Ал миландық мандолина бес қос ішекті болып келеді. Кейде мандолинаны гитарамен салыстырады, алайда бұл екі аспаптың құрылымы мен дыбыс ерекшеліктерінде айтарлықтай айырмашылық бар. Мандолина жеке орындауда да, ансамбль құрамында да кеңінен қолданылады.

Көрмеден қобыз, скрипка, гитара және басқа да музыкалық аспаптарды тамашалауға болады. Сонымен қатар коллекционердің өзі ойнайтын гитарасы да көпшіліктің қызығушылығын тудырады. Гитара – резонаторлы корпусы мен мойны (грифі) бар ішекті музыкалық аспап. Ол әртүрлі музыкалық бағыттарда сүйемелдеу және жеке орындау құралы ретінде пайдаланылады.

Көрмеге қойылған 43 аспаптың үнін келушілер арнайы QR-кодтар арқылы тыңдай алады. Бұл әр аспаптың өзіндік дыбыстық ерекшелігін, үндік бояуын және қолданылу аясын тереңірек танып-білуге мүмкіндік береді. Осылайша, келушілер ұлттық музыкалық мұрамен жақынырақ танысып, әр аспаптың тарихы мен мәдени маңызын жан-жақты түсіне алады. Осындай заманауи технологияларды қолдану көрмені қызықты әрі танымдық етіп, ұлттық мәдени мұраны жаңа форматта насихаттауға ықпал етеді. Мұндай тәсіл дәстүрлі мәдениет пен инновацияның үйлесімін көрсетіп, көрмені келушілер үшін әсерлі әрі интерактивті етеді.

Жаңа олжалармен толыққан ішекті аспаптар қоры – үнсіз тұрған жәдігерлер жиынтығы ғана емес. Әрбір аспап өз дәуірінің үнін, шеберінің қолтаңбасын, иесінің тағдырын бойына сіңірген асыл мұра. Қасиетті ағаштан жаралған бұл жәдігерлер адам жанымен үндесе отырып, өткеннің үнін бүгінге жеткізеді. Сондықтан коллекцияға қосылған әрбір жаңа қазына музыка өнерінің бай мұрасын танытып қана қоймай, келешек ұрпақтың рухани әлемін байытып, ұлттық мәдени құндылықтардың сабақтастығын сақтауға қызмет етеді.

Дереккөздер тізімі:

1. ТПТМО-ның Instagram, telegram, tiktok, feacebook парақшалары

РЕЗЮМЕ

В статье сообщается, что посетители персональной выставки коллекции, посвященной популяризации национальных ценностей, могут прослушать звучание 43 музыкальных инструментов с помощью специальных QR-кодов. Кроме того, приводится описание некоторых музыкальных инструментов.

SUMMARY

The article reports that visitors to the solo exhibition of the collection, which is dedicated to promoting national values, can listen to the sounds of 43 musical instruments using special QR. Additionally, it provides descriptions of several musical instruments.

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Редакциялық алқа төрағасы:
ӘБДІҒАЛИҰЛЫ Берік – Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі

Редакциялық алқа төрағасының орынбасары:
ИБРАЕВА Ақмарал – Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі

Редакциялық алқа мүшелері:
ӘЛІМБАЙ Нұрсан – Т.ғ.к., профессор, музей саласының ардагері

САРОВ Сержан – Қазақстан Республикасы мемлекеттік орталық музейі

ЖУМАБЕКОВА Гулайым – Ә. Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының өнер музейі

САҒАДИЕВ Ұлан – Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби мемориалдық музей-қорығы

ДАКЕНОВ Ерлан – «Әзірет-Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей -қорығы

АХМЕТЖАНОВ Нұрболат – «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы

БОЛДЫҚОВ Жандос – «Бозоқ» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы

АМИРОВА Сабина – «Ботай» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы

МЕРГЕНБАЙ Нұржан – «Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы

ҚОЙЛЫБАЕВ Әзімхан – «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы

ДАНДЫҒАРАЕВА Бибігүл – «Таңбалы» мемлекеттік тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығы

АМАНГЕЛЬДИЕВ Досалы – «Ордабасы» Ұлттық тарихи-мәдени қорық музейі

ЖАНДОСОВ Айбек – «Отырар» мемлекеттік археологиялық музей-қорығы

ӘБІЛСЕЙІТ Мұқтар – «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы

ОСПАНОВ Ғалым – «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығы

МЫРЗАБЕК Құдайберді – Ақмола облыстық тарихи-өлкетану музейі

ДҮЙСЕНҒАЛИ Мейрам – Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі

КИПИЕВ Мұхамбетқали – Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейі

АБЛАНОВА Эльвира – Ә. Кекілбайұлы атындағы Маңғыстау облыстық тарихи-өлкетану музейі

САФУЛЛИН Жантас – Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі

АЛИАКПАРОВ Арман – Г.Н. Потанин атындағы Павлодар облыстық тарихи-өлкетану музейі

ІЛИЯС Сейітжан – Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейі

АЯЗБАЕВА Рысжан – Жетісу облысы М. Тынышбайұлы атындағы тарихи-өлкетану музейі

НҰРМАҒАНБЕТОВ Ержан – Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейі

МЕНДЕКИНОВА Гүлжан – Қостанай облыстық тарихи-өлкетану музейі

КӨЗЕЙБАЕВ Сапар – Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі

САДЫРБАЕВ Қайрат – Семей қаласының облыстық тарихи-өлкетану музейі

МҰҚЫШЕВА Гүлнәр – Солтүстік Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі

ШУБАЕВ Ерболат – С. Сейфуллин атындағы Жаңаарқа аудандық тарихи-өлкетану музейі

АЙТЫМБЕТ Баян – Түркістан облыстық тарихи-өлкетану музейі

ТӨЛЕУБЕКОВА Эльдар – Шығыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі

Журналдың құрылтайшысы және меншік иесі –
Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің ақпарат комитетінде
16.08.2024 жылы тіркелген. Куәлік №KZ91VPY00099077

***«Музей әлемі»* танымдық журналына жазылыңыздар**
Журнал жылына 4 рет шығады

***Бір жылға жазылу бағасы* – 21 674,08 тг**
***Алты айға жазылу бағасы* – 10 837,04 тг**
***Үш айға жазылу бағасы* – 5 418,52 тг**
***Бір нөмірдің бағасы* – 5 418,52 тг**



Журналдың 2026 жылға арналған газеттер мен
журналдар каталогіндегі индексі – 76244
«Қазпочта» АҚ